Беспрецедентно долгое умолчание темы правления казахских ханов и их истинной роли в евразийской истории прервалось только с началом «перестройки». В 90-е годы XX в. граждански активные и осведомленные ученые, журналисты, общественные деятели стремились сломать создавшиеся стереотипы и издавать частично материалы об Абылай хане. Так, в издательстве «Білім» в 1995 году вышел сборник исторических песен о хане. Любопытный факт, что казахские исследователи включили в сборник часть песен, изданных несколькими годами ранее в КНР («Қазақ киссалары», 1985). В Китае интерес к истории так называемых «малых наций» диктуется демократическими процессами с начала 70-х гг. XX в.

Составителями и редакторами упомянутого выше сборника «Тарихи жырлар», 1 том. «Абылай хан») стали известные учёные филологи, этнографы Заки Ахметов, Рахманкул Бердибай, Серик Кирабаев, Сейит Каскабасов, Акселеу Сейдимбек. Они также делают акцент на внутренней политике хана, нацеленной на внедрение земледелия, землепашства, градостроительства среди подданных. Большое место в опубликованных исторических песнях отведено вкладу хана Абылай в развитие торгово-обменных операций с Россией, Китаем, среднеазиатскими владениями. В результате образ хана обретает гармоничные черты мудрого правителя, стратега, в противовес прежнему, закрепившемуся в русскоязычных источниках стереотипу «двоеданца».

В казахском фольклоре отводится место и отношению Абылай хана к религии, исламскому наследию суфиеv, в частности Ходжа Ахмета Яссаяи. Останки хана Абылай согласно его завещанию погребены на территории знаменитого мавзолея Х.А. Яссаяи в г. Туркестане.

Материалы о хане Абылае нашли отражение на страницах республиканской периодики в журналах «Жұлдыз», «Ақиқат», «Парасат», газетах «Егемен Қазақстан», «Ана тілі» и др. Издаются монографии Р.Сулейменова, Ж. Касымбаева, А. Сейдимбека, публицистические труды Ж. Самрата и др. В целом, современные разработки темы, интерес к эпохе хана Абылай позволяют выразить уверенность в том, что она будет вдохновлять новые поколения исследователей на создание масштабных произведений об одном из неординарных людей Степи, обладавшем масштабным мышлением политика, заглянувшим далеко вперед, но не имевшем возможности увидеть плоды своих усилий при жизни. Трагедия хана Абылай – в неразвитости социальных отношений, враждебности внешнего окружения, разрозненности внутрирегиональных векторов силы, разобщенности казахских родов.

Объективная оценка периода его правления позволяет сделать выводы о том, что именно хан Абылай впервые в Приишмье сумел склонить колониальные российские власти к открытию торгов с казахами Среднего жуза. Им была создана мобильная гвардия, внедрена частичная оседлость и землепашество, на границах с Китаем перенимались методы земледелия. Энергетика geopolитических интересов была им мудро направлена на экономическую конкуренцию, отказ от глобальных межцивилизационных столкновений. Им были учтены богатейшие ресурсы Казахстана, привлекались мастера и умельцы разных кровей, творившие во благо жителей.

Преемственность поколений, «времен связующая нить» видится в реализации «Стратегии развития Казахстана до 2030 года» Главы государства Республики Казахстан Н. Назарбаева, поскольку в этом программном документе на новой высоте поставлена задача достичь достойного места в мировой экономике. Созидательные замыслы казахского правителя XVIII в. заложили основу уверенного старта суверенного Казахстана в XXI веке под руководством первого Президента страны.

Возвращаясь к личности Абылая и его роли в истории Северного Казахстана, очевидно, что многие из его замыслов воплотились в жизнь. Однако, реалии эпохи усиления соперничества держав в Центральной Азии, в Афганистане. Индии, на дальнем Востоке в конце XVIII века расставили иные приоритеты в международных взаимоотношениях, определив колониальный статус для казахских земель, ликвидацию института ханства, уничтожения суда биев, обычного права с навязыванием чуждых структур правления, законодательства, административного деления когда-то целостного, объединенного усилиями Абылая, государства. Была надломлена суть национального самосознания, заключавшегося в однозначном делегировании прав на управление государством и обществом элите «ак сүйек». К слову, именно в эпоху Абылая к управлению были допущены представители «қара сүйек» – способные бии, потомки батыров, делом доказавшие преданность хану и интересам народа. Признаки «степной демократии» указываются в записках иностранных путешественников XVIII –XIX вв. в Сарыарку.

Все это подтверждает народную любовь и признание Сабалака – хана Абылая, его проницательности, умений, заслуг, которые выразились в пророческих словах классика национальной письменной литературы М.О. Ауэзова: «У казахов нет более чтимого предка, более великого человека, чем Абылай хан!». В Петропавловске воссоздана Резиденция хана Абылая «Абылайдың ақ үйі», и это лишь начало реконструкции величественной фигуры правителя с задатками созидателя, стратега, противостоявшего насильственной колонизации и утере государственной идентичности казахов.

ШИМШИКОВ Ж.Е.,
ҚР БФМ-ның Экономика Институтының
Астанадагы филиалының директоры,
профессор

ТӘҮЕЛСІЗДІК РУХЫ – ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК АРҚЫЛЫ ҒАНА КӨТЕРІЛЕДІ

Кез келген тәуелсіздік алған мемлекеттер тарихында бодан елдің тәуелсіз елге айналуының өтпелі кезеңі болады. Бұл кезең отарсыздандыру орысша деколонизация деген атауға ие болған. Осы кезеңде өткен замандағы биліктің нұсқауымен жазылған тарих қайта қаралып, тәуелсіз үлттық билік түрғысынан баға беріліп, соған сәйкес барша қоғамдық салаларда отарсыздандыру іш-шаралары жүзеге асырылады. Отар болған елдің шеккен азабы, онын халқы мен табиғатына келтірілген зардап-залал есептеліп, метрополия болып келген мемлекетке төлемге есеп ұсынылады. Құнделікті тұрмыста, экономикада, әлеуметтік, мәдениет саласында орын алған әділетсіздіктер, кемсіту, қорлау, зорлық-зомбылық көрсету арқылы отар елдің халқының тұрмыста жапа шегіп, моральдық, психологиялық ахуалының шегіншектеуі, орынсыз төл мәдениеті мен ана тілін қор санаудынан, «комплекс неполноценности за все свое национальное» арылту қажет болатыны сөзсіз. Жоғарыда айтқанымызың бәрі – пәлендей дәлел келтіруді қажет етпейтін дүниежүзілік отарлау жүйесінің талқаны шыққан XX ғасырдың екінші жартысындағы жүздеген Африка, Азия және Латин Америкасында тәуелсіздік алған елдердің өткен тарихи жолы.

Біздін қазақ елі жоғарыдағы отарлау дәуірін Ресей империясының құрамында 2 ғасырға жуық бодандықта өткізгені белгілі. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Лениндік үлттық саясат пен Алаш Орда зиялыштарының жан кешті құресінің нәтижесінде формалды, сырт пішінді, декларативті одақтас республика дәре-жесіне көтеріліп, әжептәуір етек-жең жинағандай болғанымен, Сталиндік тотаритарлық жүйе, Голощекин қырғыны, Хрущев коқан-лоқылығы мен тың игеру зардаптары, Брежnevтік «халықтар достастығы зертханасы» сияқты неше түрлі азапты кезеңді бастан кешіруге мәжбүр болды.

Сондықтан Кенес Одағы ыдырап, одақтас республикалардың енші бөлісуі – Қазақ Республикасы үшін бодандық азаптан

құтылып, шынайы тәуелсіздікке қол жеткізумен пара-пар болғандықтан еліміз, жекелеген азаматтарымыз өз еркіндігі мен бостандығын сезініп, саналы әрекет жасап, өмір сүруі үшін бізге де отарсыздандыру кезеңі аудай қажет еді. Өкінішке орай, өр түрлі жағдайлармен, ішкі, сыртқы қатерлерді бетке ұстап, бүгінгі билік отарсыздандыру іс-шараларын мәдени, рухани салада жариялы түрде жүргізуден қашқақтауда.

Әрине, ұлттық мемлекет негізі жасалды, билік жүйесі құрылды, дүние жүзіне танылып, мойындау үшін де қыруар жұмыс істелгенін мойындау керек. Алайда жекелеген азаматтардың ой санасында, жүзеге асырылып жатқан іс-шаралардың мән-мазмұнын түсіну, ұлттық құндылықтарды қажетсіну, оны бар болмысымен қабылдап, ұлтжандылықпен ұлы өзгерістерді енгізуге саналы араласу, төл ісіндей қабылдап, ыждағатты әрекет ету орын алып отырған жок.

Ақпараттық жүйеде Ресей идеологиясы үстемдік етіп отыр. Мектептері оқулықтар түбебейлі өзгеріске ұшыраған жок. Тарих оқулықтарының мазмұны бұрынғы сарында. Көптеген қарапайым адамдар нарыққа өтуді ғана өзгеріс деп қабылдағанымен ұлттық үрдістен еш хабары жок. Құнделікті өзара қатынастары бұрынғыша орыс тілінде, ойлауы да, сана сезімі де, ділі де ешбір өзгеріске ұшыраған жок. Сондықтан елімізде енжар, жігерсіз, өмірге үмтілісі сылбыр, қайратсыз үрпақ өсіп келеді. Олардың ұлттық сана-сезімі, намысы оянбаған, ата бабаларының өткені мен кеткені, тар жол тайғақ кешуге толы өмірі, әттегене-айлары мен ала алмай кеткен өші қаперінде жок. Тұтынушылық психологияның үстемдігі оларды адами, саналы өмір құндылықтарынан алыстатып, бұрынғы өз ұлт құндылықтарын кемсіну психологиясын тудыруда. Бұл үрдістік бағытқа тоқсауыл қоятын мезгіл жетті.

Ұлттық идеология қабылданып, рухани сілкініс жасап, тарихымыздың ақиқатын, ашы шындығын барша халықтың санасына жетерліктеі етіп жариялад, еліміздің болашағына саналы, белсенді араласып, өз елінің уайым-қайғысын өзінің жан қайғысымен тең көретін жас үрпақ тәрбиелейтін кез келді. «Тарихпен бірге жаппай идеяны өлтіре алмайтын болсак, онда тарихты өліру керек», – деген екен орыстың ойшылы Федотов. Ендеше ұлттық идеяны жандандыру халықтың шын тарихын көтермесе мүмкін емес. «Откенге тапаншадан оқ атсан, болашақ саған зенбіректен жарылғышты қардай боратады», – деген еді армян патриоты Тер-

Петросян. Сондықтан ешбір өсірелемей, бояуын қоюлатпай, нақты, бұлтартпас архив, баспа деректеріне сүйене отырып, өткен тарихымызды саралау кажет. Бұғінгі «Солтүстік Қазақстан: өнір тарихы, тұлғалар тағдыры» атты конференцияның кезек күттірмес өзектілігін мен өз басым осылайша бағалаған болар едім.

Осы конференцияға Ақмола облысының тумасы болғандықтан Есіл өнірі, Атбасар, Ақмола, Ерментау, Қорғалжын аймақтары тарихынан, оның кешегісі мен орындалар міндеттер жайында баяндама жасамақ ойым бар.

Біздің өнір тарихын зерттеп, тірнектеп жинап, құрастырып 5 кітап қылып жарыққа шығарған ардакты, бұғінгі күні марқұм болған, абзal апамыз Клара Әмірқызы болатын. Өзі Атбасар маңынан, менің өкемнің мектептегі оқушысы, бар ересек өмірін өлкетанушылыққа арнап, Атасар аудандық, Ақмола облыстық мұражайларында қызмет етті. Ол кісінің қаламынан шыққан келесі кітаптарда Есіл өнірінің өткені мен өкініші толық көрініс тапты. Олар – «Ауылым атамекенім» (1993 ж.), «Аза тұтар ардағымыз» (1994 ж.), «Қыйылған ғұмырлар» (1997 ж.), «Атақоныс ақиқаты» (2001 ж.), «Атақоныс аманаты» (2002 ж.), деген атпен жарық көрген кітаптар.

Әкінішке орай, осы кітаптар таралымы 500, 1000 дана ғана көлемде болып, орыс тіліне аударылып шықпағандықтан күйben тіршілік қарбаласымен нарық қуған қөшшіліктің назарынан, өсіресе, облыс мектептерінің оқушы, мұғалімдері мен орта, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының назарынан тыс қалып отыр.

Өлкетанушы апамыз Клара Әмірқызының «Атақоныс ақиқаты» кітабында бодандау кезеңінде біздің өнірді зерттеп, терен талдау жасаған ғалымдар А.Н. Седельников, А.Н. Бекейханов, С.Д. Чадовтар объективті түрғыдан сол кездің шындығын ашып жазғанын атап өтіп, олардың зерттеулерінің нәтижесі көп томдық «Россия» географиялық энциклопедиялық жинағының «Киргизский край» деп аталатын 18-томында жарияланғанын баяндайды.

Осы құнды зерттеу кітабының шұбаланқы, толық атын да келтіреді. «Россия: полное географическое описание нашего Отечества. Настольная книга для русских людей, под редакцией В.П. Семенова и под общим руководством П.П. Семенова, вице-председателя Императорского Русского Географического Общества и Акад. В.И. Ламанского, Председателя Отделения этно-

графии императорского Русского Географического Общества. Составители: А.Н. Седельников, Л.П. Осипова, А.Н. Букейханов, С.Д. Чадов, Н.А. Бородин, Т.П. Белоногов, В.П. Семенов, П.Н. Столпянский. Санкт-Петербург. Издание А.Ф. Деврина – 1903 г.». Міне, осы тарихи аса бағалы кітапта Ресей империясының Қазақстанды отарлауы, жайлы былай делінген: «В колонизации края русскими можно различать два момента: появление здесь вольных колонизаторов и движение по следам их правительственные дружины. Вольная колонизация создалась появлением крестьян, преступников, сектантов и разного сброва, бежавших сюда от тяжелых условий тогдашней жизни или ради легкого способа наживы от беззащитных инородцев, – [1]» делінген осы кітаптың 184-беттерінде.

Біздің өнірді Ресей империясының отарлауы оның құрамына Қазақстан қосылғаннан кейінгі жүз жылдан соң 1830 жылы Орта жүз қазактарының Ресей империясына бодандығын жаппай мойындауынан бастау алады деп пайымдауға болады.

1910 жылы Омбыдан шықкан сол тұстағы Ақмола облысын шолу кітабында Орталық Қазақстанды бодандау (Орта жүз елі мен жерін анық айтқан) XIX ғасырдың екінші жартысынан басталғаны анық жазылыпты. Онда негізгі дайындыкты 1752 жылы қазақ елінің шетіне Петропавл корғанын салудан бастап, Омбы мен Орынбор арасын бірнеше әскери бекіністер тұрғызумен жалғап алғандары айтылады. Әскерін орналастырып, мықтап орнығып, қоршап алғаннан кейін: «Под охраною этой укрепленной линии русские постепенно углубились внутрь киргизской степи, где и занимали наиболее удобные места», – дейді. 1824 жылы Көкшетау, 1832 жылы Ақмола, 1839 жылы Атбасар жерлерін дуанға бөлгені де осы кітапқа жазылған. «Для образования степных поселений, в 1849–1850 гг. были вызваны малороссийские казаки и крестьяне Оренбургской и Саратовской губерний, в том числе 37852 д., которые, водворившись на лучших земледельческих участках Kokchetavskogo уезда, образовали здесь богатые и многолюдные станицы и положили тем основание для колонизации киргизской степи. В Акмолинском же и Атбасарском у. у. в то время были образованы только две казачьи станицы». («Обзор Акмолинской области за 1897 год» 1899, стр. 7) [2]

Алайда бұл дәуір дайындық кезеңі болатын. Шын мәніндегі жаппай отарлау, орыс, малоросс, неміс мұжықтарын жаппай көшіріп, қазақ дуандарының ауылдары мен шұрайлы жерлерін

тартып алып немесе кесіп қысқартып, оларға үлестіріп елді мекендер салу – Ресей империясындағы крепостниктік правоны жою реформасының жүзеге асырылған 1861–63-жылдардан кейінгі кезең 1870 жылдардан басталады.

Әуелде әр жерден жеткен ұзын құлақ хабармен переселендер шұбырып келіп қоныстанып, поселкелер, кенттер сала бастаса, ал 1870 жылдардан кейін мұндай көшу-кону патша үкіметінің тікелей басқаруымен, бағыттауымен жүзеге асқан. Мысалы, Балқашын болысына қараған 6 қоныс Балкашин – 1878 жылы, Петровское – 1878 жылы, Максимовская – 1890, Василевское – (Сосоновское) – 1896 жылы, Владимировское – 1878 жылы, Каменское – 1890 жылдары салынған.

Осылайша жоғарыда аталған К. Әміркызының кітабында тек Ақмола облысында 734 елді мекендер орысша атауға ие болып, онын 3-4%-ы ғана байырғы атауымен аталатыны айтылып қана қоймай, олардың көшілігінің қай қазақ ауылына ірге тепкені, деректерге сүйене жіктеліп көрсетіледі. Бос жатқан даланың болағанын айқын дәлелдей келіп, жүздеген ауылдың байырғы атаулары мен оны қоныстанған қазактардың руы, саны, мал саны мұрағаттарға сүйене отырып көрсетілген. Сондықтан тарихи әділеттілік пен тәуелсіздігімізді нығайта түсү үшін елді мекендердің байырғы атауларын қайтаруды жолға қою керек. Әр ауданда анамастикалық комиссия құрылып, кітапта көрсетілген аталған елді мекендердің байырғы атауын қайтару шараларын іске асрыру қажет.

Бір ғана мысал келтірейік. Балкашино селосын алсак, Балкашин кім? Николай Балкашин Патша ағзамның чиновнигі Ақмола, Семей облыстарын аралап, босататын жерлерді байқап келгеннен кейін «Отчет чиновника особых поручений» дегенді жазған ол Омбы қаласы мұрағат қоймасының № 3 қор 20 беттік хаттамада. Оның қазақ жерін қорыған Мұса Шармановқа: «керек болса Баянауылынды тартып алуға орыс империясының 50 солдаты жетеді», – дегені бар екен. [3]

Н. Балкашин 1888 жылы 12 қазанда қайтыс болып, Жаркентте жерленген. Ал 1896 жылы жүргізілген Шербина экспедициясының деректеріне қарағанда, жағасына Балкашин кенті орнықкан өзен атауы – «Жабай» деген кісі атынан шыққаны айтылыпты. Бұл – арауыл руынан шыққан Жабай ауылының іргесі екені анық.

Сонымен катар сол кездегі табиғат байлығына да мән беріп, бүгінгі өуелі отарлау, кейінгі тың игеру кезіндегі өрескел табиғат зандарын бұзудың кесірінен жер бетінен жойылған өзен, көлдердің атауын атап, түгендереп берген. Мәселен, түренделмеген далада жауын-шашын, еріген қар суы жерге бірден сіңіп кетпейді, сай-саланы қуып отырып, өзеншелерге, олар өзендерге, өзендер көлдерге құятын болған. Мұнымен бірге өзендердің бастауында ғана емес өн бойында көптеген кішігірім көлдердің түбінен бұлак көздері ұрып тұрған. Тың игеру кезінде жаппай жыртылған жерге су сіңіп кетер болса, онымен қоса су тасығанда бос топырак, лай өзен көлдің бұлак көздерін бітеп кеткен.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында жырланатын сексен көлден бүгін қырық көл қалды, олардың өзі суалуға жақын деген сауал әр жерде айтылып жүр. Бұның ақықатын, атын түтеп, затын анықтап айтқан ешкімді біле қоймаппаз. Ал К. Әмірқызы, бұрын Малиновка деп аталған АЛЖИР орналасқан, қазір Ақмол деп аталған Целиноград ауданының орталығының қасындағы Қосқопа көлінің ауданы 70,3 км² болғанын, ол қазір көзге ілінбес шалшық қана екенін. Астанадан Атбасарға қарай 100 шақырымдай жердегі Семеновқадан 4 шақырым жерде «Мұртық» көлі сол кездегі (1909 ж.) терендігі 2-3 аршын, ұзындығы 3,5 шақырым, ені 1-1,2 шақырым көл болғанын. [4] Есіл өзенінің суы мөлдір, жыл сайын тасып жайылғанда 7 шақырымға дейін жайылып, телегей теңіз болып, жаз ортасында үзілетін жұздеген қара сулардың (старица) денгейін толтырып тұрғанын өз кітабында баяндап берді.

XIX ғасырдың аяғында Жалтыркөлге Байғара Отбайұлы 16 табан балық жіберіп өсіргені жайлы мәлімет те бар. Колутон өзенінің сол кездегі терендігі 1,5–9 аршын (1 аршын – 0,75м.) болған екен. [5]

XX ғасырдың басында Атбасар ауданында 24 көл тіркелгенін аудандық зоология бөлімінің мәліметінен келтірғен. Олар Елтоқ, Қорпеш, Қарабидайық, Әупілдек, Құбі, Жарқөл, Шұнқыр – Көл, Асанқожа көлі т.б. [6]

Корыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі тарапынан, гидро-геологиялық экспедиция шығарып, өзен, көлдерді түгендереп, олардың суалу себептерін анықтап, қалпына келтіру жолдарын іздестіріп, сонымен катар табиғатка келтірілген зиянды өсерінің дәрежесін есепке алатын кез келді.

Атбасар жайында бірер сөз. Қаланың атауы алғаш рет 1428 жылғы жазба деректе және Санкт-Петербургте шыққан «Брокгауз» энциклопедиясында айтылады. Соған қарағанда таяуда тойланған Атбасар қаласының 150 жылдығы ак патшаның салдырыған бекінісінің ғұмыры болса керек. Ал Атбасар мекенінің одан бұрынғы тарихы өз зерттеушілерін тосуда. Атбасар қаласында Қазақстандағы тұңғыш 1915 жылы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» пьесасы қойылған. «Атбасар – Тыңның нак орталығы» (Л. И. Брежнев) да болып, көзір жүдеп-жадап күй кешіп отыр. Жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі жалпы халқының 20%-ы ғана құрайтын қалада 1 ғана қазақ мектебі бар.

Бұрынғы ауылдар мен болыстарды жан санымен, ру атауымен, мал басымен, тізіп келіп: «Осынша халық ешбір өсім бермей қайда жоғалған!» – деп қайран қалады өлкетанушы К.Әмірқызы. Ендеше сол кездегі Щербина экспедициясы, Ресей империясының санағы бар, кейінгі Кенес Одағының халық санағы деректерін зерттеп: қайда, қанша адам өмір сүріп, дүниеден неге ғайып болғанын тексерер кез келді. Өйткені кешегі отаршыл казактар мен переселен мұжықтардың үрпақтары: «Бұл жерде біз талайдан тұрып келеміз, қазақтар мекен етіп көрмеген», – дегенді айтуда. Сондықтан зерттеу жүргізіп, олардың нәтижесін кең жарияладап, шындықты шырылдатар уақыт жетті.

Атбасар, Ақмола өніріндегі белгілі болған тұлғалар С.Сейфуллин, Ә. Майкутов, I. Есенберлин, Ә. Шарипов деп барып токтауды да қою керек. «Шекпенділер» келіп, 1890 жылы шыққан Император үкіміне байланысты шұрайлы жерлер тартылып алышып, қазақ тықсырылып, «резервациялар»: Ұрғыз, Торғай, Бетпақ далаға ығыстырылған шақта, өз қандастары үшін билікте жүріп күресе алған **алпауыт қазақ шонжарларының** он бағасын беретін кез келді.

Қазақ сазгер күйшісі Тәттімбет Қазанғапұлының «Бес төре» күйі сол тұста қарадан шығып хан аталған аға сұлтандар: Жайықбаев Үбырай, Шорманов Мұса, Сандыбаев Ерден, Өскембаев Құнанбай, Еstemесов Есекейлерге арналған десек, соның алғашкы үшеуі біздің өнірден.

Жайықбаев Үбырай Ақмола дуанының Қонырқұлжадан кейінгі аға сұлтаны болып Кенесары-Наурызбай бастаған ұтазаттық көтерілісінен кейін күйзелген елді жаңаша басқару жолдарын іздестірген. Әлсіреген елді көтеріліске шақырмай, оларды отырықшылыққа, қала салуға бағыттап, онда мешіт, медресе

ашып, кейінгі үрпакты білім арқылы тәрбиелеудің алғашқы нұсқаларын жүзеге асыра бастаған. Мысал үшін, Омбы мемлекеттік мұрағатының 3-кор, 4 тізім, 6055-бума I-п-дан алынған Батыс Сібір генерал-губернаторына өскери губернатор Ақмола дуанының аға сұлтаны майор Ибрагим Джайықпаевтың 15 үйден тұратын село, мешіт пен медресе салуға берген өтініші жайлы айтылады. [7]

Қазақтың ішіндегі қаракұлан Қошқарбай батырдың үрпағы болатын Ұбырай Жайықбаев арнайы зерттеуді қажет ететін ірі тарихи тұлға, мемлекет қайраткері.

Қуандыктан тарайтын Алтай руынан шыққан Аққошқар бидін де біздің өнірде атқарған рөлі зор болған. Аққошқар Кішкентаев атанған ол, Атбасар дуанының аға сұлтаны Абылай тұқымы Көшек Жадаевтың тұсында хорунжий шеніндегі дуан заседателі болған, байлығы талай қандастарын аштықтан құтқаруға, талай жетім-жесірге қорған болуға жұмсалған, аты аңызда қалған тарихи тұлға. Фотограф Кесселер тұсірген қазақтың атақты төрт шонжарының фотосындағы Аққошқар Кішкентаев та өз зерттеушілерін құткен, өз кезеңінін қоғам қайраткері.

Сандыбаев Ерден Атбасар дуанының аға сұлтаны болған. Кезінде Шоқан Уәлихановпен таласта 14 дауыс алса да, (Шоқан 25 дауыс) жеңіп шыққан, сондықтан да Кенес кезінде де, бертінде де пара беруші мен шен, шекпен киуші деп, бағаланып келді. Алайда, хорунжий Ерден Сандыбаев патша үкіметіне онша қолайлы болмаған. [8] Аталған сайлаудан 6 жыл бұрын болған уақыға жайлы Н. Коншин деген 1881 жылы Омбыда жарық көрген «Материалы для истории казахского народа» деген кітабында оның қоқандықтармен соғыста жасаған ерлігін жазған екен. [9]

Сонымен катар Бас штабының офицері М. Красовскийдің «Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов» атты кітабында былай деп жазылыпты: «Оба дома стоят на левом берегу реки Кара Кенгир: один (Сандыбаева) верстах в 4-х южнее могилы Джансейт, другой — у самого устя впадающей в Кенгир речки Караганды. Здесь живет Ирден с первою женой. Дом сложен из дикого камня, стены 4-х комнат оштукатурены, оклеены обоями, в окнах рамы со стеклами, при дворе есть баня, хорошие крытые загоны и проч... Немного южнее только что описанного дома виднеется почти совершенно такой же дом 2-ой жены Ирдена... Во время пребывания в кочевьях Атбасарского округа, в 1862 году, нам пришлось насчитать

в одном кара-кенгирском бассейне, по крайней мере, 100 казахских домов, сложенных из дикого камня или землебитного кирпича». [10]

Бұл дерек қазактар жабайы өмір сүрді деген пікірдің қаншалыкты жаңсақ екенін және Сандыбаев Ерденнің озық ойы мен мәдени көзқарасын сипаттайды, оның өз заманының көрнекті қоғам қайраткері екенін дәлелдейді.

Келесі тұлға: Жанбаев Есет XIX ғасырдың басында «Алексей» (бұрын Атбасар) болысының әкімі болған. 1916 жылғы ұт-азаттық көтерілісі кезінде тізімге ілінгендер пышақ салып, елде «Есет жарылған» жыл аталаған, оқиға 1916 жыл құжаттар жинағына кіріп, ол кісі жайында керағар пікір туындаған. Кезінде ел ішінде қарялар Есет жайлы он пікірде болатын. Жарлыларға қарасып, қазактарды орыс билігінен қызығыштай қорығаны көп айттылады. Алайда ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздер мен әңгімелерге тиек болғанымен әлі де мұрағаттардан зерттеуді талап ететін тұлға.

Біздің өнірдің мақтан етуге тұрап тұлғаларының бірі – Баймұхамед Қосшығұлов. Қазактан шығып кезінде ірі капиталист болған Байкөп Алтай руының Алысай тармағына жатады. Ол өз туыстарымен бірлесе отырып, бірнеше сауда орталықтарын, конфет фабрикасын иемденген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Германия автомобиль зауытымен келісімшартқа отырып, Солтүстік Қазақстанға женіл автомобильдер сатқан және өздері де мінген. Ағайындарымен бірлесіп, Ақмолада автомобиль зауытын ашуға оқталады. Өкінішке орай бұл жоспарын жүзеге асыруына 1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс кедері болған. Қосшығұловтар салған мешіт, медресе, дүкендер бертінге дейін халыққа қызмет етті. Өзі жетім өсіп көтерілген Байкөп Қосшығұлов қайырымдылығымен кешегі ақсакалдардың жылы әңгімелеріне тиек болды. Нарықтық экономика жағдайында Байкөп Қосшығұлов пен оның ағайын, балаларының жетістігі зерттеліп, зерделеніп, бүгінгілерге үлгі боларлық нәтиже ретінде насиҳатталынуы өте қажет екені айтпасада түсінкті.

Қосшығұловтар жайлы олардың тікелей үрпақтарының бірі Ерлан Құзекбай «Инфо-Цес» газетінде жарияланған мақаласынан үзінділер келтіреміз.

«Все мы знаем, какой иезуитской перелицовке подверглась история Казахской степи. В угоду интересам царского самодержавия, а затем тоталитарного режима нам навязали историю без

лиц и имен. Историю безграмотных и полудиких кочевников, годных разве что на то, чтобы пасти скот.

Достаточно в этой связи сказать, что ни в одном советском учебнике по казахской истории не было даже упоминания о том, что на рубеже 19–20-го веков на казахской земле уже появились первые ростки рыночной экономики, первые казахские капиталисты...

...Согласно некоторым архивным данным, сын рода Аргын-Алтай родился в 1848 году в ауле Келтетал Жанааркинского района Карагандинской области. В народе его называли Байкопом или Майкопом, имея в виду его богатство...

...В рассматриваемый период торгово-экономические отношения Кощегуловых были тесно связаны с Россией, Западной Европой и Средней Азией. С учетом стабильного роста купеческой деятельности Байкопа в 1906 году ему присвоен чин купца 2-ой гильдии. А уже через пять лет, в 1911-ом году, он стал купцом 1-ой гильдии...

...О купце 1-ой гильдии Б. Кощегулове регулярно публиковалась информация в «Сибирском торгово-промышленном ежегоднике», выпускавшемся в Санкт-Петербурге. В одном из номеров этого издания за 1913 год перечислены направления коммерческой деятельности Байкопа. Это: бакалейные и хозяйственные товары, керосин, нефть, москательные товары, посуда, чай и сахар, кондитерские изделия и др.

Аналогичная информация имеется и в других справочниках, таких как «Торгово-промышленный путеводитель и адрес-календарь Акмолинской области» (г. Омск, 1911 г.), «Сибирский торгово-промышленный и справочный календарь 1894–1907 гг.» (г. Томск).

Но все же основная предпринимательская деятельность Б. Кощегулова осуществлялась в г. Акмоле. Здесь он за свой счет построил несколько домов, фабрик, магазинов и ресторанов, 2 мечети. Открыл медресе...

...В памяти старожилов Астаны наверняка остались воспоминания о кондитерской фабрике Кощегуловых – большом двухэтажном здании, располагавшемся на том же месте, где сейчас находится «Дом быта» и памятник Абаю. В советское время до 1973 года это здание занимали типография и редакции областных газет...

...В качестве членов акционерного общества, созданного в 1913 году русскими и зарубежными капиталистами, Кощегуловы приняли участие в реализации генерального плана Министерства железных дорог Российской Федерации. По этому плану через Акмолу должны были пройти железнодорожные пути по направлениям Тюмень–Акмолинск–Ташкент и Орск–Акмолинск–Семипалатинск. Кощегуловы вложили в этот проект крупные средства. Шла работа, но железнодорожная дорога до Акмолинска так и не дошла. Изменился расклад событий. Началась октябрьская революция. Только в середине 1920-х годов строительство железнодорожной ветки возобновилось...

...Баймухамбет Кощегулов умер внезапно. От холеры в 1916 году. Ему было 68 лет. Он захоронен на старом кладбище города...

...В продвижении на европейский рынок Баймухамбету помог его старший сын – Курмангали.

Курмангали Баймухамбетович Кощегулов родился в 1876 (а по некоторым данным в 1878-ом) году. Он учился в местном медресе и окончил семинарию. Потом поступил в Санкт-Петербургский учетно-кооперативный институт. Закончил его по специальности экономист торговли, оказавшись в начале 1900-х гг. в числе первых казахов с высшим экономическим образованием...

Еще когда Курмангали учился в Санкт-Петербурге, в этом городе появились первые автомобили. Параллельно открылись водительские курсы, где Курмангали обучился навыкам вождения. В те же годы прошли первые соревнования по автомобильным гонкам. В одном из таких турниров принял участие Курмангали. Он занял первое место, а в качестве приза получил автомобиль.

В начале 1900-х годов этот автомобиль, пожалуй, первый в Казахской степи, уже колесил по дорогам Акмолы.

Чудо-техника вызвала большой интерес среди акмолинских купцов. Со всех сторон посыпались заказы. С этого времени Курмангали занялся поставкой автомобилей для денежных тузов Акмолы. Первые авто были проданы фотографу К. Шахову и городскому мэру, купцу Кубрину...

...В действительности же они приобрели автомобили у Курмангали, в том числе его собственный, на котором он вернулся домой из Санкт-Петербурга.

Курмангали предвидел перспективы автомобилестроения. Он разработал масштабный план по строительству автомобиле-

строительного завода в г. Акмоле. И в 1913 году заключил соответствующий контракт с Германией.

Надо сказать, что на момент заключения контракта в Акмолинском уезде уже работали совместные предприятия. Например, в Атбасаре были представлены знаменитые немецкие компании «Зингер», «Саламандра», «Якорь», в уставных капиталах которых имелась также доля К. Кощегурова.

После подписания контракта в том же, 1913-ом, году из Германии приехали несколько немецких инженеров-конструкторов, которые незамедлительно приступили к строительству автозавода.

«Немцы привезли с собой огромное количество чертежей автозавода и автомобиля, по виду напоминавших невероятных размеров книгу весом около 30–40 кг. Длина этого талмуда составляла примерно 1,5 метра, ширина около 1 метра, толщина – более 30 см. Чертежи лежали на большом столе в гостиной нашего дома» – воспоминал как-то Бекмухамбет Кощегулов.

Однако строительство завода по объективным причинам сорвалось. В 1914 году конфликт между Россией и Германией перерос в затяжную войну, получившую впоследствии название первой мировой. Потом грянула октябрьская революция, прошла гражданская война, установилась советская власть.

Пока шел процесс советизации, в Казахской степи появилась оппозиционная партия «Алаш Орда». Курмангали Кощегулов стал основным ее спонсором, щедро финансируя практически все партийные мероприятия. «Лидеры «Алаш Орды» часто приезжали к нам. С Курмангали они долго беседовали о жизни в новых условиях. Со стороны Курмангали алашордынцам была оказана финансовая и материальная поддержка. Даже я сам помогал считать деньги и оформлять документы» – рассказывал Бекмухамбет Кощегулов...

...Судьба отвернулась от Курмангали. В 1954 году казахский капиталист умер в полной безвестности в г. Шымкенте.

У Курмангали был сын Хасен. В 1920 году его как «байского сына» осудили на долгие годы. Во время войны больного и разбитого его освободили из тюрьмы. На следующий день после возвращения в отчий дом Хасен скончался...» [11]

Казак әдебиетінің айтыс жанры мен алғашқы музыка өнерінің ең мол сақталып бізге жеткен XIX ғасыр айтыстары мен музыкасы болса, сол классикалық айтыстары мен әндерді жасау-

шы өкілдер майталмандарының бірі – Құлтума Өтемісұлы (1828–1911 жж.). Өз заманында сұрыпсалма ақын, сазгер, әрі әнші – Құлтума Өтемісұлы өзінің туып-өсіп, кіндік қаны тамған Қорғалжын – Ақмола – Атбасар өнірінде ғана емес, Ақтөбе, Сыр елінде, Орынбор, Қызылжар, Троицк, Кереку қалаларында да өнер көреткен. Кезінде Қаз ССР ағарту министрлігінің бекітуімен мектеп оқулықтары мен христоматиясы және әдебиет тарихына енген бабамыз өнер тарландары Біржан сал Қожамқұлұлымен, Ақансері Қорамсаұлымен, үкілі Ұбырайлармен араласып тығыз катынаста болған. Ол ілгерідегі аталмыш XIX ғасырын 2-ші жартысындағы жыр, музика, санлақтарымен бірге қазақ өнерінің бастау басында болғанын анғарамыз.

Кенес дәуірінде талай өлеңі «қолды болып» тұстас, кенірек аты жайылған ақындарға әділетсіз телініп келген әдебиет пен өнер алыбының 150 жылдығы, кейінгі 180 жылдығы да елеусіз қалды. Ен болмаса әдебетшілер жиылып бір ғылыми конференция да өткізе алмады. Ұрапқтары мен рулас жерлестері жиналып мolasына ескерткіш қойып, туған және қайтқан жылдарын анықтап көрсетіп, белгілі қазақ-совет ақыны Мұзафар Әлімбаевтың өлеңінен мына бір жолдарды келтіріпті:

Құландаі құйқылжыған құйын ақын
Құлтума – жүйрік ақын, қын ақын.
Төбесі қорінгеннен құдіреттің
Халайық қаптай дүмел жиылатын.
Карық қып ағыл-тегіл өлеңіне
Өзендей таудан құлап құйылатын
Шабыты шамышырактай дінкелетсе,
Қылышпен шарт кескендей тыйылатын.
Лебізін естігенде Арқалының
«Пірім», – деп жас таланттар сыйынатын.

Ақмола өнірінен үлтym деп намысқа шауып, жері мен сұын ортақтасып, өзін бұратана деушілерге **ашық** қарсы тұрып күрескен, жазаға тартылып жер аударылған белгілі ақын, сазгер әнші Иманжұсіп Құтпанұл. Оның өз өлендерінде де, ел арасындағы аныз әңгімелерде де жеке батырлықпен ұстаса кетіп «шекпен-ділерге» жендірмегені айтывады. Алайда осы түрғыдан нақты зерттеулер, мұрағаттардан деректер әлі де жеткіліксіз.

Сонымен қатар қысқа қайырып айттар болсақ. Кенесары –

Наурызбай көтерлісінің жай-жапсары, оның батырлары мен құрбандары жайлы әлі де толық мәлімет бар дей ала алмаймыз.

1916 жылғы Ұлт Азаттық көтерлісін торғайлық Амангелді Имановпен суреттеуді қоятын мезгіл келді. Солтүстік Қазақстанда Сәбит Мұқанов «Ботагөз» романында көрсеткен Амантай көтерлісі, Қорғалжында 50 мындаі адам бірігіп, оларға неміс колонистері (Рождественка сияқты поселкелерден) мылтық, оқ-дәрі, акша, ат жинап бергені жайлы Омбы мұрағатының деректері бар.

Аkkөл, Шортанды, Ерментау өнірінде де үйымдасқан топ болғаны, оларға қарсы жазалаушы отрядтың басшысы генерал Алексеев болғаны да белгілі. Кейінде жазалаушының есімін Аккөл қаласына беріп, қала Алексеевка болып атанған еді. Бертінде аты қайтарылды.

Голощекин үйымдастырған аштық қырғынының да көптеген анықталмаған тұстары баршылық. Тың игерудің зардаптары әлі де толық өз бағасын алған жок.

Кезінде 1987 жылдың қантарында КОКП Саяси бюросының «Қазақ үлтшылдығы» жайлы Қаулысында М.С. Горбачев: «Алматыдағы Желтоқсан көтерлісінің репетициясы», – деп атаған қазақ жерінің тұтастығы үшін үйымдасқан түрде қылышынан қан тамған КОКП-ға қарсы Ақмола (ол кезде Целиноград қаласында) 1979 жылдың 16-19 маусымындағы ереуілдердің батырлары да өз бағасын алған жок.

1979 жылғы 16-19 маусым күндерінде Целиноград қаласының Ленин атындағы Орталық аланында неміс автономиясын құруға қарсы мындаған адам қатысқан студент жастардың акциясы болып өтті. Оған 1979 жылғы 31 мамырдағы Мәскеудегі Саяси Бюроның Қазақстанда неміс автономиясын құру туралы қабылданған Қаулысы тұрткі болды. 16 маусымда Ленин атындағы аланда облыстық көсіптік техникалық училишелерінің мереңесі өтуге тиіс болатын. Соған арнайы сахна дайындалып, микрофондар қойылған. Аланға шыққан жастар соны пайдаланды. Сағат 10.00.-де митингі өтті. Содан соң жастар колоннасы Бейбітшілік көшесімен вокзалға дейін барды. 17-18 маусымда Педагогикалық институттың жатақханасында көптеген листовкалар дайындалып, олар қөшелерге ілініп, «Целинсельмаш» зауытының жұмысшыларына, вокзал арқылы тоқтаған поездарға таратылыпты. 19 маусымда студенттер мен жұмысшы жастар қазіргі «Интерконтиненталь» қонақ үйі орнындағы шағын аланға жиналышты. Обкомның екінші хатшысы З. Шайдаров, атқару комитетінің

төрағасы А. Жолмұхаметов жастарды кәсіподактар үйінің мәжіліс залына кіруге үгіттеген. Аланды әскер машиналары және автобустармен қоршапты. Жастар үгіттеуге қөнбей, машиналарды сырып тастап, алаңға келеді. Осы жерде жастарға «Целинельмаштың» мындаған жұмысшылары қосылады.

Сағат 12.00-де Н. Морозов шығып, жана ғана Д. Қонаевпен сөйлескенін, неміс автономиясын құру жөніндегі Саяси Бюро шешімінің өзгертілгенін жеткізеді. Бейбіт жиын у-шусыз тарайды.

Содан кейін қудалау жұмыстары басталады. Біраз студенттер оқудан шығарылады.

Сол кездегі облыстық партия комитетінің жаршысы «Коммунизм нұры» газетінің тілшісі Жылқыбай Жағыпаров үн парап (листвока) бастырғанын, сол үшін қараша айында 1 апта КГБ-ның подвалында жатқанын айтады. Алайда үн параптың орысша мәтінін кім жазғанын, плакаттар мен ұрандарды студенттік жақтаханаларда кім жаздырғанын айта алмайды. Орысша мәтіндегі үн параптарды аударып, көшірме қара қағаздармен 5 даналап жүзге тарта бастыртып таратқан. Машинка арқылы КГБ агенттері әуелі өріп басқан қызды тауып, ол арқылы Жылқыбай Жағыпаровқа шықкан. Одан басқа мардымды мәлімет жоқ. 16-19 маусым 1979 жылдың ақиқаты мен батырларын көпшілік билетін кез келді.

1960-шы жылдардың басында Хрушевтің солақай саясатынан Қазақстанда жылқы малын жаппай қыру басталды. Сонда бұрынғы «Оразақ» колхозының басқармасы, зейнеткер Әкімжан Назаров Целиноград ауданының 300 жылқысын қырғыннан алып қалу үшін жасырын айдал әкетіп, Теніз көлінің ортасындағы аралға апарып тығады. Сол жерде ол бірнеше жыл өмір сүріп, Н. Хрушев тақтан түсіп, заман өзгергенде 300-ден өскен 3 мындан астам жылқыны аралдан алып шығып, ауданға тапсырады. Бүгіндегі аудандағы жылқы сол мaldың тұқымы екен. [12]

Аяқтай келе айтарымыз талай-талай ашы шындық айтылмай қалып жатыр. Сондыктан да «Кім-кімді өкпелетпепті» деп мәймөнкелейтіндер үшін мынандай бір ғана дерек келтіріп өтейік: 19–20-жылдары Кенес үкіметіне қарсы бүкіл Одак бойынша талай бандалар қарсылық көрсеткен. Соның ішінде Амангелді Имановтың оң колы болған Кейкі батыр да бар. Кейкі батырды қоршап, зайыбы екеуін қолға түсіргенде, Дудин басқарған қызыл әскерлер екіқабат босанатын уақыты келген Ақжаның қарның жарып, құрсағында жатқан шарананы да пәрше-

лейді. Ал Кейкінің басын шауып алғып, бір апта бойы Торғай-дың көшесінде сырыйққа қадап қояды. Мұндай аюандықты орыс коммунистері бірде-бір орыс бандиттеріне жасаған емес еді.

Қазіргі күні Санкт-Петербургтің антропология және этнография мұражайындағы 60 мың бас сүйектің ішінде 3383 нөмірмен Кейкі батырдың бас сүйегі тұр. Онда «Череп знаменитого бандита казаха Кейки, уроженца Кайдаульской волости, Тургайского уезда казненного в Советский период. От Д.Д. Укинича в дар в 1926 г. Документы: Записка Собирателя. З/ XI—XXXIII, деп жазылған». [13]

Сонымен тарихты актара келсек, бүгінгі, ертеңгі ұрпақтардың намысын қайрап, ұлттық сана сезімін оятарлықтай маңызы бар талай-талай бүркемеленіп жатқан ақиқат бар екені хақ.

Әдебиет:

1. Россия: полное географическое описание нашего отечества. Настольная книга для русских людей, под редакцией В.П. Семенова и под общим руководством П.П. Семенова, вице председатель императорского Русского Географического Общества и Акад. В.И. Ламанского, Председателя Отделения этнографии императорского Русского Географического Общества. Санкт-Петербург. Издание А.Ф. Деврина – 1903 г., 184-6.
2. АВПР, Ф. Гл. Архив, 1-9, д.9.лл. 1106-1107 б.
3. Клара Әмірқызы. Атаконыс ақиқаты. – «Елорда», Астана, 2001, 66 б.
4. Сол кітап 22 б.
5. Сол кітап 45б.
6. Сол кітап.
7. Сол кітап 12б
8. Түркістан газеті, 12 қыркүйек, 2001 жыл.
9. Сол газетте.
10. Сол газетте.
11. Инфро-Цес газеті. 10 қаңтар, 2002 ж.
12. Жұмабай Орманбаев. «Сарыарқа төскейі жылқыға толсын». «Социалистік Қазақстан» 1965 ж. №9.
13. Айқын №23 (719 08. 20. 2007) 29 б.

ӘБЖАНОВ Х.,

*тариҳ гылымдарының докторы,
профессор, мемлекет тарихы институты
директорының орынбасары*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ТАРИХЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЙМАҚТАР ЕРЕКШЕЛІГІ

Қай халықтың болмасын тарихы мен тағдырына географиялық орналасуы, жер көлемі, табиғаты, демографиялық өлеуеті, мемлекеттігі шешуші әсер етеді. Осы құндылықтарды қастерlegen бабаларымыздан «жері байдың – елі бай», «көп қорқытады, терен батырады», «кісі елінде сұltан болғанша, өз елінде ұltан бол» деген канатты сөздері бүгінге жетіп отыр. Қазакстан – ұлан ғайыр жерді алып жатқан мемлекет. Қазактар осы жердің автохтонды, байырғы тұрғындары. Сан алуан зерттеулер сайын дала-ның Алатрудан Атырауға дейінгі, Алтайдан Еділ-Жайыққа де-йінгі аралығында көне дәуірден қазақ этногенезі аяқталғанша мәдени-шаруашылықтық, рухани-тілдік, антропологиялық-нәсілдік сабактастық үзілмегенін, небір «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» басқа түссе де, әрісі – сактар, берісі – қыпшактар киіз туырлықты, қарға тамырлы, еншісі бөлінбеген тұтастығын сақтай алғанын қапысыз дәлелдеді. Бұл тұтастығымыздың бұлтартпас айғақ-дәлелі – ортақ салт-дәстүріміз, әсем де бай тіліміз, мың құбылған ән-құйіміз, алшысынан киген тымағымыз, балдай сары қымызымыз, даланың сәні – киіз үйіміз бен сәйгүліктеріміз. Ботайдан, Есік қорғанынан, Берелден, Шіліктіден табылған жәдігерлер мазмұн мен формасы жағынан, философиясы мен эстетикалық талғамы тұрғысынан, уақыт пен кеңістікегі үйлесімді бейнелеуімен өз заманына қандай өр берсе, бүгінгі бізге де қылаудай жаттығы жоқ. Қоненің тілсіз мұралары есте жоқ ескі заманды бүгінмен осылай жалғап тұрғанда тастағы жазулардың сырына құлак қоюмен арғы бабаларымыздың ізгі акниетіне, даналығына, мәрттігіне қайран қалмасқа және болмайды. Ұрпағына мәңгі ел аманаттауды армандаған олардың:

Бенғу таш тоқытдым, бітідім
Аны көріп, анча білің, –
Мәнгі тас тоқыттым, жаздым
Оны көріп солай білінддер, –

деген өситетін түсінбейтін казақ баласы бар ма екен?

Санғасырлық тарихты артта қалдырыған сабактастық пен тұстастық бәсекеге қабілеттілікті, өміршенендікті көрсетеді. Ол ұлы даланың табиғатына бойлай алмағандар айтқандай көшпелілердің уақыт пен кеңістікте ұшарын – жел, конарын – сай білген-діктен мал сонында салпаңдап, дамуға бейімделе алмағаны емес. Жылдың төрт мезгіліне орай көшіп-қону қоғамның, оның мүшелерінің жинақы, сақадай сай тұруын, табиғатпен жарасымды тілдесуін талап етеді. Осынау экожүйе цехтық, мануфактуралық, зауыт-фабрикалық өндіріс дүниеге келгенше адамның интеллектуалдық, рухани, имандық кемелденуіне барлық жағдайды туғызып, құлдық, басыбайлық сиякты қасіреттерден азат әлеуметтік субъектілерді жасампаздық әрекетке жетеледі. Сактардың аң стилі, байырғы түркі жазуы, мыңжылдық тарихы бар «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары кездейсоктықпен дүниеге келмейді. Әйтпесе XI ғасыр туындысы «Диуани лұғат ит-түрікте» Махмұд Қашқарі табиғатты, қоршаған ортаны, фауна мен флораны тірі организмдей суреттеген биікке көтерілмес еді. Мұнда қар, мұз, су, тау, киік, арқар, бәйшешек, гүл, наизагай, Еділ өзені, балық, жыл маусымдары әсем бейнеленген. Тіпті қыс пен жаздың айтысатыны бар.

Жаз айтады:

Мен адамдарды да, қара малды да семіртіп, мүшелерін нығайттым. Менің тұсымда ауру-сырқау азаяды. Адамдардың еттері қатады, өздері күш-қуатқа енеді.

Қыс айтады:

Қар тек қыста ғана жауады. Арпа, бидай, тағы басқа егіндер қардан нәр алып өнеді. Жаман адамдар, дүшпандар мен келгенде тынышталады, сен келген бойда-ақ олар әрекетке кірісп, тыкырыши бастайды.

Жаз айтады:

Мен келгенде жылқылар жерден өздері шөп жейді. Шұрайлы шөптер жеп семіреді, бектер семіз аттарға мінеді, қуаныштан бірін-бірі қытықтап ойнайды.

Мұндай пейзаж қайта Өрлеуге дейінгі Еуропа әдебиетінде кездеспейтінің ғалымдар, біріншіден, жеке адамның табиғаттан ажырамағанымен, екіншіден, адам бостандығының, бас еркінің болмағанымен түсіндіреді. «В средневековой литературе отсутствует описание пейзажей», – дейді салыстыру әдістемесін зерттеуші Г.Ю.Любарский. Сагаларды зерттеуші М.И.Стеблин-Каменскийдің пікірінше: «... отсутствие такого восприятия – это

проявление еще не утраченного единства человека и природы. Поэтому отсутствие пейзажа в сагах – это, конечно, не литературная форма, осознаваемая на фоне отличной от нее формы, а определенное духовное содержание, подразумевающее границы человеческой личности, отличные от тех, которые стали господствующими с тех пор, как развилось эстетическое восприятие природы».

Осы екі уәждің алғашқысымен, яғни адам мен табиғаттың тұтастығы ортағасырлық еуропалық әдебиетте пейзаж суреттеуге бөгесін болды деген тұжырыммен келісу қын. Табиғат пен адамның үндестігі, тұтастығы, яғни классикалық нұсқасы көшпелілерге тән. Және ол қазақ даласында XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін, демографиялық апат әкелген күштеп ұжымдастыруды большевиктер жүзеге асырғанша сакталғаны мәлім. Сөйте тұра казақтың табиғаты түсінуіне септеспесе, бөгесін болған емес. Ендеңе қайта Өрлеуге дейінгі Еуропа әдебиетінің баландығын адаммен, табиғатпен байланыстырмай, сол құрлықтың өлеуметтік дамуда Ұлы даладан көш кейін тұрғанынан іздеген жөн шығар.

Демек, кешегі өткен тарихымызда біз ұялатын ештеңе жок. Ұлт мемлекетін құруда, шекарасын бекемдеуде арғы бабаларымыз XV–XVI ғасырларда аз шаруа тындырмаған екен. Әз Тәүкенің тұсында, Жонғар шапқыншылығына дейін-ақ тарихи да-мудың біраз белесін басқалардан бұрынырақ жүріп өттік. Біз бұл жерде даму тезисін бекер алға тартып отырған жоқпыз. Этникалық, саяси, шаруашылық-мәдени тұрғыдан келсек, тарихи даму дегеніміз, біздің ойымызша, шыққан тегінен, бастау бұлағынан, арнасынан сабактастығын үзбекен, мәнді байланысы мен қатынасын сақтаған қоғамда құрылымы, функциясы, өлеуеті өзгеше жаңа құбылыстардың табиғи-ырғакты түрде дүниеге келіп орнығуы.

Сабактастық пен жаңа құбылыстар табиғи-ырғакты негізде және уақыт пен кеңістіктегі қажеттілікке сай зандалықтар аясында өрілгенде тарихтағы, этнос болмысындағы, әсіресе рухани әлеміндегі тұтастықты бір дәуірден екінші дәуірге жалғайды. Әр дәуірдің өзіне лайық іштей жетілуі, жаңа құбылыстардың терендей тұсуі, құрылымдық, болмыс-бітімдік ерекшеліктерінің бедерленуі болатыны түсінікті жайт. Әсіресе аймақтық ерекшеліктерге мән берген жөн. Осының саз өнеріндегі көрінісін ұлы ойшыл әл-Фараби X ғасырда дәйектеген екен. «Музыка туралы үлкен кітабында» («Большая книга о музыке») адам жаңына әсер

етуші құдіретіне қарай өуен мен дауысты жанр, түр, тек бойынша жүйелеумен музыканың үш қасиетін айшықтапты. Бірінші қасиеттегі музыка, дейді әл-Фараби, жаңынды ғана жайландырады, екінші қасиетке ие музыка құлшыныс шақырады, үшінші қасиеті бар музыка қиялынды қияға шығарады («Музыка первого рода просто доставляет удовольствие, музыка второго рода выражает (и вызывает) страсти, музыка третьего рода возбуждает наше воображение»).

Әлемнің екінші ұстазы өзінің ойтүйіндерін тарихи динамикада емес, статикалық ахуалға жақын ғылыми әдіспен баяндайды. Әйткенмен әл-Фараби ұстанымын басшылыққа алсақ, тарих қойнауынан ширығып, шымырлап шыққан дәстүрлі қазақ музыкасын, әр аймаққа тән ерекшелігін жазбай танимыз. Мәселен, бірінші қасиетті бойына сінірген ән-күй Жетісу мен Тұранда, Жамбыл мен Кененнің, Байсеркенің шығармаларында тұнып түр. Олар, әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, тындаушыға қанағат береді, жаңынды жайландырып, ризашылық пен ракатқа бөледі, құлақтан кіріп, көз алдына әсем суреттер елестетеді («просто доставляет удовольствие, оказывает в душе приятное, восхитительное и успокаивающее чувство, оно действует на наши слуховые органы (уши), как декоративный рисунок действует на наши глаза»). Арада он ғасыр уақыт өткен соң Кенен әндерін талдаған А.Жұбановтың ойы әл-Фарабимен үндесіп жатыр. «Көкшолақ» әні, дейді Ахан, «Жетісудың дәстүрінде, халықтық интонация негізінде шыққан... орындауға да женіл, музыкалық жағынан аса мазмұнды, қоңыр ән, өлеңнің сөзіне сай келеді». «Қос қалқа» әні «шағын көлемді, халық әндерінің қысқа демді әндерінің өуенінде шығарылған. Қайырмасында да шырқап, аспандап кетпейді, сол бір шамада қалады. Жалпы Жетісу әндерінің жан ауыртпайтын, шағын диапазонды қалпында», десе, «Мөртай» да басы-аяғы жинақы, тиянадай ән. Басынан аяғына шейін бір ырғактан ауыспайды. Дауыстың орта регистрі мен төменгі регистр айналасында басталып, сонда біtedі. Ән жұмсақ, жүрекке жылды тиеді», деумен әл-Фараби айткан бірінші қасиетті музыканың қазақстандық географиясын дәл анықтады.

Екінші қасиетке ие музыка еліміздің Батыс өніріне қонған. Құрманғазының күйлері, Мұхиттың әндері құлшыныс пен әрекетке толы. Бұлар, әл-Фараби айтқандай, құдай идеясынан бұрын, құдайдай әрекетті, мінезді, құдіретті ұлықтайды («напоминали действия, характер, могущество богов, ... а не идею бога»).

Тағы да А.Жұбановты тыңдал көрелік. Мұхиттың «Кіші айдайы» «Замана бұлбұлдарында» былайша сипатталады: «Ән салған жерден кульминациялық дыбыстардан басталып, сол дыбысқа қайталаپ үш-төрт рет төнеді. Ондай творчестволық күш шығарушының бәріндегі бірдей бола бермейді. Аспапты музыкада айта қаларлықтай кульминация шыны және оған бірнеше рет шығу тек Құрманғазыда кездесетін... Қазақ халқының ән байлығына емін-еркін еніп, көп зерттеген композитор Е.Брусиловский Мұхиттың бұл әнін Пуччинидің музыкасындағы шыңға көтерілуімен теңейді. Әділ теңеу!... Осы бір әнде Мұхиттың творчестволық құлашы тіпті кен жайылғаны сондай, анау-мынау әнші айта алмауы осы құнғе шейін келеді». Күй әнерінің білгірі А.Сейдімбек те осы идеяны қуаттайды. «Құрманғазының, — дейді ол, — бірде-бір қүйінде қүйректік жоқ. Оның есесіне келер құндерден тек қана жақсылық құткен жігерлі сезім шарасынан асып-тәгіліп жатады».

Үшінші қасиетті музыканың географиялық аумағы Арқаны, Алтайды, Көкшені қамтып, Ақан серінің, Біржан салдың, Тәттімбеттің шығармаларымен ұлы даланы тербеді, тыңдаушысын философиялық, дидактикалық ой әлеміне жетеледі. Қиялды қияға қондыратын ән-күй шешенінің сөзіндей пайдалы әрі бәрінен әсерлі екен («Музыка, которая возбуждает воображение, приносит такую же пользу, как ораторская речь... Поэтические речи, действуя совместно с приятной мелодией, будут иметь более сильное влияние»).

«Но это, – говорится в документе, – законом не допускается, тогда прибегнуть к тому способу: учителя школ должны иметь учительское свидетельство от инспекторов, а последних обязать выдачу свидетельств на учительство киргизам затруднять и тормозить, а лиц, кои будут учительствовать без свидетельств, привлекать строго по закону и этим добиться уменьшения мулл...» [5]. Рекомендовалось открыть «женские школы для киргизских девиц, обучать их русской грамоте для того, чтобы она, когда сделается женой киргиза и матерью, то будет влиять на своего мужа и детей», документом предусматривалось изъятие из ведения мусульманского духовенства регистрации и расторжения брака, нарекание и регистрацию новорожденных и даже похорон в казахском ауле совершать с разрешения русского священника. За нарушение этого требования предусматривалось привлечение к судебной ответственности по 79 ст. Крестьянским начальникам предписывалось следить за этим и доносить. «Укрепив таким путем и поставив дело прочно, – указывалось далее, – послать миссионеров, которые будут уверять киргиз, что их вера неправильна..., что все подданные должны и обязаны исполнять ту религию, которую исполняют их государь» [6]. Думаю, изощ-

ренно-лицемерный характер, русификаторское содержание и направленность приведенного документа настолько очевидны, что комментарии излишни.

Колониальный гнет, массовое переселение в Степь русских крестьян и, наконец, русификация, принявшая усиленные темпы, означали для казахов не только потерю их земли, но и национальной самобытности. Эти обстоятельства вынуждали казахский народ начать борьбу за отнятые земли, за сохранение традиционного уклада жизни, обычая, письменности, религии и культуры. Осознавая возможные трагические последствия вооруженной борьбы за национальное освобождение против мощной милитаризированной государственной машины Российской империи, основной упор делался на ненасильственные методы отстаивания своих интересов. Одной из форм проявления протеста была подача жалоб и петиций в органы администрации, вплоть до государя-императора, с требованием возврата им незаконно отнятых земель и угодий.

На рубеже веков также весьма актуальной стала идея просветительства, опирающаяся на традиционные формы. Этим объясняется большая популярность литературы Востока, арабской письменности, идеи единства судьбы тюркских народов России, так называемого пантюркизма. Ведь не случайно то, что для казахской поэзии и литературы в целом того периода было характерно присутствие «восточного мотива». Существенную роль в общественной жизни играла религия, казахи относились к мусульманской религии суннитского толка. Но, как отмечают русские исследователи края, в них ислам укоренился не так крепко, как у других мусульманских народов. Этим обстоятельством и хотели воспользоваться царские политики и чиновники. Однако в конце XIX в. важной особенностью духовной жизни общества стал небывалый рост популярности мусульманской религии. Это было, с одной стороны, признанием роли религии в сохранении национальных традиций, нравственных норм, с другой — проявлением протеста против правительственные акций преследования ислама и активизации миссионерской деятельности русских священников. В защиту ислама выступили наиболее влиятельные люди из самых разных слоев казахского общества: Абай Кунанбаев, Акан-серэ, Муса Чорманов, Чингиз Валиханов, Салык Бабаджанов, Мамбет-Али Сердалин, Алихан Бокейханов и др.

Например, А.Бокейханов решительно осуждал и доказывал совершенную неприемлемость требования, чтобы похороны в казахском ауле совершались только с разрешения русского священника, также как и обязательная регистрация рождения и освидетельствование казахских школ и учителей [7]. Бокейханов писал: «Если бы Правительство сознательно пожелало отделить казахский народ от русского просвещения и толкнуть его в объятия панисламизма, то ничего нельзя было бы для этого и придумать, как начать преследование против популярного Науана» [8].

Действительно, Науан Хазрет снискал в народе славу защитника веры, национальных традиций казахского народа. Он протестовал против решения администрации об изъятии из ведения мечети освящения бракосочетания (неке киу), регистрации новорожденных (азан шакыру), Он апеллировал к исламу, видя в нем силу, способную противодействовать колониальному напору и русификаторской политике царизма. При этом важно подчеркнуть, мусульманское движение, возглавляемое Науан Хазретом, с самого начала носило оборонительный характер и нравственно-этическое содержание в нем преобладало над политическим. В обращениях, размноженных на гектографе, не содержалось призыва к противоправным действиям. Целью движения было достижение права исповедовать ислам, открывать национальные школы, отправлять по традиции освящение брака, регистрации новорожденных и отпевания умерших.

Науан Хазрет также решил апеллировать к авторитету известных и влиятельных людей, чтобы те оказали содействие в сплочении народа во имя сохранения национальной самобытности. В частности, он и его помощник и непосредственный исполнитель обращались к Абаю Кунанбаеву встать во главе движения за сохранение самостоятельности культурной жизни этноса. Примечательно и то, что письмо начиналось словами: «К вам, высокочтимому народом Ибрагим мурза, обращаемся от имени населения пяти уездов Акмолинской области». Видимо, было основание для заявления от имени всех казахских общин области. Власти нашли деятельность Науана Хазрета противоправной и начали кампанию по его преследованию. А отторжения у казахских шаруа освоенных и насиженных ими земель были квалифицированы как преступное и подстрекательское.

Крестьянский начальник первого участка Кокшетауского уезда подполковник Троицкий в рапорте от 2 апреля 1903 г. на имя военного губернатора Акмолинской области докладывал, что им «1 апреля был проведен обыск в школе при Кокчетавской мечети у муллы Таласова. При обыске найдено: 164 книги, как не пропущенных цензурою, так и рукописных, принадлежащих как школе, так и ученикам, и у Таласова 108 книг, найдена большая переписка, а также гектографические оттиски на киргизском языке». Далее Троицкий сообщал, что в столе у Шаймердена Кощегурова найден гектограф (простейший печатный аппарат – К.А.) и губка для смывания чернил, а также почтовые расписки на корреспонденцию по адресам: в Ботовское С. Чорманову, в Зайсан Кенчикову, в Семипалатинск Кунанбаеву от 7 марта 1903 г. [9]. Троицкий также докладывал, что Ш. Кощегулов по его распоряжению взят под стражу и заключен в тюрьму.

О случившемся 5 апреля 1903 г. военный губернатор Акмолинской области телеграфировал Степному генерал-губернатору. В свою очередь генерал-губернатор в тот же день телеграфировал Кокшетаускому уездному начальнику свое предписание: «Немедленно принять меры к закрытию незаконного интерната при мечети в г. Кокчетаве, выдворить всех проживающих в интернате, установить негласное наблюдение за деятельностью муллы Таласова» [10]. Он также распорядился, чтобы Петропавловский уездный начальник установил «самое тщательное негласное наблюдение за деятельностью муллы Мухаметжана Бекишева» [11].

Для нас, современных исследователей, непреходящую ценность представляет любой эпизод, любой факт из жизни и деятельности великого Абая. Известно, что в доме Абая жандармы производили обыск. По этому поводу есть разные версии. Вот как излагает этот факт Мухтар Ауэзов в романе «Путь Абая»: «Вечером по тайному приказу семипалатинского полицмейстера Федор Иванович Павлов был снова заключен в тюрьму. В ту же ночь в доме Абая произвели тщательный обыск. Пять человек жандармов в течение трех часов переворачивали все верх дном в доме ни в чем не повинного Кумаша. Они искали какую-то бумагу, которая согласно доносу, поданному полицмейстером за подписью двух-трех баев и составленному будущим адвокатом Сакпаевым, хранилась не то у Абая, не то у Павлова. В доносе

этом было сказано, что Абай подстрекает казахский народ к бунту по наущению ссыльного русского революционера Павлова.

Не найдя вышеуказанной таинственной бумаги у Павлова, жандармы теперь надеялись извлечь ее из кармана Абая, пока он «не успел замести следы преступления». Но бумага с запечатленной на ней думой о народе хранилась у Бектогая. Она была в таком надежном месте, где ее не отыскала бы и тысяча жандармов». [12].

Как видно из приведенного текста, М. Аузов исторический факт обыска в доме Абая интерпретировал по-своему, связывая его с именем вымышленного им революционера Федора Павлова. Фактически же это было совсем иначе.

Своим распоряжением от 5 апреля 1903 г. генерал-губернатор Степного края сделал предписание военному губернатору Семипалатинской области провести дознания по поводу двух писем, отправленных Ш. Кошегуловым на имя Ибрагима Кунанбаева, жителя Чингистауской волости. По поручению военного губернатора Семипалатинской губернии генерал-майора Галкина в аул Абая Кунанбаева прибыл сам начальник Семипалатинского уезда Навродский. В архиве сохранился его отчет на имя военного губернатора. Он, в частности, писал, что в ходе «щадительного обыска в зимовке и юрте, принадлежащих Кунанбаеву, найдена корреспонденция». Все рукописи И. Кунанбаева были в присутствии двух понятых опечатаны в особой папке и представлены военному губернатору.

Уездный начальник также доносил, что «на вопрос, не получает ли какую-нибудь корреспонденцию из Кокчетава, ответил, что месяца два назад получил заказное письмо из Кокчетава от неизвестного с просьбой адресовать ответное письмо на имя Зеита Баширова. В письме неизвестное лицо просило содействия Кунанбаева, как почтенного казаха, в побуждении населения ходатайствовать перед властями об образовании особого казахского духовного магометанского собрания. На требование мое передать мне это письмо Кунанбаев сказал, что передал его два дня назад своему сыну Турагулу. Тот ответил, что передал письмо чингисскому волостному Рызыкпаю Худайбердину (т.е. брату известного поэта-философа Шакарима Худайбердиева – К.А.), у которого при обыске в кармане бешмета и найдено письмо, что приложено к общей корреспонденции Кунанбаева» [13].

Примечательным в этой истории с письмами были два обстоятельства. Первое то, что инициатором и автором их был Науан Хазрет, хотя непосредственным исполнителем и адресатом был Ш. Кощегулов. К такому выводу автор пришел из анализа содержания письма (в архиве имеется текст лишь одного письма), в котором автор обращается к Абаю от имени казахов пяти уездов Акмолинской области и выдвигает общеказахские проблемы сохранения национальной самобытности, языка, культуры и мусульманской духовности. В нем содержится призыв к Абаю возглавить сопротивление русификаторской и антиисламской политике колониальных властей мирными средствами, но нет призыва к неповиновению или насилию.

Второе – то, что автор или авторы обращаются к Абаю, как признанному духовному лидеру, вождю казахского народа. В этом плане весьма характерно начало письма, где говорится: «... обращаемся к вам, высокочтимому защитнику казахского народа...». При этом надо особо подчеркнуть то, что Абай был популярен и пользовался высоким авторитетом не только у соплеменников, но и у демократически настроенной части русской интеллигенции. О нем весьма почтительно и с уважением отзывались представители чиновничества.

Подтверждением тому может служить докладное письмо Семипалатинского военного губернатора от 30 сентября 1903 г. Степному генерал-губернатору. Оно небольшое по объему, поэтому сочли возможным привести здесь его текст с небольшим сокращением. Губернатор пишет: «На предложение от первого августа сего года за № 12 имею честь представить Вашему Высокопревосходительству, что киргиз Чингизской волости Ибрагим Кунанбаев имеет от рода 60 лет (точнее 59 лет – К.А.)..., обладает сравнительно большим состоянием (около 1000 лошадей и 2 тысячи баранов). Кунанбаев человек весьма развитой и умный: он служил два трехлетия бием, три трехлетия – управителем Чингизской волости, а затем, по назначению правительства, прослужил три года управителем Кукурской волости. Служба Кунанбаева отмечалась мудрым управлением, исполнительностью, энергией, преданностью Правительству и отсутствием фанатизма. Один из сыновей Кунанбаева (Абдрахман – К.А.) по окончании курса Михайловского артиллерийского училища был произведен в офицеры, будучи на службе, умер в Туркестанском округе. Ныне замужняя дочь Кунанбаева окончила курс наук в

киргизском интернате, все остальные дети его пишут, читают по-русски, грамоте обучил их отец. Кунанбаев весьма интересуется русской литературой, выписывает книги, газеты и журналы». В конце документа подпись: Генерального штаба генерал-майор Галкин [14].

Автор этого документа – высокий чиновник, губернатор Семипалатинской области предстает человеком справедливым и порядочным. Этого не скажешь в отношении Кокшетауского уездного начальника Троицкого, который производил обыск у Н. Таласова. О его рапорте на имя Акмолинского губернатора от 2 апреля 1902 г. мы писали выше. На следующий день, 3 апреля, по тому же адресу он пишет более обстоятельное донесение. В нем уверяет губернатора в том, что «влияние ислама в киргизском народе весьма ограничено, что его услугам прибегают «честолюбивые люди, желая выдвинуться». Он высказывает мысль о вредности распространения образования среди инородцев.

Стиль и содержание документа характеризуют автора как человека малограмотного, ограниченного, в то же время жестокого и озлобленного. Он буквально обрушивается на Султан-Газы Валиханова (внука Губайдуллы Валиханова – первого старшего султана Кокшетауского округа), который служил в Петербурге при Генштабе. Троицкий пишет: «в С.-Петербурге в 1899 г. я встречался с полковником гвардии Валиханом, который живет там безвыездно. Хотя года два назад он приезжал в Кокчетавский уезд Кутуркульской волости, в места своей родины, где имеется его дом. Приезд его ознаменовался целым рядом бесчинств и приглашением всех представителей народа. Конечно, будущие наезды его должны быть воспрещены, не только как ярого фанатика, но и человека даже невменяемого, вредно-бешеного во всех государственных предначертаниях России в киргизской степи. Понятно, он занимается игрой в заступничество за права народа, за религию его, попираемые православием». Далее Троицкий пишет, что воздействие Валиханова в народе мало, а «отражается оно на сподручных и то весьма мало уважаемых народом». В числе таковых он называет муллу Н. Таласова, Мамбет-Али Сердалина (видный ученый, общественный деятель, находился под негласным надзором полиции – К.А.), Айдархана Турлубаева, окончившего год назад юридический факультет Петербургского университета и служащего в омской судебной палате. Последнего называет агентом Валиха-

нова и указывает на его связь с омским адвокатом Поваренных. Он пишет: «не у адвоката Поваренных ли фабрикуются и циркуляры гектографные? Ведь Турлубаев и Кощегулов ведут одно дело, а Кощегулов ведет дело через Поваренных, визитная карточка которого найдена у Кощегурова и у муллы Таласова» [15].

Троицкий категоричен, он даже критикует своего коллегу, Петропавловского уездного начальника, который допускает возможность «идти на уступку в духовных потребностях киргизов». В заключение уездный начальник делает вывод о вредности мечети, которая стала центром пропаганды ислама и незаконности существования школы при ней. Он высказывает убеждение, что «православная церковь имеет одна права и преимущество перед другими исповеданиями, и мусульманизм, наряду с другими исповеданиями, может быть терпим только в пределах, допустимых в законе». В самом конце Троицкий высказался еще определенней: «Пора покончить играть на почве религиозной, мусульманской. Пора разобраться в этих вопросах, пора наложить руку на центр, изъять их деятелей в места нейтральные, а население поставить должностными разъяснениями и действиями на надлежащий путь» [16]. Полностью одобрав действия и выводы Kokшетауского уездного начальника, Степной генерал-губернатор со своей стороны решил «возбудить при МВД ходатайство о выдворении из пределов Степного края Кощегурова и Таласова, об отпуске 1500 руб. на организацию наблюдения за агитационной деятельностью среди киргизов неблагонадежных личностей».

Власти действовали оперативно, 17 июля 1903 г. особое совещание МВД, «рассмотрев обстоятельства дела муллы Таласова и содержащегося под стражей помощника муллы Кощегурова», признало их «главными в возбуждении киргизов против правительенных распоряжений». «На этом основании, — указано в документе, — Господин Министр ВД постановил: выслать названных двух лиц в Восточную Сибирь в местность по усмотрению Иркутского генерал-губернатора под гласный надзор сроком: Кощегурова на 5 лет, Таласова на 3 года, считая срок с 12 июня 1903 года» [17].

Ссылка популярного в Степи муллы Науан Хазрета не принесла успокоение среди казахского населения, напротив, она вызвала глухой протест и волнения. Начались сборы подписей под петиции и сборы средств на вызволение невинно осужден-

ных Н.Таласова и Ш.Кошегурова. По этому поводу Алихан Бокейханов писал: «Если бы правительство сознательно пожелало отделить казахский народ от русского просвещения и толкнуть его в объятия панисламизма, то ничего нельзя было бы для этого и придумать, как начать преследование против популярного Науана» [18].

В архиве отложилось свидетельство о том, что представители казахских общин непосредственно обращались к властям вплоть до министра внутренних дел с заявлением и петициями об освобождении Н. Таласова и Ш. Кошегурова. Деятельное участие в этом движении принял Мамбет-Али Сердалин, бывший однокурсник А.Бокейханова по Омскому техническому училищу. Это он организовал сбор подписей по освобождению ссыльных своих земляков и лично отправился в Петербург. Тогда-то через М. Сердалина все перипетии дела о Н. Таласове стали известны А. Бокейханову. Они вместе и обивали пороги министерств, использовали свои связи и знакомства и добились досрочного освобождения Науана Хазрета и Ш. Кошегурова. Решение об их освобождении из Сибирской ссылки было принято в марте 1905 г. в предписании Степному генерал-губернатору, подписанном товарищем (т. е. заместителем) Министра внутренних дел, содержалось требование объявить Таласову и Кошегулову под расписку, что «в случае малейшей попытки к нарушению общественного порядка и государственной безопасности, они будут высланы немедленно» [19]. По возвращении из ссылки Науан Хазрет продолжал свою деятельность в качестве муллы соборной мечети в Kokшетау. А Ш. Кошегулов занялся политической деятельностью, был избран депутатом в Первую и Вторую Государственную Думу.

Итак, великий поэт-мыслитель Абай и знаменитый ученый-теолог Науан Хазрет – что общего между ними? Прежде всего, они жили в одну эпоху, во второй половине XIX и начале XX веков, оба от природы были наделены выдающимися способностями. Становление творческой личности Абая и Науана питали одни и те же истоки – национально-культурные традиции своего народа, образцы восточной поэзии, арабский героико-религиозный эпос. Но творчество Абая обогащалось за счет освоения достижений западной культуры через фильтр русской литературы и философии, что и предопределило феномен Абая.

Последнее. Абая и Науана Хазрета объединяло и то, что оба смысл и высшее назначение своей жизни видели в служении своему народу, заботились о его нравственном совершенствовании и просвещении.

У великого Абая и Науан Хазрета были свои стезя, своя творческая вершина и, конечно, свое место в истории культуры казахского народа. Абай – явление эпохальное, его творческое наследие – достояние мировой цивилизации, и мы далеки от мысли поднять личность Науана Хазрета на уровень его великого современника. Одно бесспорно, что и Науан Хазрет войдет в историю суверенного Казахстана как талантливый просветитель, как самоотверженный борец за гражданские права и свободы своего народа, как общественный деятель.

Литература:

1. «Россия». Т. 18, «Киргизский край». СПб., 1903, с. 204.
2. Там же.
3. ЦГАРК, ф. 64, оп. 1, д. 938, л. 74.
4. Там же, ф. 369, оп. 1, д. 1101, л. 19.
5. «Кокшетау», 15 сентября 1994.
6. ЦГАРК, ф. 64, оп. 1, д. 93, л. 88.
7. Там же, л. 89.
8. Там же, л. 90.
9. *Букейханов А.* Киргизы. Жизнь национальности. С.-Петербург, 1910, с. 5.
10. Там же.
11. ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 1, л. 42.
12. Там же, л. 82.
13. Там же, л. 83.
14. «Путь Абая» Мухтара Ауэзова. Т.2.Ч.2. Алма-Ата, 1978. С. 534.
15. Там же.
16. Там же, д. 871, л. 113414.
17. Там же, л. 89-91.
18. Там же, л. 98-103.
19. Там же, л. 236.
20. *Букейханов А.* Указ. работа, с. 477.
21. ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 871, л. 346.

ПАТША ӨКІМЕТИНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ

Патша өкіметінің отарлық саясатының негізгі мақсаты қазақ жерін тартып алу болса, оның өзі аграрлық саясат арқылы жүзеге асырылды, ал аграрлық саясаттың ажырамас бөлігі – қоныстандышыру саясаты болды. Помещиктер мен империалистік буржуазияның мұдделеріне сай келген қоныс аудару мәселесіне патша өкіметі XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап қатты назар аударды, өйткені Ресейде крепостниктік правоның жойылуы және әлеуметтік-әкімшілік реформалар аграрлық мәселені толық шешкен жоқ еді. Ресейдің орталық аудандарындағы шаруалардың толқулары жанданды. Осындай жағдайда патша өкіметі шаруалардың назарын революциялық қозғалыстан аудару үшін, бірқатар шаралар қолданды. Қоныс аудару саясаты сол шаралардың бірі еді. Сібірді, Қазақстанның солтүстік батыс, орталық және оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы патша өкіметі Орталық Ресейден шаруаларды қоныс аудартып, жана жерлерде солар арқылы өзіне тірек жасамақ болды.

Әскери-әкімшілік отарлау саясаты Ресейден шаруалардың қазақ жеріне ағылып келуіне жол ашты. Яғни Қазақстанда Ресейдің толық үстемдік жүргізуі бұл өлкені орыс шаруашылық отарлауына есігін айқара ашты. Қазақстанға қоныс тепкен славян халықтарының алғашқы өкілдері казактар болды.

Қазақстанның солтүстік шекарасының ұзына бойында казактарға екі жөргемнен жеті мильге дейін ұлан-ғайыр жер берілді / 1./37

1900 жылы қазақ даласында 404 казак деревнялары болды. Сол жылы казактар қарамағындағы жер көлемі 11,5 миллион десятинаға жетті. Бұл бүкіл Қазақстан аумағының жетіден бірін құрайтын еді / 2/.

1870 жылдан бастап қазақ жеріне ішкі Ресейден шаруалар көптеп қоныс аудара бастады. Казактарды шаруалардың алмастыруы 1880 жылдан соң басталады. Ақмола облысының Петропавл және Көкшетау уездеріне 1860–75 жылдар аралығында 30 үй қарашекпен көшіп келді. Одан кейінгі 1878 жылға дейінгі

бас-аяғы үш жыл ішінде 287 үйлі мұжық келіп орнығып алды. 1879 бер 1881 жылдар аралығындағы үш жылда жаңа қоныстанғандардың саны 375-ке жетті. Келесі үш жылда келгендердің саны 418 үй болды. Қазактардан қалған тұракты жерлерге осы қоныс аударушылар қоныстандырылды. Қамалдар мен бекіністердің жаңынан поселкалар салына бастады / 3/.

Отаршыл өкіметтің қазақ даласын мемлекеттік меншік деп жариялад мемлекеттік меншік министрлігінің қарауына беруі және оны қалауынша пайдалануға рұқсат етуі, ол жерлерге ішкі Ресей губернияларынан ауған крестьяндарды қоныстандыру саясатының табандылықпен, жүйелі түрде жүргізілуі байырғы тұрғындардың тірлігін тарылта түсті.

Қазақ даласында ішкі Ресей губернияларынан көшірілген қарашекпенділерді қоныстандыруға жарамды қанша «артық» жер бар екенін анықтау үшін 1896–1901 жылдар арасында Торғай, Ақмола, Семей облыстарын аралауға Ф.А.Щербина бастаған экспедиция шығарылды.

Ф.Щербина экспедициясының қорытындылары бойынша Қостанай уезінің шаруаларынан ғана 510063 десятинаға құнарлы жер тартып алынып, орыс мұжықтары қоныстандырылды /4/.

Патша өкіметі Щербина экспедициясымен шектелмей тағы да «артық» жер барма екенін анықтау үшін қазактардың жер пайдалану құқығын шектеді де, одан «артылған» жердің қолемін анықтау үшін К.Полен, В.Кузнецов, П.Румянцев және басқа-лардың басқаруымен бірнеше экспедиция жасақтады.

Бұл экспедициялардың ешқайсысы қазактың көшпелі өмір сүру тәртібін ескермesten, олардың қыстауы, күздеуі, көктеуі, жайлауына қарамастан, жайылымы мол, топырағы құнарлы, сұзы мол жерлердің бәрін «артық» жер деп есепке алып отырды. Бұның өзі қазактардың наразылығының жылдан-жылға өсуіне өкелді. Үкімет бұл мәселені арнайы талқылап, басын ашып алуға мәжбүр болды. Қоныс аудару және жерге орналастыру жөніндегі Бас басқарма дайындаған «О порядке определения государственного земельного фонда в областях Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской, Уральской для переселения, а равно иных государственных надобностей» атты нұсқауды 1905 жылғы 9 маусымда министрлер кабинеті мақұлдады. Онда қазактардың үй-корасын бұзып, қыстауын алу жөнінде былай делінген еді: «Қазактардың шаруашылық қажеттеріне немесе уақытша тұруына арналған құрылыштар жерді тартып алу үшін бөгет бола алмай-

ды /5/. Сонымен қатар мемлекет мұддесі үшін таза көшпелілерге тек егіншілікке жарамсыз жерлерді ғана қалдыру керек» / 6/ деп бекітті. Осылайша қазак жерін патша самодержавиесі бос жатқан жер ретінде есептеп, тұрғылықты халықпен есептеспей оларды ығыстыра отырып, қамалдар мен бекіністер салған, орыс самодержавиесінің отаршылдық саясатын қазақ даласында асқан жауапкершілікпен атқарған, одан әскерлерінің қажетіне деп екі рет алған, қазыналық жер деп үш алса қоныс аударушылар корына деп төрт алған, сөйтіп қазақ халқы патша бодандауды қабылдағандағы қойылған талаптар аяқасты етіліп, ескерусіз қалды. Қонысы алынған шаруаларды отаршыл өкімет бұрынғы орындарынан 100-200 шақырымдай жерлерге қыуп тастаған. Қазактар мен крестьяндардың меншігіне берілген құнарлы жер көлемі қаншалықты қебейсе, жергілікті халықтың егіндік, шабындық, жайылымдық жерлері соғұрлым азая берген.

XIX ғасыр аяғында ақ казактар, орыс қоныс аударушыларының пайдасына Семей, Ақмола, Торғай облыстарынан ең құнарлы деген 14 млн десятина жер тартып алды. Ал бұның өзі «далалық облыстардың жер көлемінің 8,2 пайызы еді» / 7/ 1881 жылы Петербург келісімінен кейін Құлжа өлкесінен қоныс аударған үйір және дұнған қоныс аударушыларының пайдасына да 100 мың десятина жер тартып алынған болатын /8/. Ал Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін қазактардың жерін тартып алу жаппай сипат алды /9/. Жалпы алғанда қазактардан тартылып алынған жер көлемі 40 мың десятинаны құрады / 10/. Белгілі тарихшы Н.Масанов өзінің «Кочевая цивилизация казахов» деген еңбегінде казактардан құнарлы жерлерді ғана алып қойған жок, әдейілеп қазактардың мал шаруашылығымен қоса шаруашылықтың егіншілік түрімен де айналыса бастаған аудандарының жерлерін патша отаршыларының тартып алғанына назар аудартады /11/.

Сонымен қатар қазактар қыстаулары, жақсы жайылымдық жерлерінен көшпелі мал шаруашылығына қажетті жерінен айырылып қойған жок, олардың жер шаруашылығына бет бұрған қазақ жұртшылығының, егіншілікті дамыту үшін қажетті алғышарттарын да жойды деген пікір сол кездегі отаршыл өкімет чиновниктері Полен мен Сухетленнің «қазактардың Россия үшін көшпенді өмір сүруі әлдеқайда тиімді, сондықтан олардың отырықшылыққа көшуіне үкімет тарапынан қолдау болмауы ке-

рек» – деген тұжырымдарының іс жүзінде іске асырылғанын көруге болады.

Патша өкіметі 1889 жылғы 13 шілдеде «Село тұрғындары мен мещандар қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы турағы» арнаулы ереже бекітті. Бұл ережеде жерді бекітіп берудің тұрақты мөлшері белгіленген жок, жергілікті өкімет орындарына онын өз қалауынша белгілеуге ерік берді. Үкіметтің рұқсатынсыз қоныс аударушылар қоныс аударған 1000 адамның 25 пайызын құрады. 1894–1903 жылдары Ақмола, Торғай және Семей облыстарына барып қоныстанғандардың 63 пайызы астыртын мигранттар екендігі есептеліп шығарылды /12/. 1906–1910 жылдары жүргізілген Столыпин реформалары миграцияның дамуына ерекше маңызды күш берді. Ол бойынша шаруалардың қолындағы жерге жекеменшіктік құқығы ресми түрде танылды, тұйық шаруа қауымының таралуына қолдау көрсетілді, крепостниктік тәртіп жойылғаннан бері сақталып келген шаруалардың қарыздары қысқартылды. Шаруалар енді жер үлестерін біріктіріп өндеуіне де және отарлық қауымнан шығып кетуіне де құқылы болды. Алдағы уақытта үкімет Ресейдің ауыл шаруашылығы саласында және меншік іскерлік жүйесін құру мақсатында «мықты да аукатты шаруаларға арқа сүйеуге бағыт ұстады.

Отаршыл өкімшілік ішкі Ресейден біреулері өз еркімен, біреулері өкімет күшімен Қазақ жеріне қоныстанған крестьяндарға қолдарына кару беріп отаршылдық езгіні күшайте түсуді мақсат тұтқан. Ал ол үшін ішкі Ресейден аш-жалаңаш болып келген қарашекпендерді тойындырып, киіндіріп өздеріне қажетті езуші әлеуметтік топты дайындағы. Бұл жөнінде Орта Азия халықтарының Ресей бодандығына ұшырау тарихын зерттеген ғалым П.Г.Галузо 1926 жылы Ташкентте басылып шыққан «Орта Азиядағы орыс переселендерін қаруландыру» атты кітабында отаршыл үкіметтің чиновнигі Кривошиннің «Будущие поселенческие поселки должны быть не бедные, а богаче туземных кишлаков» деген сөзін мысалға келтірген, яғни болашақ қоныстанушылар поселкелерінің жергілікті халықтардың тұрақтарынан кедей болуға тиісті емес, қалайда олар бай болуға тиісті деп катаң талап қояды /13/. Ал жерінен айырылған қазақ, ырызығынан да айырылған. Осылайша ата-бабадан қалған жер отаршыл үкіметтің мемлекеттік меншігіне айналғаннан кейін, қазақтар өз жерін өзі жалға алудан басқа амалы болмады. Бұл жөнінде Әлихан Бекейханов /14/ «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында басылған

«Үшінші Дума һам қазақ» атты мақаласында «Алғашында аренда онша ауыр болмаған сон қазақ оны онша елең қылмаған, бертін келе аренда ауырлай берді, қазақ шаруасын құйзелтті, аренда бұрынғыдан өлденеше рет өсті» деп көрсетеді. Отаршыл әкімшілік чиновниктерді қазақ жерін өзара бөлісіп алды да, кейін ол жерлерді шын иесіне беріп, одан шашетектен пайда тапты. Мысалы: Сібір казак әскерлерінің обер-офицерлеріне сыйлық есебінде 600 десятиналық участкілер бекітіліп берілген. Штаб офицерлердің әрқайсысы 1000 десятинадан жер алған. Генералдар болса 3000 десятинадан жер иеленген. Сібір казак әскеріндегі 493 офицер чиновник 560 мың десятина жерді меншіктеген. Семей облысындағы 220 офицердің 215 мың десятина жері болған. Мұның ішінде 152 офицердің әрқайсысының жер көлемі 1000 десятинадан екен. 68 офицердің әрқайсысының жері 4 мың десятинаға жеткен. Кейбір ашқаз атамандардың басып алған жерлерінің көлемі 10-12 мың десятинаға дейін жеткен /15/. Ал енді жоғарыда айтқанымыздай бұл жерлерді игеруге мойыны жар бермеген және тегін жұмыс күші бар чиновниктер қазақтарды ұрып-соғып өз жерлерінде жұмыс істеткен. Міне, осылайша қазақтар кіріптарлыққа түсken үстіне түсекен.

Жерді жалға бергенде патша чиновниктері қарашекпендер ақы алуудың неше түрін ойладап тапқан. Бұл жөнінде Б.Сүлейменов өзінің монографиясында былай деп көрсетті. «Әскери иемденген жерге қоныстанған адам 1. Қыстау үшін. 2. Кора-жай салу және қысқы жайылым үшін. 3. Мал жайғаны үшін. 4. Өзен өніріне қыста мал паналатқаны үшін. 5. Шөп шапқаны үшін. 6. Отын пайдаланғаны үшін. 7. Жер жыртқаны үшін. 8. Шөп шабатын жер үшін. 9. Су көзін пайдаланғаны үшін ақша төледі /16/. Қазақ шаруасы жылына орта есеппен 13 сом тиын төледі. Бұдан басқа қазақ арендаторлары тұтін салығы мен жер салығын төлеген. Қазақстанды Еуропалық Ресейден шаруаларды қоныс аударту арқылы отарлау патша империясының саясатының құрамды бөлігі болды, қайыршылық жағдайдағы орыс шаруалары жаулап алынған және халқы бас идірлген шығыс аймақтарда баспа на тауып, экономикалық жетістіктерге қол жеткізді.

1856–1916 жылдар ішінде Қазақстанға 1,4 миллионнан астам келімсектер, яғни Азиялық Ресейге бағыт ұстаған мигранттардың үштен бірі келіп орналасты /17/.

Осылайша қазақ халқын қанаушы, біріншіден, патша чиновниктері болса, екіншіден, өздері Ресей жерінде қаналушы,

еілүші болған, кейін Қазақстанға үкімет жарғысымен қоныс аударған шаруалар болды. Патша өкіметінің ішкі Ресей губернияларынан шаруаларды Қазақстан жеріне қоныс аударту арқылы отарлау саясаты және отарланған аймақта өзіне әлеуметтік тірек дайындау мақсаты түбірінен орындалды. Профессор Файрат Сапарғалиев өзінің «Карательная политика царизма в Казахстане» атты еңбегінің «Вооружение эксплуататоров» деген тарауында: «қазақ халқын қанаушылар біз билетін помешиктерде, қан сорғыш кулактар да емес. Ишкі Ресейден шұбырып келіп, Қазақстанға қоныстанған крестьяндар», – деп көрсетеді /18/. Патша өкіметі бұратаналарды бірыңғай әскер күшімен үстап тұруға шамасы келе бермейтіндігіне көзі жеткеннен кейін крестъяндардың бұзық, ұрда-жықтарын таңдал алған да оларға тегін мылтық беріп қойған. Қажет деп санаған жағдайда пайдалануға рұқсат еткен. Олар қазақтың жерін өз жеріндегі пайдаланған. Ал патша әкімшілігі болса жергілікті тұрғындарға қарағанда қоныс аударған переселендерге жерді көбірек берген. Мысалы, Қазақстанда егістік көлемі 1906 жылы 1,5 млн десятинадан 1916 жылы 4,5 млн десятинаға дейін жетті. Оның ішінде солтүстік өнірдегі төрт облыста егістік жер көлемі 380 пайызға өсіп 2,5 млн десятина жерді қамтыды.

Осылайша Қазақстандағы патша самодержавиесінің саясаты, біріншіден, орыс казактары мен қоныс аударушы шаруаларға жер беру және көптеген қемек беру арқылы отырықшы-егіншілікпен айналысатын тұрғындардың санын көбейту арқылы өзінің Қазақстандағы әлеуметтік тірегін дайындау, екіншіден, қөшпелі мал шаруашылығымен айналысатын негізгі тұрғындарды жерінен айырып, жерді егіншілікпен айналысатын қоныс аударушы шаруаларға алып беру. Үшіншіден: жер иелерінің құқығын шектеу арқылы, жерді отарлауды одан өрі жүзеге асыру. Төртіншіден: патшаның отаршылдық аппараты, казактар және қоныс аударушы шаруалардың жергілікті халыққа үстемдігін бекіту болды.

Патша үкіметі осы мақсаттарды орындау, отаршылдық тәртіпті нығайтудың маңызды буыны есебінде әскери күштерді ұйымдастыруға ерекше көніл бөлді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Бекмаханова Н.Е. Многонациональная население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986. стр. 67.*

2. *Валиханов Ч.Ч.* Сборник сочинений в 5-ти томах. А., 1961. Т.1, стр. 495.
3. *Валиханов Ч.Ч.* Сборник сочинений в 5-ти томах. А., 1961. Т.1, стр. 500.
4. Қаз. ССР тарихы. Т. 3. 167 бет.
5. *Маданов Х., Мусин Ч.* Ұлы дала тарихы. 123 бет.
6. *Шойынбаев Т.Ж.* Добровольное вхождение Казахских земел в состав России. А. 1982. 193 бет.
7. *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX в. и начале XX в. Бек П.Е. стр. 68.
8. *Маданов Х., Мусин Ч.* Ұлы дала тарихы. 123 бет.
9. *Сапаргалиев Г.* Карательная политика царизма в Казахстане.
10. *Әсіпов С.* Қөп қорқытады. Жұлдыз. №11 ж. 133 бет.
11. *Масанов Н.Е.* Кочевая цивилизация казахов, стр. 229.
12. *Әсіпов С.* Қөп қорқытады. Жұлдыз. 1991. №11.
13. *Әсіпов С.* Ел болашағы құнарлы топыракта. Жұлдыз. 1996. №9. 27. Материалы по истории политического строя 5, 7. стр. 93.
14. Бекейханов жылғы санында басылған «Үшінші Дума һам қазақ» ма-каласында» «Қазақ» газетінің №1913.
15. *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX в. и начале XX в.
16. *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX в. и начале XX в. Бек П.Е. стр. 68.
17. ҚРОМА ф.4. Оп.1. Д. 2156. Л. 71. Обр. 93. Материалы по истории политического строя ст. 240.
18. *Сапаргалиев Г.* Карательная политика царизма в Казахстане.

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Дихан,
ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму
институтының директоры,
филология гылымдарының докторы,
профессор

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ ЖӘНЕ ТӘҮЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Казір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-кадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «ал-пыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабактастық үшін!

Дөл бүгін Алаш бізге неге жақын және неге алыс?

Мемлекетті маңызды істерге, шешімді қағидаттарға жұмылдыратын – саясат болса, біз содан Алаш тағылымын байқай алмай жүрміз. «Алаш тағылымы» деген не? Ол – иман мен тазалық, ой мен істе бірлік.

Елшіл барша ғалым айтып-жазып жатқандай, біздің бар салада отарсыздандыру үдерісі жүргүп керек еді. Алаш – осы жолдағы біздің әрі әліппемізге, әрі нұсқаулығымызға жарап темір-қазықтын.

Қоғамның ең жанды, ең мәнді буыны мен тетігі – білім. Күнде сөз болып жүрген тазалық та, отарсыздандыру да, идеология да осы білімнен басталып, біліммен аяқталады. Өкінішке қарай, атаптаған салаға Алаш рухы, тәжірибесі, мұрасы жетпей тұр...

Бүтінгі есін жиып, етегін жапқан азаматтардың бәрі кеңес кезеңінде туып, сол шақтың шындығымен суарылғандықтан, бірер мысал айтайық. 1920 жылы большевиктер өкіметі толық орнағанда, мынандай сүмдүк жағдай байкалған: азық-түлікке, әлеуметтік мәселелерге байланысты ірілі-ұсакты жауапты орындардың бәрінде халықты бұрын сұліктей сорған адамдар отыра берген. Біз Қазақстанды айтып отырмыз! Жеке қауіпсіздігі үшін олардың басым көпшілігі коммунистік партия қатарына өтіп те алған. Осы жағдай 1921 жылы Қазақстанды алапат ашаршылық-

ка алып келген (бір қызығы аштық десе, біз 1932 жылғы қырғынды ғана айтамыз). Сонда әлгі қой терісін жамылғандар титықтаған қазакты сұраушысы, жоқтаушысы жоқтай қолдан қыруға себепші болған. Сенбесеніздер, өжет, елшіл қайраткер, 2011 жылы 21 қантарда сүйегінің күлі 77 жылдан соң Мәскеуден Астанаға жеткізілген (жер қойнына 20 мамырда берілді) Смағұл Сөдуақасұлының «Қостанай-Торғай» атты еңбегін оқып көрініздер.

Осы тұста тағы да «қызық» жағдай қалыптасқан. Ұлт ахуалын көріп, шырылдаған Алаш қайраткерлері «аштарға жәрдем» (помгол) комиссияларына кіріп, киналған өнірлерге сәл бақуаттау өнірдің малын апарып көмектесіп жүргенде, олардың үстінен «ішіп қойды, жеп қойды» деген арыздар түсірілген. Мысалы, 1926 жылы жазушы Ж.Аймауытұлы осы жағдаймен «істі» болған. Ол ашық сотта мықты дәлелдің арқасында ғана әупірімдеп аман қалған.

Көрдіңіздер ме, қара суды қалай теріс ағызуға болатынын? 1921 жылы Смағұл Семейдегі отаршылдардың сарқыншағының тыйям дегенде, Орынборға бірден шақырылып, әуре-сарсанға түскені тағы да бар...

Біз мұны неге айтып отырмыз? Қазактың ғасырлар бойы ан-сап, құресіп қол жеткізген азаттық нәпакасын біреулердің жырым-жырым етуді көздегенін сезген соң айтып отырмыз.

Қазақстанда Алаш жолы орнаса, біз әрбір шараны жүзеге асырмас бұрын «осыны Әлихан, Мұстафа, Ахметтер қалай жасар еді?» деп ойланар едік. Олар да құдайы көршілерімен санақсан, алайда толық теңсіздікке жетпеген үлтynың мұддесін жоғары қойған.

Енді аз-кем тарихқа үнілейік. Тарихи оқиғаларға параллель жүргізсек, 1917 жылдың оқиғаларын 1991 жылдың оқиғаларымен салыстыруға болады. Деректерді сөйлемейік:

1917 жыл, 22 сәуір – Закавказье Федеративтік республикасы жарияланды.

1917 жыл, 13 маусым – Украина халық республикасы жарияланды.

1917 жыл, 27 қараша – Қоқанда Түркістан автономиясы (мұхтарият) жарияланды.

1917 жыл, 29 қараша – Башқұрт автономиялық республикасы жарияланды.

1917 жыл, 18 желтоқсан – Белоруссия тәуелсіздігін жариялады.

1917 жыл, желтоқсан – Финляндия, Литва, Латвия тәуелсіздігін жариялады.

1918 жыл, ақпан – Эстония тәуелсіздігін жариялады.

1917 жыл, 13 желтоқсан – Орынборда Алаш Орда үкіметі жарияланды. Қазақ зиялыштары осы күні Сырдария облысының съезінен (1918 жыл, 6-9 қантар) кейін Түркістан қазактарымен қосылған біртұтас Алаш автономиясын жариялаймыз деп шешеді.

Жоғарыдағы хронологияны 1991 жылға түсірініз. Жұз пайыз болмаса да, реті мен үрдісі аумайды. Бағы да, соры да құрделі Башқұртстан амалсыз жер ортасында қалып кетті. Финнің айы сол кезде-ақ онынан туған. Ұзағынан! Балтық бойы сол шакта да, фашизмнің алды-артында да тәкаппар күйінде қалған. Өздеріне пайдалы елдік тәкаппарлық! Эстонияның 1918-дің ақпана қарай жылжуының объективті себебі бар. Қазақ сол жолы да, кейін де тәуелсіздігін соңыра жариялаған. Тәуекелсіздігі дей алмаймыз, ойланғаны һәм байыптағандығы. Абзалы, жарияланғаны! Мәселе оның мазмұнында ғой.

Дұрыс-ақ! Біз мұнымен не айтпақ болдық? Жаңа тәуелсіздігіміздің 20 жылында тақыр жерге шықпағанымызды қайтадайта сезінуіміз қажет. Тарих деген, өткеннің сабағы деген – жай бір нәрсе емес, ол – тәжірибелісінен бен білігіміз. Біреу ұмытып жатса, есіне салайық! Біреу әдейі бүрмаласа немесе қасақана білгісі келмесе «мырза, қай елде тұрып жатырсыз?!» дейік.

Соңғы 20 жылдың ішінде Алаш мұрасы біршама жарияланды, халыққа жетті. Бірақ мұраны тану, бүгінгі өмірде колдану, олардың тағылымын алу жағынан үнемі біржактылыққа ұрынып келеміз. Мысалы, Алаш зиялыштарына «жансыз портрет ретінде қарау» көзқарасы берік орнықкан. Олардың мұрасын «кезендік дүние» есебінде бағалаудан арыла алмай жүрміз. Егер біз «Әлихан Бекейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Сұлтанбек Қожанұлы мұрасы XX ғасырдың басындағы шындықтың ғана ауқымын танытады, бүгінге жарамайды» десек, онда біз ол арыстарымызды, тіпті тарихтың өзін қажетсінбеген болып шығамыз. Ал егер олардың шығармаларындағы сол күннің мұнарасынан қарағанда да, бүгіннің биігінен шолғанда да ұлт тіршілігін ілгерілететін негіздерді байқасақ, мәселеге түпкілікті, өлеуетті құшпен оралуымыз қажет. Мұстафа Шоқай өз естеліктерінде Ақмешіттегі бір қайраткер туралы: «Ол исламға, мұсылман дініне имандай сенетін. Бүгінгі күнгі жасаған күнәларым ертең алдыннан шығады деп

есептейтін» дейді. Мұстафа Шоқай осы арқылы бір жағынан, сол кезеңдегі адамдардың тазалығын айтса, екіншіден, ұрпаққа аманат жүктеп, жалпы адамдардың сөзі мен ісінін бір жерден шығуын міндептеп отыр. Ал соны құлағына іліп жатқан қай шенеунік бар? Әлихан Бекейхан: «Бәріміз бұл сүм дүнияға қонақ. Артында орынбасарың табылсын!» деп жазады.

Жалпы, Әлихан мен Мұстафалардың аңсаған тәуелсіздігі – біреудің есебінен, тарихи тұлғаларды мансұқтап жеткен немесе ағымдағы бір коньюктураға қызмет ететін тәуелсіздік емес, ол – ұлттың нақ өзіне қызмет ететін тәуелсіздік. Қазіргі кезде, өкінішке қарай, қайраткерлеріміз күнделікті өмірде, қызмет барысында Алаш зиялыштарын ауызға алмайтын болды. Мысалы, Парламент депутаттарының сөзін сабактаған кезде «Әлихан Бекейхан былай деп айтқан еді, Мұстафа Шоқай бүй деген, Ахмет Байтұрсынұлының мынандай тұжырымдамасы бар, Халел Досмұхамедұлы бұл жөнінде төмендегідей ой айтқан...» дегенін естіген жоқпыз. Сонда бұгін өзін «қайраткер» санап жүргендер тарих мойындаған қайраткерді ауызға алмаса кім болғаны? Бұдан бір-ақ қорытынды шығады: мұндай сабаздар өз бетімен кітап оқымайды немесе ұлт тарихын мұлде білмейді. Осыдан соң халыққа, өзімізге карастылып айтқан ауыр сұрап алдымыздан шығады: саяси қайраткерлер арасындағы тарихи сабактастық қайда қалды? Тарихтың түзігінен, қателігінен сабак алу деген ұғым бар емес пе?

Алаш зиялыштарының портретін іліп, кітаптарын сөреге тізіп қойып, сонымен шаруаны шектегеннен не ұтттық? Кітап ашылған жок. Портрет портрет күйінде тұр. Бұрынғы өткен бабаларымыздың суретшілер ойша кескіндеген көркем бейнесін тұсымызға іліп қойып жүрміз ғой. Алаш тұлғаларының портреттері де сол дерегі аз тұлғалардың бейнесіне үқсан барады. Ал шындығында бұлар – отаршылдықпен, әділетсіздікпен бетпе-бет келіп күрескен, азат рух пен тазалық туралы ұшан-теніз ұлғі-өнеге, мұра қалдырған тендессіз қабілет иелері, тіпті тәуелсіз мемлекет құру идеяларының авторлары емес пе! Олардың шығармаларындағы барлық дерлік ой-тұжырымдар бұгінгі күнмен берік сабактастып жатыр. Мысалы, Смағұл Сәдуақасұлы жиырма жасында үлкен саясаттың биігіне көтерілді. Жастар одағын басқарды. Жиырма бес жасында оқу-агарту комиссары (министр) болды. Оның сол кезде жазған енбектерінде бұгінгі күннің талғамы мен талабына сай келетін көп нәрсе бар. Қазіргі білім реформасына, дін мәсесінен көп көшірілген жағдайға да сол тұста

айтылған. Смағұл дінге байланысты былай дейді: «Орыстың поптары ертеңнен қара кешке дейін шоқынудан басқаны білмеді. Қазақтың молдалары бір жағынан дінді үйретсе, екінші жағынан балаларға хат танытуды үйретті (Сонғы жұмыс үшін орыстарда учитель дегендер болушы еді)».

Көрдініз бе, дінге деген көзқарастың қай бағытта өрістегенін? Жалпы, қазақтың арғы танымындағы «Аңқау елге — арамза молда» дегендегі молда — «учитель» ұғымындағы мұғалім деген сөз. Елаңқау болса, оған көп тәлім-тәрбиесі жоқ, ниеті бұзық мұғалім сабак үйретеді, сөйтіп қате бағытқа салады деген мағынада айтылып отыр.

Осы Смағұл — ұлттың ары мен иммунитеті еді. Кремль функционері Ф.Голощекин Қазақстан басшылығына келіп, «кіші Октябрь» экспериментін бастағанда көп қазақ атқамінерлері «Сіздікі дұрыс!» деп құрдай жорғалап, табанын жалаған. Сонда бір С.Сәдуақасұлы тұтас қазақ арының кейпінде оған қарсы тұра алды. Оның елшіл жүргегі — арыстанның жүргегі еді демей-ак қояйық, Кенесары жүргегінің бір бөлшегі еді. Айтпақшы, осы Смағұл 1922 жылы И.Сталиннің қабылдау бөлмесінде тұрып, бұл басшының қабылдауынан шыққан орынборлықтарды (қазағы да бар) көріп, кіру ниетінен бас тартқан. Досына жазған хатында Кене ханның рухтас ізбасары: «Жүргегінде титтей таза еті болса, қазақ ішкі кикілжіні туралы бөтенге тіс жармауы керек» дейді. Әне, ұлтқа адалдықтың бір белгісі. Тағы бірде өздерінің түк бітірғеніне қарамай халықты орынсыз сынайтындарға қаратып: «Бұлар сол «жаман қазақтан» байқаусызда туып қалғандар ғой» деп жазады.

80-жылдардың сонына таман кеңес қоғамында «қайта құрудын» өсерімен әр түрлі бастамалар көтерілді. Тарихты қайта қарап, көп жамандықтан арылуымыз керек деген ынғайдағы ойпікірлер үстем тұрды. Кеңес дәуірінде екі саланың (мәдениет, сыртқы істер) министрі болған Мұсілім Базарбаев осы мәселені жиі айтатын. «Кеңес тұсында жазған көп кітаптарымдағы ойларды мен қазір сзызып тастауға бармын. Қайтадан жазуым керек» дейтін. Өмірінің соңғы кезінде ол төрт-бес кітабын қайта жазды. Мұсекен арылу, айығу дейтін ұғымдарға катты көніл бөлді. Бұл шакта грузин киношебері Тенгиз Абуладзенің «Покояние» атты фильмі жұрт аузында жүретін. Ал бізде алғаш «Ф.Голощекин — Қазақстанды дамытқан қайраткер» деп макала, 1986 жылғы Желтоксандағы жастар ұстанымын «А.Байтұрсынов құйыршықта-

рының әсері» деп кітапша жазған үлкен лауазымды тарихшылар ләм-мим деместен «тәуелсіздік құрылышыларына» айналып кете барды. Сонда дағдарған халық іштей тынып, Мәшһүр Жұсіпше: «Тұзуліктің заманы оянды ма? Бұзылғандар әдетін қоя алды ма?..» деп жүрді.

Біз, бәрімізде, тәуелсіз жаңа қоғамға бір ыңғайда, бір ниетпен өттік деп айту қыын. Қөптеген қайраткерлеріміз комсомолда, партияда қызмет істеді. Олардың біразы қазіргі тәуелсіз қоғамды құруға психологиялық жағынан да, моральдық жағынан да даяр емес еді. Бірақ бәрі де «бір кісідей» кіріспе кетті. Әрине, оларға мұндай жаңа қоғам құру үшін арнайы даярланып, басқа бір жерде жетіліп кел деп айту да қыын. Уақыт оны күтпейді. Әр азамат іштей соған даяр болып, жан-жүргімен жаңа қоғамға қызмет етсе, категіктерін мойындаپ, арыла білсе, тәуелсіздіктің негізгі қағидаттары, жақсы мен жаманды айыратын ұстанымы тезірек орнығар еді. Бірақ бүгінгі күннің іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарап, кейде тәуелсіздіктің кірпішін тұзу қалап жатырмыз ба, жоқ па – ойланып қаламыз. Обыр коррупция билік былай тұрсын, ак парактай болуға тиіс жас балалардың да жүргегін жаулап алған сыңайлы. Тәуелсіз әлеуметтанушылар жүргізген зерттеулерге сенсек, 14-16 жастағы мектеп оқушыларының 65 пайызы «бәрін ақшамен шешуге болады» деген көзқараста жүрген көрінеді. «Әділет» деген атқа ие сала әділетсіз болса, басқа салалардың атын да, затын да тексеріп жату артық шығар. Діннің айналасында да кіршіксіз тазалық болмай тұр. Мемлекеттің дінге қатысты анық, мұдделі ұстанымы болуы тиіс. Жастар арасындағы отаншылдық, белгілі бір саяси үйымдарға кіру кенес тұсының науқаншылдығындағы қалыпқа түскені де ойлантады.

Сонда қастерлі нәрселердің мансұқталғаны қалай? Алаш зияллылары мұндайға жол бермес еді. Бұл ретте амалсыз тарихтағы жас алашшылдар құрған «Жас азамат» үйымының ісін еске аламыз. Бұл – патша тұсында жасырын қызмет жасаған «Бірлік» үйымының жалғасы болатын. «Жас азамат» адал ағаларындағы «ұлт ісі жолында өлсек – бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде табылармыз» дейді. Үлкен Алаш та, жас Алаш та ақжүректік деген үғымды қатты қастерледі. Яғни Отанға, ұлтқа шексіз берілді. Халықтың есебінен күн көру, білімсіз-ақ бедел һәм ақшатабу дегенді білген жоқ. Қандай лауазым иеленсе де ағартушылық қызметін (миссия) қатар алып жүрді. Мысалы, сол кезде өзімен бірге кітапханасын көшіріп жүрген зияллылар туралы

аныздар айтылған. Ә.Бекейхан сол шамада кітапханасының бір бөлігін «Бірлік» ұйымының жастарына сыйлаған. Ал қазір кейбір шенеуніктердің ұлттық мұддені қорғамақ түгіл, балаларын қазақ мектебіне де бермейтіндігі туралы баспасөз жиі жазады. Лауазымға қолы жеткен қазіргі қазақ азаматы бала-шағасына «бұйыртқан» материалдық игіліктерін көрсетуге өуес. Халық бәрін көріп отыр. Бұл да Алаш тұлғаларының өмірлік ұстанымына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын нәрсе.

Әрине, бұгінгі мемлекеттік қызметкерлердің арасында оқығаны мен тоқығаны, білімі мен білігі, адамшылығы мен жауапкершілігі байқалып тұратын азаматтар да бар. Бірақ, ұятымызға қарай, солардың катары аз ба деп қаламыз. Бұрын (кенес тұсында) баспасөзді оқып, мәдени-әдеби өмірді байыптай алатын шенеуніктер кездесетін. Қазір «керек кезде мақаланы тапсырыспен жазғызамыз» деген түсініктегі сабаздарға – «бәрі бидай» немесе бәрі ақша! Тазалығың да, салт-санан да, ғылымың да, тарихың да – көк тиын. Әрине, өкінішті әрі қорқынышты! Қалай дегенде ел мен иманға күзетші зиялышының саны «шешуші салмактан» (критическая масса) төмен болмауы тиіс. Ұзын сонар тарихымызды таразыға салып жіберсек, «шешуші салмакты» арттыратын – Алаш жолы болып шығады. Ендігі біздің бүкіл үмітіміз бен іс-әрекетіміз, әсіресе БАҚ-тың құші сол азшылықты қөбейтуге, Алаш жолын насиҳаттауға бағытталғаны жөн.

ОМАРБЕКОВ Талас,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры,
тарих гылымдарының докторы

ПЕТРОПАВЛ ЖӘНЕ ПАВЛОДАР АТАУЛАРЫ – ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ШЫНАЙЫ ТӘҮЕЛСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАҒАНЫ

Арғы тарих не дейді?

Петропавл және Павлодар қалалары қазақ даласында бой көтермей тұрып-ақ, сандаған ғасырлар бұрын, бұл дала түркілердің және олардың бабаларының ерсілі-қарсылы көшіп жүрген атамекені болатын. Қытай жылнамаларына назар аударсақ, бұл аймақты ежелден-ақ түркі тілдес теле және телес тайпалары мекендергенін, олардың ру-тайпалық бірлестіктері батыстағы сарматтардың және аландардың жерлеріне шектескенін анғарамыз. Орта ғасырларда бұл аймак Түрік қағанатының құрамына енсе, ал VIII ғасырдан бастап мұнда, Ертіс бойында қимақтар, олардан онтүстік-батысқа қарай қыпшақтар орналасқанын көреміз. Алтай тауының онтүстік-батысъынан Ертістің орта ағысына дейін ежелгі қарлұқтардың тайпалары көшіп-конып жүрді. Тарихқа Құлынды даласы деген атпен енген бұл аймақта біртіндеп қыпшақтар үстемдік алды және бұл «Қыпшак даласы» деген атауға ие бола бастады. Ал енді қазақтың тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататынын тілші ғалымдар әлдеқашан-ақ дәлелдегені белгілі. Шығыстан бұл өнірді жаурай келген Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы да қыпшақ тайпаларының этникалық бірлігін ыдырата алған жоқ. Қайта осы аймақтың тұрғындарының ықпалына түсіп, оның өзінің де, үрпактарының да қыпшақтанан бастағанын білеміз. Алғаш Ақорда онан соң, Қазақ хандығы құрамына енген бұл аймақта орыс отарлауы қарсанында қазақ ру-тайпалары емін-еркін көшіп-конып жүретін еді. Халық орыстар келді еken деп ата-баба мекенін тастап кете қойған жоқ. 1890 жылы Петропавл уезінде 100 886 адам тұрып жатқан болса, соның жартысынан көбі қазақтар еді. Бұл аймак арғын, қыпшак, керей, уақ тайпаларынан тараған рулардың атамекендері болатын(Волости населенные места 1893 г. Вып. 1. Акмолинская область. – СПб., 1893.-1 б.). Павлодар уезіндегі халықтың негізін арғындар, және оларға аралас қоныстанған қыпшақ және найман рулары құрады. Қыпшақтар уездің солтүстік бөлігінде Ертістің екі жағы-

на орналасса, найман, уақ, керей рулары осындағы әр түрлі аймақтарда қыпшактармен жөне арғындармен араласа қоныстанған еді. Алайда қазақ жерін отарлаушылар құшпен ру-тайпалар мекеніне сыналай кірді жөне оларға өздерінің тілін, салт-дәстүрлерін құшпен таңды. Отар елдің тарихы бұрын тәуелді болған мемлекеттің этнонимдары мен тарихи атауларын ұзак уақыт сақтап қалады. Осының көрінісі Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы Петропавл жөне Павлодар қалаларының тарихи атауларының өлі күнге дейін сақталып келе жатқандығы. Осы қалалардың бұрынғы атауларын өзгерту туралы маңызды мәселенің өзінің шешімін таба алмай келе жатқанын жақсы білеміз. Бұл қалалардың атын өзгертуге қарсылар шын мәнінде жөне ең бастысы осы қалалар атауының шығуы жөніндегі тарихи білімдері шамалы адамдар деп ойлаймыз.

Кереку ме, жоқ әлде Павлодар ма?

Тарихшы М. Қозыбаев өзінің Ермакқа байланысты әйгілі мақаласында Павлодар өнірін жергілікті қазақтардың Қызылшырлы атағандарын айтады (Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. А., 1992. 200-201 б.). Иә, алысқа бармай-ақ XIX ғасырдағы осы аймақтардағы болыстар атауларына шолулар жасасақ, «қызыл» атауының бұл аймақтарда жиі кездесетінін айқын байқаймыз. Мысалы, Павлодар уезінде Қызылағаш, Қызылтау деген болыстар кездесетін болса, оларда тағы да Қызылшоқы, Қызыладыр, Қызылқұм, Қызылсор атты жер аттары да кездеседі. Алайда Павлодар форпосты көп кешікпей-ақ Қызылшырлы атауын ығыстырып шығарды. Мұның өзі патша өкіметінің солтүстік Қазақстанның отарлау саясатының күшіне түсінін нақты нәтижесі еді. Ертіс бойындағы өскери казактардың қазақ жерін жаулау әрекетін осында көшіп келген орыс шаруалары да нығайта түсті. Олардың бір бөлігі осында жана жерлерді игерумен қатар тұз кәсіпшілігін өркендетумен де айналысты. Мұндай тұзды қөлдердің бұл аймақта өте көп кездесетінін кезінде А. И. Левшин де атап көрсеткен болатын. Осында тұзды өндіретін қөлдердің бірінің маңына Коряков деген орыс казагы кең орнын ашты. Оның есімін қазақ тіліне икемдеп алған жергілікті қазактар Кереку дейтін болды. 1716 ж. бастап Ертістің он жақ жағалауында патша үкіметінің өскери отаршылдық саясатының тірек пункті ретінде Ертістің онтүстік жағалауында орыс казактарының күшімен тағы да

5 қамал салынды. Олардың ішінде 1718 жылы Семипалатинск, 1720 жылы Усть-Каменогорск бой көтерді. Осы қамалдарды өзара байланыстыру үшін олардың араларына 7 форпосты салынды. 1720 ж. отарлауши Сібір казактары осы жерде форпости, яғни әскери бекініс орнатып, оны Коряков әскери бекінісі деп атады. Бұл орыс-казак қамалы әйгілі Құлынды даласының онтүстік батыс жағында, Ертіс өзенінің онтүстік жағасына орналасқан еді. 1838 ж. Ямышев қамалынан көшіріліп кетуіне байланысты осында Коряков станицасы салынды. 1861 ж. Столыпин реформасынан кейін солтүстік Қазақстанға орыс шаруаларының жаппай қоныстануы бұл аймакты бір жолата орыстандыруға жол ашты. Енді аталмыш станица атауының қайдағы бір елеусіз Коряков деген кісінің есімімен аталуы орыс шенеуніктерін қанағаттандыра қойған жок. Сондықтанда бұл елді мекен енді Петр III мен Екатерина II ұлы император Павел I (1754–1801) есіміне сәйкестендіріліп, Павел форпостысы(Павлодар) деп аталатын болды. Ол енді Семипалатинск облысына қарайтын Павлодар уезінің орталығына айналды. Мұның өзі бұл қаланың біртіндеп нығая түсінен жол ашты. Дегенмен де жергілікті қазактар бұл қаланы бұрынғы орыс көпесі Коряковтың есімімен байланыстырып Кереку деп атауды әдетке айналдырған еді.

Кейбір әдебиеттерде мұндаға дейін Павлодар қаласының атын Әулие Павелдің атымен байланыстыру орын алғып келді. Кенестік кезеңде жарық көрген кейбір әдебиеттерде Әулие Павел апостолдар қатарына жатқызылып жүрді. Шындығына келсек, шіркеу рәсімі бойынша Жаңа өсиетте(Інжілде) көрсетілген Айсаның(Христостың) 12 шәкірті болып есептелетін апостолдар (елшілер) қатарында Әулие Павелдің кездеспейтінін кейінгі зерттеулер көрсетіп отыр (Б.Құдайберген-Қайнелұлы. Апостол./ / Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, I том, 392 б.). Мұны кезінде Коряков атанған Павлодардың тарихында «Әулие Павел» деген есімнің тарихи деректерде аталмауы да анғартады. Егер Петрапавл о баста Әулие Петр қамалы аталған болса, ал Павлодар атауының ешбір өулие есімімен байланысы жок. Әулие Павел атында қазақ жерінде ешқандай да қамалдың немесе форпостының болмағаны 1832 жылы қазақ тарихынан іргелі еңбекті жарыққа шығарған А.И.Левшиннен де анғара аламыз.

Ал енді қалаға есімі берілетіндей Ресей императоры Павел I кім еді? Оның өмірбаянына көз жүгірткен адам оның қазақ жеріндегі қала тарихына ешқандай да еңбек сініре коймағанын

айқын аңғара алады. Ол ең болмаса орыстардың қазақ жерін жүйелі түрде отарлау ісіне де елеулі үлес қоса алған жоқ. Орыс тарихшыларының өздері кезінде Павел I төмендегідей сипаттама берген болатын: «Мелкая придирчивость Павела I, усугублявшаяся его психической неуравновешенностью, самодурство, рост централизации и бюрократизации гос. аппарата вызвали недоволство даже среди дворян (в т.ч. части сановного дворянства)... В среде гвардейских офицеров созрел заговор против Павела I... В ночь с 11 на 12 марта 1801 в Михайловском замке заговорщики убили Павеля I.» (Цамутали А.Н. Павел I//Советская историческая энциклопедия. X том, 708–709 б.). Ал енді осы айтылғандардан мынадай логикалық сауал туындаиды: өзінің елінде қадір-қасиеті төмендеп, халық алдында абырой белелден айрылып, бәрін масқара өліммен аяқтаған осындай патшаның есімін әспеттеп Қазақстанның ірі қалаларының бірінде сактап қалуға қандай қажеттілік бар бұгінде?

Қазақ жерінде Петропавл атауы қалай пайда болды?

Ал енді біраз елді мазалап жүрген Петропавл атауы қайдан шықты деген сауалға да жауап беруге тырысып көрелік. 1740 жылы В.Беринг пен А.Чириков бастаған екінші экспедициясы Камчаткаға келіп жетті. Олар осында жаңа әскери бекіністің негізін қалады. Бұл бекініс олардың өздері мініп келген «Святой Петр» және «Святой Павел» атты кемелердің атауларына сәйкес Петропавл атауына ие болды (Бякина В.П. Петропавловск-Камчатский//Советская историческая энциклопедия. 11 том, 119 б.). Қазақстанда отарлау жүйесінің күшеюіне байланысты Ертістің бойында жаңа бекіністер мен форпостылар салына бастаған кезде олардың бірі осы Камчаткадағы Петропавл бекінісінің атына ие болды. Петропавл қамалы Сібір казактарының Горкая Линия деп аталатын жаңа әскери қамалдар тізбегінде басты бекіністердің бірі болды және ол алғаш Әулие Петр қамалы атанды. Мұнда жаяу әскер батальоны, драгундардан, казактардан, башқұрттардан құралған әскери гарнизон болды және кару-жарақ қоймасы сақталды. Петропавлдан шығысқа, Омбығы қарай қатар-қатар 4 қамал және 9 редут орналасса, ал батысқа қарай 6 қамал орналасты. Жыл өткен сайын Сібірдің шекаралық линияларында бекіністер саны да көбейе берді. 1755 ж. осында 2991 шақырымға созылған шекарарада 18 қамал, 13 форпосты, 31 ре-

дут, 23 станция және 35 маяк жұмыс істеді. Мұның өзі қазақ көшпелілерінің Ертіс, Есіл және Тобыл, сондай-ақ Ертістің он жағалауы аралықтарындағы жазғы жайылымдарының ауқымын тарылтып, қазактар мен Сібір казактарының арасындағы жерге байланысты алакөздікті өршіте түсті (Абдиров. М. Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994, 95-96-беттер).

А.И.Левшин өзінің еңбегінде Желдібай көлінің Әулие Петр қамалынан оңтүстік батыста 135 шақырым қашықтықта жатқанын айтады (Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей Алматы. 1996, 58-б). Алғаш Әулие Петр атанған қазақтың Қызылжар аймағында бой көтерген қазіргі орманды даласының төрінде орын тепкен Петропавл қаласы болатын. Қаланың ірге тасы 1752 ж. қазақ жерін отарлаушы Сібір казактарының әскери бекінісі ретінде қаланғаны белгілі. Бұл Петр I шығысты отарлау саясатымен тығыз байланысты болды. Алғашында әскери форпост ретінде салынған бұл бекініс кейіннен Сібір татарларының (түркілерінің) қаласы атанды. Бірақ шын мәнінде қаланы билеушілер орыс казактары, әскерилер еді. Қала о бастан-ақ патшалық Ресейдің солтүстік және орталық Қазақстанда отарлау саясатының басты тірегіне айналды. О бастан-ақ басқа халықты отарлаудың әскери және саяси орталығы ретінде өмірге келген және басқаларды тонауға келгенде алдарына жан салмайтын имандылық атаулынан жүрдай орыс казактарының ордасына айналған қамалдың діни сипаттағы Әулие Петр атауын ұзак үақыт ұстап тұра алмасы бесенеден белгілі еді.

XVIII ғасырдың 70-80-жылдарында қамал бірде Әулие Петрдің есімімен аталса, бірде Петропавл атауымен белгілі болды. 1782 жылы Абылай ханның ұлы Уәлиді орыстар хан көтергенде бұл қамал өлі Әулие Петр атында болса, ал 1798 жылы Петропавл атала бастады. Ол 1838 жылы Есіл округінің, 1868 жылы Ақмола облысының құрамында уездік қала ретінде өркендей бастады және 1868 жылдан кейін Сібір және Түркістан сауда жолына орналасқан бұл қала Ресей мен Орта Азия хандықтарының қазақ даласы арқылы өтетін сауда-саттық қатынастарының басты орталықтарының біріне айналды. Орта жұздің ханы ретінде Екатерина II тарапынан мойындалған Абылай хан осында ірі сауда орталығын ашуға рұқсат алды.

Тарихи деректерде Абылай ханның осында өзіне арнап үй салдырғаны туралы айтылады. Патша өкіметі А. И. Левшиннің еңбегінде атап көрсеткендегі 1762 ж. басында әйгілі қырғыз-қа-

зак рубасыларына көптеген сыйлықтар мен марапаттаулар жөнелтіп, оларға шекара бойында мемлекет есебінен мал қоралары мен сарайлар салып беру туралы Сібірдің және Орынбордың шекара бастықтарына нұсқаулар берген. Осыған байланысты А.И. Левшин Абылай сұлтанды бөліп көрсетіп, былай деп жазады: «К султану Аблаю велено немедленно послать инженерных офицеров, с тем, что бы они построив ему дом со всеми нужными принадлежностями и помещениями, обнесли они валом в виде крепости, для самолюбия киргиза такой знак отличия был очень важен» (Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей Алматы. 1996, 241-б.). Отаршылдардың сойылын соққан тарихшы А. И. Левшин онан әрі қырғыз сұлтандары мен Абылай ханның орыстарға бодан болуы туралы келісімін алу үшін осындай әр түрлі әдістердің қолданылғандарын атап көрсете келіп, сонымен бірге Абылай ханға Петропавловскі қамалына қарсы бетте біраз жыл өткен соң шынында да үй салынғанын жазады. Шындығына келсек Абылай ханның бүл қалада үй салдыруының өзіндік саяси астары бар болатын. Мұны бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіріп отырған бүгінгі Елбасымыздың саясатымен салыстыра қарауға да болар еді. Абылайдың әрекеті шын мәнінде орыстардың солтүстік Қазақстан аймағына терендеп енуіне кедергі жасау пиғылынан туындағанын аңғару қын емес. Қазақ ханының шаңырағының орыс қамалына қарсы салынуы сол кездегі қазақ даласындағы отаршылдыққа қарсылықтың нақты көрінісі еді. Абылайдың орысқа басыбайлы болуға мүлде қарсы екендігі оны Екатерина II 1778 жылы Орта жүзге хан етіп тағайындау туралы грамотаға қол қойған соң анық байқалды. Абылай бүл құжатты алу үшін Орынборға шақырылса да онда бармай қойды. Орыс әкімшілігі амал жоқ өздерінің реесми грамоталарын және ханға арналған әр түрлі сыйлықтарын Петропавл қамалына жіберді. Ал Абылай болса үйі осы Петропавл қамалының қарсы бетінде болса да орыс императрицасы жіберген грамотаны келіп алған жоқ. Мұның өзі орыс билігінің мұндай шешіміне Абылайдың пысқырып та қарамайтынын айқын байқатқан еді.

Әулие Петр мен Әулие Павел: олар кімдер?

Сонымен қазақ жеріндегі Әулие Петр мен Әулие Павел атын жамылған қала отаршылдық орталығы Петропавл туралы айтқанда, бүл аталған әулиелер кімдер еді деген сауалға да жауап берге-

німіз жөн болар. Бұл туралы кезінде орыс тарихшыларының өздері нактырақ жазған болатын. Петрдің евангелия бойынша басты апостолдардың бірі болып табылатыны белгілі. Оның христиандықты қабылдағанға дейінгі есімі Симон. «Матвейдің евангелиясында» ол он екі апостолдар арасында алғашқы болып көрсетілген және оны шақырған тасқа шіркеу салынған. Алайда дәл осы евангелия оның Христтан үш қайтара бас тартқанын да атап көрсетеді. Шіркеу аныздары бойынша Петр Римнің алғашқы епископы болған және Неронның тұсында христиандарды қудалау кезінде өлім жазасына кесілген. Христиан шіркеуінде басты орынға ие болу үшін рим папалары өздерін осы Петрдің мұрагерлері ретінде көрсетеді. Ерте христиандық кезенде жаңа дінде иудаизмнің кейбір элементтерін, мысалы, сұндектеке отырғызу дәстүрлерін сактап қалуға шақырушылар өздерін осы Петрдің жолын қуушылар ретінде көрсетіп келді. Бірақ кейініректе мұндайлар шіркеу тарапынан еретиктерге жатқызылып, қатты қуғындалды («Советская историческая энциклопедия», 11 том. 93 б.)

Ал енді «Әулие Павел» дегеннің кім екендігіне тоқтала кете-лік. Павел ертексиандық дәстүрде апостолдардың бірі ретінде көрсетіліп келді. О бастағы есімі Савл. Оны жаңа өсietеке кіретін 14 жолдаманың авторы ретінде көрсететін дінтанушылар да бар. Бірақ үл жолдамалардың шіркеу аныздары бойынша I ғасырда өмір сурген Павелдің тұсында емес, одан кейінгі жұз жылдықта, яғни II ғасырдың орталарына дейінгі тарихи кезенде және бір емес бірнеше адамның күшімен құрастырылғаны анықталған. Павелдің қызметі «Деяния апостоловта» нактырақ көрсетілген. Ол бойынша ол алғаш христиандарды қудалаушы ретінде көрсетілсе, кейіннен «қайта туып» шоқынған соң, өзінің есімін Савлден Павелге өзгертіп, христиандық ілімдерді қолдауға көшті. Ол діндарлар арасында иудаизмнен бас тартқан, христиандықты қолдаушылар көсемі ретінде мөлім. Үл ағымның христиандықта III ғасыр басында женіске жеткені белгілі («Советская историческая энциклопедия», 10 том, 709 б.). Алайда кейінгі зерттеушілер жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Павелдің апостол болғанын теріске шығарды.

Қазіргі кезде Қазақстандағы Петропавл және Павлодар қалаларының атауларын өзгертуге қарсы шығушылар осы біз әңгімелеген екі әулие есімдерін құрметтеуге шақырады. Республика халқының 75 пайызы мұсылмандар, ал 65 пайызы қазактар болып отырғанда ежелгі Рим аймағынан шыққан әулиелер есімдерін

тәуелсіз Қазақстанның көрнекті қалаларында сақтап қалуға қандай қажеттілік бар? Оның үстіне екі әулие есімін біріктіріп тұрған Петропавл атауының өзінің де Қазақстанға алыстағы Камчатканан көшіп келгенін көріп отырған жоқпыз ба? Тіптен Камчатқадағы Петропавлдің атын қойған экспедиция мүшелерінің өздері де ондағы қалалары екі әулиенің есімімен емес, өздері мініп келген «Святой Петр» және «Святой Павел» атты кемелерінің атымен атады емес пе? Ал енді бұл экспедицияның біздің бүгінгі тәуелсіз елімізге және оның облыс орталықтарына айналған іргелі қалаларына қандай қатысы бар? Осындай сауалдарға жауаптар іздестіргенде біздің Қазақстандағы Петропавл және Павлодар қалалары атауларының дін әулиелерін құрметтеу тұрғысынан да, сондай-ақ Камчатканы ашқан экспедицияның ғылыми ерлігін құрметтеу ретінде де қойылмағаны айдан-анық бола түседі. Шындығына келсек кезінде атальмыш қалалар төнірегінде көшіп жүрген қазақтарды көзге де ілмеген және мұлде менсінбеген отарлаушылар үшін жаңа әскери бекіністер қалай аталса да бәрібір, бірақ міндетті түрде орыс тілінде болуы және жоғарыдағы патша ағзам төнірегіндегілерге ұнамды да түсінікті естілуі керек болды. Сондықтан да Петропавл мен Павлодар атауларынан ел өлі күнге дейін орыс патшаларының есімдерін іздестіріп әлек. Бұған дәлелді себептер де жоқ емес.

Белсенді отарлау аймагы

XVI ғасырдың орталарында Сібір татарлары (түркілері) Мәскеу патшалығының Пермь аймағына оқтын-оқтын жортуылдар жасап тұруды әдетке айналдырыды. Мұнда кәсіпкер көпестер Строгановтардың адамдары өздерінің өндіріс орындарын аша бастаған еді. 1573 жылы Сібір ханы Көшімнің ұлы ханзада Мәметқұл қазақ даласына кетіп бара жатқан Мәскеу патшалығының елшісін өлтіріп кетті. Осыдан соң Иван Грозный патша Строгановтардың Сібір татарларына соғыс ашууларына реcми рұқсат берді. Строгановтар болса бұл жорыққа Еділ казактарын шақырды. Олардың басында атаман Ермак Тимофеевич тұрған болатын. Орыс тарихшыларының айтуынша Көшім ханға қарсы жорыққа аттанған Ермак әскерлерінің күші мардымсыз, 840 адамнан ғана тұрды. Алайда казақтарды күшейте түскен нәрсе, олардың отпен атылатын қарумен (пищалямен) қаруланулары еді. Мұндай қару Сібір көшпелілерінде жоқ болатын (Вернадский Г.В. Начертание русской истории. М., 2002. 197 б.).

Мәскеуліктердің солтүстік Қазақстан аймағына енүлеріне қанішер казак атаманы Ермак Тимофеевичтің Оралдан асып, 1582 ж. Сібір ханы Көшімді талқандауы және оның астанасы Қашылықты басып алуы жол ашты. 1585 ж. Ермактің өзі қанды шайқастардың бірінде қайтыс болып, Ертіс өзеніне суға кетті, бірақ қарақшы Ермактің жорығы 1598 ж. Сібір хандығын жойып жіберуге және Көшімнің біржолата күйреуіне негіз болды. Сонымен бірге бұл, орыс казактарының алғаш батыс Қазақстан, онан соң солтүстік Қазақстан аймағына терендей енуіне мүмкіндіктер берді. Михаил Феодорович патшаның кезінде орыс отарлауы Сібірде кен өрістеп, 1607 жылы Туруханск, ал 1632 жылы Якутск қаласы негізделді. Мәскеу саяси ойын ойнап, Көшімханның немересі Арыслан ханзаданы 1614 жылы Қасымов хандығына хан етіп тағайындалды. Сонымен қатар орыс жаулауы Сібірде ілгерілеп, 1716 жылы Бухгольцтың отряды Омбы қаласының негізін қалады.

Патша өкіметінің Солтүстік Қазақстандағы отарлау саясатының өрістей түсүіне жонғар шапқыншылығының үдей түсүі де өз ықпалын тигізгенін айтпауға болmas. Мұның өзі осы аймактарда бұрынғы әскери бекіністерді қайта жабдықтап және оларға жалғастыра жана Корғаныс шептерін салуға итермеледі. Батыстан басталған бұл шаралар 770 шақырымға созылған Уйск шебін құру жұмысын жылдамырақ аяқтауға патша үкіметін итермеледі. 1752 жылы 9 қамал мен 53 редуттан тұратын әскери бекіністердің Ново-Ишим тізбегі жасалынды. Бұл шеп Ертіс шебімен жалғасты. Осы шептің бойындағы аса мықты қамалдардың бірі Петропавл бекінісі болды. Алғаш 1752 жылдан бастап салына бастаған Әулие Петрдің атына бағышталған бұл бекініс өркендей келе XIX ғасырдың II жартысында үлкен саяси-экономикалық және сауда орталығына айналып, орыс-қазақ саудасын нығайтудың басты орны болды. Петропавл әсіресе 18 ғасырдың сонына қарай қазақ ауылдарымен айырбас сауда жасауда Ертіс өзенінің бойында орналасқан барлық елді-мекендерден асып тұсті. Ғалымдарымыз айналыска қосқан деректерге қарасақ 1784 жылы 9 тамыздан 15 тамызға дейінгі аралықта қалаға 160 қазақ және 126 ташкенттік көпестер келіп сауда жасағаны тіркелген. (Нұрпейісов Т.Ә. XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы (далалық облыстардың мәліметтері бойынша мәселенің әлеуметтік-экономикалық балдауы)» – Петропавл, 2005. 120-121 б.).

Мойнына қазақ қанын жүктеген қала

Солтүстік Қазақстан өніріндегі аталмыш орыс-казак қамалдары о бастан-ақ қазақ ауылдарына жортуылдар жасап, қанды жорықтар үйымдастыруды әдетке айналдырыды. Мұндайда олар қамалдарға құлдар мен күндерді көптең айдалап келетін. Өздерінің тойымсыз нәпсілерін қазактың тұтқынға түскен қыз-келіншектерін зорлау арқылы қанағаттандыру казактардың әдетіне айналды. Мұндай жортуылдардан тіpten белгілі сұлтандардың ауылдары да тыс қала алған жок. Тарихшы М.Әбдіров осыған байланысты мынадай мәліметтер келтіреді: жұзбасы Дорохов 150 казактарды бастап Абылай сұлтанның ауылына шабуыл жасап, 790 жылқыны, 92 түйені алдарына салып айдалап әкетті. Сонымен бірге олар 42 қазакты тұтқындаپ, оларды әскери шептегілерге таратып берді. Императрица Анна Иоановнаның арнайы бұйрығымен 1737 жылдан бастап Сібірдегі құлдық заңдастырылды. Ол бойынша құлдыққа түскен қазактың құны 10 рубльге тең болса, ал қазақ әйелінің құны бір қошқарға және 6 рубльге тең болды. (Абдиров М. Ж. История казачества Казахстана. Алматы, 1994, 94-95-беттер). Әйелдер казактардың әскери шептерінде жетіспегендікten оларға деген сұраныс жоғары болды.

Тарихи деректерде бұрын Қызылжар атанған қазақ жерін орыс отаршыларына бермеу әрекетін Кенесары ханының да жүзеге асырмак болған әрекеттері айтылады. Берік Әбдіғалидің Әлімбайұлы Доскей ел аузынан жинап жариялаған Кенесары туралы әңгімелерінде мынадай жолдар бар: «Қызылжардың жерін біржола өлшеп алуға келген инженер және әргерей генералдың келгенін көрген Кене хан біраз сарбаздармен барып, оларды түріп айдал шыкты. Олар Николайға: «Кене бастаған қазақ батырлары бізге қарсы шыкты», – деп арыз етті. Николай көп солдат жіберді. Николай солдаттарын Кене бастаған кол: «Бері өткізбейміз», – деп қанша қолмен қарсы тұрды. Николайдың солдаты қаптап келіп қалды. Таракты Байғазы батыр мен Арғыннан Ағыбай, Төртүйдан Жанайдар батыр және Танаш батырлар бастаған 250 қол Николайдың солдатымен ұрыс салды. Қызылжар басында жеті құн, жеті тұн керемет ұрыс болды. Екі жақтан да адамдар көп қырылды. Батырлар онынан да кірді, сонынан да кірді. Бірсынан Кене әскери қырды. Әбден қызыл қанға батып, өшікті. Ақырында жауыз Николайдың солдаттары әбден женіле бастаған соң, зенбірек атылады. Кененің нөкерлері зенбірекten корқып

саспады. Алға ұмтыла түсіп, бекіністерді алды. Көп солдаттарын қолға түсірді. Николайдан 250-ден астам солдат қырылды. Кененің 500 нөкөрі өлді, жарым жартысы қолда қалды. Сонда Ағыбай батырдың Кенекене айтқан сөзі: — қазақтың мақалы бар еді ғой: «Орыс көп пе, орман көп пе?» дейтін, мұның ар жағынан келе беретін ләшкарлар көп, санаулы ләшкарлары болмаса, елдегі дүшпандарымыз да аз емес еді ғой». (Әбдіғали Берік. АРҒЫН ТӨРТУЫЛ ТАРИХЫНАН: Шежіре. – Алматы, 2007, 254 бет). Иә, Кенесары тәрізді азаматы бар халық бақытты. Дегенмен де жоғарыдағы жолдарды оқыған әрбір қазақты біз Кенесары қалдырыған ұлт рухына адал болып қала алдық па? – деген сауал мазалауы керек емес пе?!

Қорытынды сөз: Жоғарыда айтылғандардан төмендегідей корытындылар туындаиды: 1) Петропавл мен Павлодар атаулары бізге отарлаушы патшалық Ресейден қалған тарихи «мұра». Тәуелсіз елдін мұндай «мұрадан» жалтактамай бас тартуы керек. 2) Ар-намысты таптап отырған мұндай тарихи атаулар сақталып отырғанда қазақ өзін толыққанды мемлекет құрушы халық ретінде көрсете алмайтынын еліміздегі басқа ұлттарға белсенді түрде ұғындыруды қолға алғанымыз жөн. 3) Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар құлдық психология құрсауынан құтылып, халық арасында отаршылдық қалдықтарын жактау немесе қорғау пиғылдарына қарсы ашық түсіндіру, саяси-ағарту жұмыстарын жүргізулері және т.б. нақты шарапаларды қолданулары керек. Қазақстан халықтары Ассамблеясы тәрізді органдар осындауда Тәуелсіздік мұддесіне сай әрекеттерге барып, белсенділік танытулары тиіс.

СУДЬБЫ ПОЛЬСКИХ СПЕЦПОСЕЛЕНЦЕВ В СЕВЕРО-КАЗАХСАНСКОЙ ОБЛАСТИ

История спецпоселений – одна из трагических страниц истории Северо-Казахстанской области. Спецпоселения в нашей республике возникли в результате депортационной политики, проводившейся в 30–50-е гг. XX века руководством СССР. Депортации, или насильственные миграции, – это одна из форм политических репрессий, предпринятых Советским государством по отношению к своим гражданам. Депортации в СССР имели ряд специфических черт, а именно они носили внесудебный, массовый характер. Другой специфической особенностью депортаций как репрессий являлась их явственная установка на вырывание масс людей из устоявшейся среды обитания и помещение их в новую, непривычную и, как правило, рискованную для их выживания среду.

В довоенные годы первым контингентом, выселенным в республику из западных областей УССР стали 15 тысяч семей поляков и немцев. Массовые репрессии в СССР в 1930–1940 гг. против лиц польской национальности были продолжением конфронтационной политики советского руководства, которые возникли еще в годы гражданской войны. Неудавшаяся попытка установить в Польше советскую власть в ходе военного похода М. Тухачевского, затем итоги Рижского мирного договора, существенно обострили отношения этих стран. Безусловным раздражителем негативных отношений были и непреодолимые идеологические противоречия.

До начала Второй мировой войны руководство Советского Союза считало Польшу потенциальным врагом, с территории которой ведется подрывная деятельность против СССР. Собственные приграничные территории также рассматривались НКВД СССР как благоприятная среда для формирования шпионских баз, поэтому судьба поляков, проживавших на ее территории, во многом была предопределена, их ожидала депортация. Еще в первой декаде февраля 1935 г. из приграничной полосы УССР в восточные области этой республики было выселено

порядка 2 тыс. семей кулаков (8678 чел.), из них около 65% приходилось на поляков и немцев [1, с.47]. Данные меры лишь отчасти решали проблему очистки приграничных территорий и поэтому перед НКВД СССР стоял вопрос об оставшемся населении и его судьбе. Решение этой проблемы не заставило себя долго ждать.

Решение об их депортации было принято специальным Постановлением СНК СССР № 776-120сс от 28 апреля 1936 года за подписью Председателя СНК СССР Молотова В. [1, с. 56]. Причиной их депортации стала очистка приграничной полосы СССР, на которой они проживали. Местом ссылки этой категории людей стал Казахстан. Из Украины было выселено 14 048 хозяйств переселенцев, в составе 63 976 человек. Из них было расселено в Северо-Казахстанской области – 12 008 хозяйств. В Карагандинской области расселено 2040 хозяйств [2, с. 38].

На новом месте жизнь поляков и немцев во многом зависела от их правового положения и местных исполнительных органов, обеспечивавших их материально-бытовые потребности. Административный надзор за спецпереселенцами вели комендатуры РО НКВД, которые должны были бороться с побегами и контролировать соблюдение правил общественного порядка и трудоиспользования депортированных.

В социально-экономическом отношении переселенцы находились в подчинении и обеспечении местных исполнительных органов власти. Таким образом, за спецпереселенцами устанавливался двойной контроль. Следует отметить, что правовое положение депортированных поляков и немцев для многих руководителей местных партийных органов в период становления спецпоселенческой системы было не ясно. Так, в постановлении СНК СССР № 776-120сс от 28 апреля 1936 г. «О выселении из УССР 15 000 польских и немецких хозяйств» не было указано ни причин переселения, ни сроков, на которые переселяли прибывший контингент. В докладной записке Наркома НКВД Г.Г. Ягоды на имя зам. Председателя СНК В.Я. Чубаря упоминалось, что в правовом положении переселенцы приравниваются к ранее высланным кулакам-переселенцам [1, с. 55].

Для разъяснения статуса и прав переселенцев руководителям районов, куда были вселены переселенцы, было направлено информативное письмо, руководителя Северо-Казахстанского облисполкома Скляренко, в котором пояснялись права и обязаннос-

ти переселенцев [2, с. 28–29]. Из содержания письма ясно, что переселенцы имели избирательные права, право вступать в колхоз, освобождались от налогов, сборов и поставок государсту зерна, продуктов животноводства сроком на 3 года, считая с 1937 г. Переселенцы имели право получать долгосрочную ссуду на строительство домов. Вместе с правами также был определен и круг обязанностей переселенцев. Переселенцы обязаны были подчиняться распоряжениям сельского совета, принимать самое активное участие в общеколхозных работах и т.п. В целом на переселенцев распространяются такие же обязанности, как и на всех колхозников. Однако было одно существенное ограничение, — передвижение за пределы административного района их поселения категорически запрещалось, что практически сразу делало невозможным реализацию многих прав этих людей.

С момента выхода постановления о депортации переселенцы становились уязвимой категорией лиц, по отношению к которым советские власти применяли противоправные действия. Нарушения их прав начиналось с того, что при выселении они лишались большей части имущества, что впоследствии губительно отражалось на их материально-бытовом положении в местах поселения.

Одной из первых проблем спецпереселенцев из УССР стало их тяжелое продовольственное обеспечение. Многие переселенцы жаловались на неправильно произведенные расчеты колхозами в УССР, на отказ местных колхозов проводить обменные операции по квитанциям о сдаче хлеба в УССР. В то же время они еще не имели наличных средств для покупки продуктов питания. О проблемах, возникших с продовольствием, переселенцы информировали в своих заявлениях. Так, переселенцы из колхоза «Трудовик» Арык-Балыкского района Сазоновского сельсовета писали: «Мы прибывшие переселенцы с сентября мес. 20 семей не имеем возможности в продовольственной части пропитаться до нового урожая 1937 года, каковой наш колхоз также не имеет средств нас поддержать, потому что неурожай был» [3, л. 50].

Оказавшись в Казахстане осенью, переселенцы были вынуждены ждать нового сельскохозяйственного сезона, не имея ни денег, ни даже продуктов питания на ближайшее время. Тяжелое материальное положение переселенцев не могло не сказаться на их морально-психологическом состоянии. Так, полным отчая-

ния было заявление спецпереселенца Бедиля П.Н., в котором писал: «У меня 4 души, трудоспособных – двое, нетрудоспособных – двое. Кушать абсолютно нет ничего. Купить не на что. А кушать требуется, поэтому прошу разобрать мое заявление о моих недостатках и о моей бедности, выдайте мне продссуду, ибо дальше я жить не могу без вашей помощи» [4, л. 42]. Продовольственная помощь, выделенная государством, была не достаточной, поэтому местным органам власти неоднократно приходилось ходатайствовать о предоставлении новой продовольственной ссуды.

Тяжелое положение переселенцев усугубилось неурожаем 1937 года, и проблема голода стала еще острее. Районные отделы НКВД в спецзаписке на имя Секретаря Северо-Казахстанского Областного Комитета КП (б) Казахстана, товарища Кузнецова вынуждены были констатировать следующие факты: «На 30 января 1938 г. за отсутствием продуктов питания имеются факты опухания отдельных семейств, как то в поселке Ново-Березовка опухли и фактически изнемогли семьи: Драхтер Эдуарда, Янс Самуила, и других всего 15 семейств, в пос. Краснокиевка 11 семейств, в пос. Петровка 50 семейств, в пос. Зеленый Гай 30 семейств, ... Тяжелое продовольственное затруднение так же наблюдается и в других поселках» [5, л. 15]. Сложная ситуация с продовольствием была и у местных жителей. Колхозы СКО сбрав мизерный урожай, в 1936–37 гг. сами сидели на голодном пайке. Голодное существование поляков и немцев в Казахстане сохранялось и из-за отсутствия работы в их колхозах, имевших слабую материальную базу.

С самого начала проживания в Казахстане под руководством местных властей переселенцами организовывались новые поселковые советы и колхозы, создавался советско-колхозный актив. Для устройства переселенцев было выделено всего земельных фондов 468 000 га, из них: по Северо-Казахстанской области – 361 000 и по Карагандинской – 107 000 га. На выделенных фондах было организовано всего 37 поселков, из них: 31 на территории Северо-Казахстанской области и 6 в Карагандинской области [2, с. 38]. Следует отметить, что большая часть подготовительных работ по созданию поселков, сельскохозяйственные работы были проведены местными колхозниками, что уменьшило объем работ для переселенцев и усугубило их положение. Просьбы об отходничестве на зимний период, в другие

районы области, не удовлетворялись. Отсутствие работы, средств к существованию, ограничения в передвижениях, недоверие властей, все вкупе создавало экстремальные условия для жизни прибывших переселенцев. Государственные учреждения, обязанные заниматься проблемами переселенцев, неправлялись с ними как в вопросе продуктового обеспечения, так и в других сферах жизнеобеспечения переселенцев.

Сложной проблемой в обустройстве переселенцев были тяжелые жилищные условия. Однако власти об этом замалчивали, так в справке сельскохозяйственного отдела СКО ВКП (б) утверждалось: «План жилищно-хозяйственного и коммунально-бытового строительства выполнен НКВД полностью. Всего построено: жилых домов – 3525, санитарно-медицинских зданий – 43, торгово-коммунальных – 213, зданий МТС – 29, сельскохозяйственных построек – 141, школ – 34 и надворных построек – 2817» [2, с. 38]. Тем не менее, жилищное строительство, осуществленное в 1936 году, было не достаточным, так как запланировано было построить жилье для 45 000 человек, а реально же было переселено более 63 000 человек. Недостаток жилищного фонда заставил местные власти оставшуюся без жилья часть переселенцев подселять в дома к местным колхозникам, что приводило к новым трудностям.

Дома для переселенцев в образованных поселках строились на «скорую руку» из самана, который не отличался качеством и теплостойкостью. Недостаток жилищного фонда и отсутствие объектов социально-бытового обслуживания стали еще одним бичом для прибывших поляков и немцев. Необходимо отметить, что в построенных домах средняя обеспеченность жилой площадью одного человека составляла 2,28 кв.м, что приводило к скучности и антисанитарии. В таких условиях сохранить санитарно-гигиенические условия было практически невозможно.

Медицинское обслуживание и обеспечение лекарственными препаратами переселенцев носило неудовлетворительный характер, несмотря на то, что в отчетах местных властей утверждалось, что во всех основанных поселках имеются и работают медицинские пункты. Так, в справке зав. сельхозотделом Северо-Казахстанского обкома ВКП(б) Кузнецова утверждалось, что для переселенцев построено: «санитарно-медицинских зданий – 43» [2, с. 38–39]. В то же время бригада Наркомздрава КАССР, работавшая в СКО в сентябре 1936 года, указывала местным

властям на то, что у спецпереселенцев отсутствуют элементарные бытовые условия, элементарное медицинское обслуживание, что вкупе может привести к эпидемическим заболеваниям [2, с. 29–32]. Подтверждением этих слов стало письмо начальника УНКВД СКО Шкеле от 9 февраля 1937 г. начальнику УНКВД КССР тов. Залину, в котором сообщалось, что: «во многих поселках появились случаи цинги и куриной слепоты (до 10–15 случаев в некоторых поселках). К весне указанные заболевания, несомненно, примут массовый характер, если не будут приняты срочные и решительные меры» [2, с. 42]. Центральные органы НКВД также знали о тяжелом положении спецпереселенцев из УССР. В одной из специальных сводок ими констатировалось, что с момента вселения среди переселенцев имели место следующие заболевания: «корь 2283 случая, скарлатина 140 случаев, сыпной тиф 5, брюшной тиф 40 случаев, острокишечные заболевания 3189. От кори умерло 669 человек, от скарлатины 38 человек» [1, с. 74].

Приведенная выше трагическая статистика, подтверждает слабость и неопытность медицинской службы области. Прибытие больших групп переселенцев увеличивало и без того большую нагрузку на медицинские учреждения, вызвало дефицит медикаментов. Экстренные меры борьбы с заболеваниями, принимаемые медицинскими учреждениями, такие как прививки, санобработка, дезинфекция, могли лишь погасить плохую эпидемическую ситуацию в отдельных очагах. Но главная причина неэффективности борьбы с заболеваниями заключалась не только в пробелах работы медицинской службы области, но и в сохранении условий распространения этих заболеваний. В отсутствие дополнительных материальных средств и должного внимания центральных органов власти, местное руководство было бессильно решать проблемы спецпереселенцев.

В послевоенные годы спецпоселки, созданные в Северном Казахстане в период депортаций со временем укрупнялись, становясь важными хозяйствующими субъектами. Дальнейшее их развитие порождало новые проблемы, а именно: поиск грамотных специалистов, решение кадровых вопросов. В первую очередь это выражалось в выдвижениях на руководящие должности в МТС, колхозах, бригадах, спецпереселенцев наиболее добросовестных и ответственных людей.

Подобная практика поощрения на производстве объясняется как малочисленностью в спецпоселках специалистов из числа местных жителей, так и необходимостью использования авторитета передовиков в улучшении управления другими спецпоселенцами. Назначая людей на руководящие должности из среды опытных спецпоселенцев, государство пыталось укрепить контроль за ними и сгладить сохранявшуюся неприязнь к местным органам власти, которая, по понятным причинам, сохранялась в среде спецконтингента.

В целом назначение и выдвижение спецпоселенцев на руководящую работу не носило массовый характер: «Они занимали невысокие и исключительно хозяйственные руководящие должности: заведующих фермами, бухгалтеров, агрономов и т. п. Понятно, что это не было случайно: если сталинский режим депортировал данный контингент населения, ставил его на спецучет, то отнюдь не для предоставления высоких и ключевых постов» [6, с. 254]. Следует отметить, что для спецпереселенцев такая практика выдвижений была хоть какой-то моральной отдушиной в условиях режима спецпоселения и позволяла постепенно укреплять их позиции в новых местах поселения.

За годы жизни в условиях режима спецпоселения многие из их числа представлялись к правительенным наградам за свои достижения в трудовой деятельности. Так, только по Келлеровскому району были награждены: «орденами и медалями 4952 человека, из них ... медалью «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» по району 4213 человек, орденом Ленина – 4 человека, Трудового Красного Знамени – 18 человек, Красная звезда – 1 человек, Отечественной войны – 1 человек, «Знак Почета» – 3 человека.» [7, с. 187].

Анализируя подобную статистику, не следует обманываться, считая, что отличившиеся спецпоселенцы находились в каком-то особом привилегированном положении. Награждение спецпоселенцев медалями и орденами являлось лишь констатацией их ударного труда, который, местные органы власти не могли отрицать. Поощрения и награждения спецпоселенцев государством были очередным фарсом: они никоим образом не оказались на условиях жизни этих людей.

Был среди спецпоселенцев представитель, добившийся исключительных успехов в трудовой деятельности. Так, за свой самоотверженный труд в 1951 г. Указом Президиума Верхов-

ного Совета СССР поляку Женскому И.А. было присвоено звание Героя Социалистического Труда. После этого события УМГБ по Кокчетавской области ходатайствовало о снятии Женского Иосифа Адольфовича с учета спецпоселения, однако МГБ КазССР 15 ноября 1952 г. возвратил материалы и сообщил, что Женский И. А. на учет спецпоселения взят правильно и на основании приказа МГБ и прокуратуры СССР № 00187/64 сс от 20 марта 1952 г. снятию с учета спецпоселения он не подлежит [7, с. 188].

Таким образом, стремление представителей депортированных народов снять с себя ярлык «спецпоселенец» не давало результатов даже благодаря упорному труду. За годы спецпоселения депортированные народы внесли огромный вклад в укрепление экономической базы республики, и массовые трудовые подвиги являются тому подтверждением. Однако высокие достижения в труде спецпереселенцев не давали им никакого смягчения режима, ни даже моральной реабилитации.

Следует отметить, что коммунисты и комсомольцы из спецпоселенцев, которые должны быть в авангарде общественных событий и планов партийной организации, оказывались в стороне из-за недоверия к ним. Непоследовательность в работе местных партийных органов в отношении этой категории спецпоселенцев была порождена неправовым характером депортаций, когда высыпали всех, в том числе коммунистов, комсомольцев, а после войны в этом статусе спецпоселенцев оказались ветераны войны из числа депортированных народов. В такой ситуации местным партийным органам было нелегко найти подход к решению их проблем, взять ответственность на себя, поэтому чаще всего они ссылались на правительственные указы и постановления, по которым спецпоселенцы характеризовались как неблагонадежные люди.

Таким образом, главную роль в судьбе спецпоселенцев играли те постановления, по которым их депортировали. Вследствие недоверия и настороженности возникала напряженность во всем обществе. Депортированные народы подвергались всевозможным унижениям. Большинство спецпоселенцев подвергалось идеологической «обработке» по месту работы и учебы. Несоответствие декларируемых прав их реализации, предвзятое отношение властей вызывали противоречивые мысли и настроения, деформировали сознание и психику спецпоселенцев. Лишь

смерть в 1953 г. И.В. Сталина и дальнейшая политическая оттепель позволили сломать систему спецпоселений и начать освобождение людей. Своей очереди освобождения дождались и поляки, выселенные с Западной Украины в 1936 г. Освобождены были поляки по Постановлению Совета Министров СССР от 17 января 1956 г. № 62-41 сс. Как и немцам, им объявлялось, что они не имеют права возвращаться в места прежнего жительства, и освобождение не влечет за собой возвращения конфискованного имущества [2, с. 93-94].

Факт освобождения спецпоселенцев без полной их реабилитации приводил к консервации сложившихся моделей отношений между властью и представителями депортированных народов. Ярлык «неблагонадежный народ» еще длительное время преследовал целые поколения этих этносов, что осложняло их включение в нормальную, полноценную жизнь. Попытки руководства СССР провести отдельные акты реабилитации в последующее время носили декларативный характер и не принесли ни морального, ни материального удовлетворения.

Литература:

1. Сталинские депортации 1928–1953 гг. / Сост. Яковлев А.Н., Поболь Н.Л., Полян П.М. М.: Международный фонд «Демократия», 2005. – 904 с.
2. Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 гг.). Сборник документов: Архив Президента Республики Казахстан // Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. – Алматы: «Издательский дом «Қазақстан», 2000. – 344 с.
3. ГАСКО Ф. 1189 Оп. 1 Д. 334 Л. 50.
4. ГАСКО. Ф. 1189 Оп. 23 Д. 9 Л. 42 и об.
5. ГАСКО Ф. 1189 Оп. 1 Д. 445 Л 15.
6. Кронгардт Г.К. Немцы в Кыргызстане 1880–1990 гг. – Бишкек «Илим» 1997 г. – 415 с.
7. Из истории немцев Казахстана (1921–1975 гг.). Сборник документов: Архив Президента Республики Казахстан // Отв. редактор Г.А. Карпыкова. – Алматы – Москва: Готика, 1997. – 376 с.

АЙТМҰХАМБЕТОВ Т.,
Абай атындағы мемлекеттік
ұлттық университетінің
кафедра менгерушісі,
заң ғылыминың докторы,
профессор

ДАЛА БИЛІГІНІҢ ДАРА ТҮЛҒАЛАРЫ

Тәуелсіздік туы тұғырына қонғалы төл тарихымыздың көзден тыс, көнілден таса қалған тұстары ашылып, аршила түсуде. Егемендік алған еліміздің ендігі жерде өзінің рухани бастауларына ден қоюы занды құбылыс. Талай үрпақтың тілегі болып келген тәуелсіздікке кол жеткізгелі Абылай хан, Әбілқайыр хан, Әз Тәуке хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер, Қарасай, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай батырлар, Абай, Құрманғазы, Сүйінбай сынды талай тарихи санлактарымыз бер ұлы бабаларымыздың аттары аталып, олардың туған жерлерінде тойлары өткізіліп, кітаптары шығарылып, көшелерге, оқу орындарына аттары беріліп, үлкен перзенттік парызымызды өтеп, үрпақ санасы жаңғыртылуда.

Ондағы мақсат – еліміздің рухын биіктететін, үрпаққа елдік пен ерлікті мұра еткен талай тарихи түлғаларымыздың, батырларымыздың, ақындарымыз бер жырауларымыздың, билер мен шешендеріміздің өнегелі жолын танып-білумен қатар, аталаңдың асыл мұрасын сүйіп өскен, өз дәүрінде өмір сүрген ортасында аскан беделге ие болып, ел-жұртына, халқына жөн сілтей білген талай тарландарымыздың күні бүгінге дейін көмескі тартып, ашылмай келген қырларын кейінгі үрпаққа таныту, сол бабаларымыздың өнегелі ғұмыры мен сөзін ұлғі ету, оны әр елім деп еніреген елжанды азаматтың өмірлік ұстанымына айналдыру.

Бүгінде алыстаған сайын асқақтаған асыл бабаларымыздың қадір-касиеті әр қырынан жарқырай түсуде. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы карсаңында «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде қай салада болмасын бірталай ауқымды шаралар атқарылуда. Қасиетті Қызылжар өнірінде бүгінгі өткізіліп отырған «Өлкे тарихы-түлғалар тағдыры» ғылыми-практикалық конференциясы да осы мерейтой қарсаңында дер кезінде атқарылып отырған игілікті шараның бірі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттігінің қалыптасуы, егемен елімізде құқықтық реформалардың жүзеге асуы және на-

рыктық қатынастардың жойқын тетіктерінің жетілдірілуі қоғамдық қатынастарды реттеудін, өсіресе, құқықтың мән-манызының күштітті. Тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік өркениетке сәйкес үйлесімді дамуына қатысты мемлекетіміздің құқықтық дамуының эволюциясын тарихи-құқықтық деректерді сараптау арқылы зерделеу, бүгінгі танда заң ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген құқық жүйесінің тиімділігі, жұмыс істейтін өзіндік ерекшелігі, экономикалық, құқықтық жағдайларға елеулі түрде үлес қости. Осы мәселеде жүйенің негізделуінің тарихи шарттары, қалыптасқан дәстүрлер, реттеушілік қызмет орасан рөл атқарады.

Бұл ретте қазак қоғамының саяси әлеуметтік өмірінің құқықтық реттелу тарихына шолу жасамау, тарихи-құқықтық сабактастық тәжірибесіне назар аудармау мүмкін емес. Қазактардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы теренде жатыр. Көшпелі қазак халқының тұрактылығына рулық құрылыммен қатар, «Дала зандары» да айтарлықтай үйтқы күш болды. Көшпелі қоғам өз калпында, өз негізінде қаншалықты сақталса, оған тән «Дала зандарының» қоғамдағы алатын орыны да соншалықты мықты болды.

Қазақ хандығы тарихында «Қасым ханның қаска жолы», «Есім ханның ескі жолы» зандарының сүбелі орны бар манызды құқықтық құжаттар болғаны белгілі. Ол зандардың әрқайсысының мазмұны, бағдары, максаты сол кездегі ел саясатымен тығыз байланыста құрылышып, өзара үндестіктеп өрілген. Зандардың қазақ хандығы құрылышының саяси-әкімшілік, өскери, рухани, сот істері жөніндегі негізгі зан екені байқалады. Бұл зандарға то-лықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, Тәуке хан тұсында «Жеті Жарғы» заңы шыққаны жайлы да айтылды. Үш жүздің атақты, санлақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қатысуымен жазылған «Жеті Жарғы» заңы тұнғыш конституциялық құжат болды. Ол Тәуке ханның үйімдастыруымен құрылған билер кенесімен келісе отырып жасалған қызметтің нәтижесі еді.

Конференция өтіп отырған Қызылжар өнірінде де кезінде құқықтық жүйені қалыптастыруда ауыл-аймағына беделді болып, ешкімнің ала жібін аттамайтын, тура жолға бағыттайтын адалдығымен ел-жұртына жөн сілтей білген дала билері болғандығы аян.

Солардың бірі жөне бірегейі Қожаберген жыраудың – би, батыр, қолбасшы, елші, саясаткер жөне ұстаз болғандығы, соны-

мен қатар Қожабергеннің Төле би, Қазыбек және Әйтеке билер секілді сөз қадірін білетін, жүйелі сөзді алтыннан да асыл көретін қазақ халқының сұнғыла, білімдар билерімен бірге «Жеті Жарғы» заңын жазуға қатысқаны жөнінде, ардақты бабаның атын ұлықтауға арналып өнірде жасалған шаралар жайында «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы Бекет Тұрғараұлы өзінің баяндамасында айтып кетті.

Еліміздің терістігінде орын тепкен Қызылжар өнірінде Қожабергеннен басқа да қас қағымда сөз зергерлеп, көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы ұшқыр, от ауызды, орақ тілді шешендігімен дараланып, әрдайым халық қөнілінен шығып отырған Тоқсан би, Әлдеке би, Шағырай, Зілғара, Мұсіреп, Қозыбай, Құрымсы, Жарылғамыс секілді қара қылды қақ жаратын би-шешендер өмір сүргені аян.

Солардың ішінде ел-жұртының бірлігі мен ынтымағын, әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы тепе-тендікті сақтап, ел арасында туындаған дау-дамайды, талас-тартысты қазақ қоғамында қалыптасқан әдет заңының білгірі ретінде өзінің орақ ауызды шешендігімен әрқашан әділ шешіп отырған терең ақылдың иесі «Дала билігінің дара тұлғаларының» бірі қасиетті Қызылжар өнірінің Жамбыл ауданындағы қазіргі Қарағаш ауылында дүниеге келген Тоқсанның билігіне тоқтала кеткен жән.

Тоқсанның ұлы атасы – Қара би Керей руының аузы дуалы атақты би болған, кезінде қазақ тарихында аты шыққан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билермен тұстас ғұмыр кешсе, әкесі Жабай Абылай ханның мыңбасы батырларының бірі. Ер Жабайдың батырлық жорықтарын – Үмбетей, Бұкар, Ақтамберді, Жанак сияқты ақын-жыраулар өздерінің жыр-дастандарына арқау еткен.

Осындай тексті жерден шыққан асылдың сынығы – Тоқсаның дүниеге келуіне орай әңгіме-шежірелерде мынадай аңыз бар.

Тоқсанға аяғы ауыр болған шешесі бір күні сыртқа шығып тұрса, атына мінген Қара би келе жатады. Сонда жанында тұрған енесіне: «Шіркін-ай, атамның атының құлағын жесем ғой!» – деп тамсанады. Бұны естіген Қара би қатты қуанып: «Иә, аруақ! Бұл туатын бала жай болмайды, – деп, атын бауыздатып, келініне құлағын жегізген екен. Сол дүниеге келген сәбидің есімін атасы Қара би – Тоқсан деп қойыпты.

Кезінде Тоқсан бидің есімі қара қылды қақ жаратын тұра би ретінде үш жүзге тараған екен. Алайда, оның сөздерінің көпшілігі бүгінгі күнге жетпеген, тек кейбірі ғана үрпактарының, құйма құлақ қарттардың есінде қалып сақталған. Солардың ішінде бүгінге жеткен бірнешеуіне тоқтала кетейік:

Қара бидің баласы Жабай би өлерінде екі баласы Сексен мен Тоқсанға: «Сексен, саған ерлікті, Тоқсан, саған әкем Қара биден қалған билікті бердім», – деп өсiet айтып кеткен екен.

Сексен мен Тоқсан әкесі өлген соң, ақыл-кеңес сұрауға қартайып жатқан Қаз дауысты Қазыбек биге барады. Жөн сұрасып, жағдайға қаныққаннан кейін Қазыбек: «Ел бастап – би, кол бастап – батыр болғалы тұрған үл екенсіндер. Бір-екі ауыз сұрағым бар, соған жауап беріндер», – деп: «Күнде не парыз, айда не парыз, жылда не парыз, ханға не парыз, қарашаға не парыз?» деген сауал қояды. Оған Сексен жауап бере алмайды, сонда Тоқсан іркілместен: «Күнде бес уақыт намаз парыз, айда отыз күн ораза парыз, жылда құрбан шалу парыз, ханға халықты тең ұстau парыз, қарашаға ханды хан тұту парыз», – деп жауап берген екен.

Тоқсанның тапқырлығына риза болған Қазыбек би: «Шырағым тым жоғарылама, аспанға асыларсың, тым төмендеме, аяққа басыларсың, орта бол, орта болсаң әлі-ақ санатқа қосыларсың», – деп ақыл-кеңесін, батасын беріptі.

Жалпы қазақ арасында билер мен шешендерді шендік тұрғыдан алғанда біртұтас қарастырмадан. Шешендер сөз дарыны бойынша ақындыққа, суырыпсалма жырға жақын тұрғандықтан оларды «от ауызды, орақ тілді» деп дәріптеу тұра биліктен гөрі, тіл шеберлігіне қатысты айтылады. Ал билерде әрі шешендей, әрі билік, қазылық қасиеттер катар дарыған. Не бір қыын-қыстау кездің өзінде де бабаларымыз жер қайыскан қолға токтамасада, орнымен айтылған бір ауыз сөзге тоқтаған, сабырлылық танытқан, сол кезде билік айтқандар сөз мәйегін түptен тартқан шешен болған. Тоқсан бидің бойынан тап осындай қасиеттердің бәрі дерлік табылған.

Атақты Киікбай шешен Тоқсанның әділ, өткір би-шешен болатынын жас кезінен-ақ болжаған және оған үлкен үміт артқан екен. Тоқсанның шынында да жастайынан билікпен атағы шыға бастайды. Сондықтан ол сонау Семейге үш жүздің тәуірлері бас қосқан жесір дауына шақырылады. Ұлы жыында ақсақалдар мен жақсылардың, атақты билердің тойында бірінші рет сарапқа түскелі тұrған жас Тоқсан Киікбай шешен атасына ақыл сұрауға,

әрі батасын алуға келеді. Киікбай: ...Ардақты атан Қара би, Үш жүзге мәлім дара би.

Жабай өкең тағы би, Күміс көмей, жez тандай,
Қаусырып тұрған жағы би.
Сарабында үш жүздің Аруағы қонып атанын,
Сен болғайсың сана би, —

деп толғаныпты да, сәл бөгеліп барып, әрі қарай былай деп жалғастырыпты: «Айтқан сөзің құрған қақпандай болсын, Суықтың акпандай болсын. Қанды ауызға түскеннің қанын шығар, Әділетсіздің жанын шығар», — деп атальқ қақылын айтса керек.

Тоқсан би Семейде өткен сол ұлы жиындағы дауда небір санлақтарды сүріндіріп, сөзден тоқтатып төбе билікке ие болыпты, жүзден жүйрік атанып, олжалы болып оралады. Жай оралмай батасын алған Киікбай атасына жол-жоралғысын ала келіп, ризашылығын алады.

Тоқсан би жасынан ел аралап, игі жақсылармен жүздесіп, олардың ғақлия сөздерін жадында сактап, өзі де билік айтып, сөз сайыста сынға түсіп, сөз өнеріне ерте бойлаған. Алғашында өкесі Жабай бидің қасында жүріп шешендік өнерді, билік құруды үйренсе, кейін тарихта белгілі орны бар Құнанбай, Қыпшақ Ізбасты би, Нұрым төре, Киікбай, Қалқаман билердің үлгі-өнегесін, тәлімін алған. Үлкендердің берген батасы дарып, сөз машиның майталман жүйрігіне айналған. Оған Тоқсан бидің Ізғұтты бимен айтысы дәлел:

Бірде Қостанай облысының Аманқарағай елді мекеніне ұлкен барымта дауын шешуге Керей-Уақ, Арғынның билері мен шешендері түгел шақырылады. Жердің шалғайлышынан Тоқсан би жиынға кешігіп келеді. Басқа билердің «Дауды Тоқсансызың шеше берейік» дегендеріне ел жақсылары көнбайді.

Кешігіп жеткен Тоқсанды бұрын-соңды көрмеген Арғынның Ізғұтты биі:

— «Тоқсан, Тоқсан» деп жер-көкке сыйғызбай мактаған билеріннің түрі мынау ма?! Томағадай бірдене ғой мынауын», — деп денесі шағын ғана, бойы кішкентай Тоқсанның берген сөлемін де алмай теріс қарапты. /Ізғұтты бидің өзі денесі зор, киіз үйдің есігінен өзөр кіретін дәү кісі болса керек/.

Сонда Тоқсан би:

— Томаға тоғыз жұмыртқалайды. Біреуі ғана бұлбұл болады. Кесіртке сегіз жұмыртқалайды, біреуі ғана бүйі болады. Томаға

болсам – бұлбұл шығармын, кесіртке болсам – бүйісі шығармын. Ал, денесі ірі ешкілер егіз, ит сегіз, шошқа – тоғыз табады. Сен қайсысына жатасың? «Малдың ұлкені соғым, адамның ұлкені – боғым» – деген екен.

Ал аталмыш барымта дауын Тоқсан би бір ауыз сөзben шешіп, сый-сияптын алып елге оралыпты.

Тоқсан би ақылды, парасатты, алдын болжай білетін өрі әділдігімен қатар өте қадірлі, беделді адам болған. Керейлер «біздің Тоқсан би» десе, Қарауылдың қариялары «Е, біздің Тоқсан би фой» деген. Төрт рұлы елде Тоқсан келмей сөз басталмайды, астартылмайды.

Өз қатарынан өнерін асырып, жүйрік санатына енген Тоқсан би дәуір шындығын актарып, заманның ұнамсыз сиқын батыл сынаған, жақсы - жаманды әділ безбендеген, ел өмірі, қоныс құты сияқты мәселелерді дұрыс көтерген. Өз руын басқару ісіне жастай араласып, өмір құрылсы мен дүние зандылықтарын, әлеуметтік жағдайды, қоғамның максат-мұддесін, адам тіршілігін түсіне білген. Атығай-Қарауыл елдерінде өмір зандылықтарынан дұрыс қорытынды шығарып, басқаларға сабак ретінде өз ойларын тұжырымдап, толғампаз ақын-жырауларға тән әдетпен суырып салып тақпактап айтып отырған. Оның сауаттылығы туралы нақты дерек болмағанымен, бидің есепсіз сөз айтпайтыны, халық даналығын дәл, әрі орынды колданатындығы оның аса білімді екенін мойындатады. Мәселен,

«Бұлбұлдан шешен құс жок,
Бармақтай-ақ қарасы.
Оқтан жылдам ажал жок,
Тырнактай-ақ жарасы.
Көнілің қалса жақыннан,
Алыстығын айтайын –
Жер мен көктей арасы», –

дегеніндегі тауып айтылған сөздер мен үйқастар кімді болса да таң қалдырмай қоймасы анық.

Патшалық Ресей 1822 жылдан бастап хандық құрылышты жою үшін Орта жүз қазактарын басқару жөнінде ереже шығарғанға дейін Тоқсан би Солтүстік-Батыс қазактарының төбе би болса, 1830 жылы Аманқарағай дуаны құрылғанда Еменөлі Керей болысының билігін қолына алған. Осы кезенде қазактың бетке ұстар би-шешендері, төре-сұлтандарының арасында патшаның

сойылын соққандар аз болған жок. Бірақ Тоқсан би бұл тірлікпен адал да асқақ есімін былғамай, орыс отаршыларына карсылығын ашық көрсетті. Ол жайындағы айтқандары сол кездің саясатына қарсы болғандықтан жарияланбады. Тек ел аузында «Тоқсан бидің айтқаны» деген деректер ғана сакталған.

Тоқсан өзінің туған ұлы Дағалакты да патшаға қызмет атқарғаны үшін жазғырған. Бұл жөнінде ел аузында бидің мынадай сөзі бар: «Доғалақ болыс болды дегенше – орыс болды десейші. Ғаріп пенен ғасірге қорыс болды десейші»... – деген еken. Бұдан Тоқсан бидің «Тура биде туған жок, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы қатты ұстанғанын анғарамыз.

Тоқсан би аты шығып, елге таныла бастаған кезінде әкесі Жабай бидің тұсында шешілмей қалған бірі – алты, екіншісі жеті жылғы ескі дауды даулап Төле бидің ауылына барады. Бұлардың келген мақсатын сұрап білген Төле би:

– Да, Тоқсан, алты атаңды арқалап келдің бе, Жеті атаңды арқалап келдің бе? Алты атасын арқалап, Жеті атасын желкелеп келген бар ма еken? Бұл не деген келіс? Құшақтассаң – қойным бар, Пышақтассаң – мойным бар, – депті.

– Сонда Тоқсан би тұрып: – Жарлығынды айттың ғой, жабдығынды жей бер, – дейді. Түк түсінбеген Тоқсанның жолдастары одан: – Жаңа саған Төле не деді, сен оған не дедін? – деп сұрайды. Сонда Тоқсан:

– «Ескі дауды даулап, елдіктен кетісейін деп келдің бе? Атана тіл тигізіп, жетісейін деп келдің бе? Әлі де болса ойлан, Табыссаң досым деймін, құшағыма алам, келіспесең – жауласуға кеткеніміз, әлекті салам», – деді Төле би. Мен оған: «Екі жағынан да қашайын деп келген жоқпын, ендігісін өзің біл», – дедім депті.

Елдің берекесін алып, жауласуға бармаймыз, – деп Төле би ертеңіне Тоқсан бидің тілеген орындаپ, сыйлап жіберген еken.

Тізбелей берсек, «Тоқсан бидің Нұрым төреге айтқаны», «Тоқсан би мен Құнанбай», «Тоқсан би мен Қазанғап бидің айтысы», «Тоқсанның Қазыбек биге жүгінуі» сияқты Тоқсан бидің сөз шеберлігі мен ой ұшқырлығын, орактай орып түсер тіл өткірлігін, білімділігі мен қайырымдылығын, тұрашылдығын айғақтайтын құнды дүниелерінен сузындаپ, жанға рахат алуға болады.

Осындағы тарихи тұлғалардың қатарына Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту ауданы жерлерін мекен еткен Әлдебек биді де жатқызуға болады. Әлдебектің әкесі соқыр Абыз Каракерей тайпасының көріпкел өулие, ақылшы көсемі, биі болыпты. Со-

қыр Абыз емдеген ауру-кесел құлан-таза жазылып кетеді екен. Абыз биден туған Әлдебек те әке жолын қуады, өткір тілді, оның бірен-сары ел аузында қалған шешендік сөздері мен кесімді биліктепе ғана сакталған. Абылай ханмен тұстас өмір сүрген.

Абылай хан жасы алпыстан асканда, өзінің қалмак өйелінен туған баласы – Қасым төрені орнына хан сайлатпақ болып, кара-мағындағы би, болыс, ақсақалдарды ордасына шақырады. Қара-керей жағының басты адамдары, соның ішінде Әлдебек би де кешігіп келеді. Қасым төреге бұл ұнамай, жасы әкесімен қатар Әлдебектің көзінің қылилығы мен аяғының ақсақтығын кемітіп: «Ауыздыға сөз бермей, аттылыға жол бермей отырған мына соқыр кім еді?» – депті. Сонда Әлдебек бұл сөзге шыдамай:

Менің атым Әлдебек, Сөйлер сөзім әлі көп.
Жан-жағына қарашы, Хан бір адам, қара көп.
Хан сайласақ, Қасым-ау, Орта жүздің ішінде,
Сендей-сендей кісі көп..., –

деп,

Болмай жатып басынды,
Хан болып елді ұстай ма,
Осындаи долы, ашулы?..
Кірсіз көктегі ай,
Мінсіз бір құдай –

деп оның инабатсыз ұтсыздығын бетіне басса, Абылайдың хандығынан сескенбей:

Уа, Абылай хан ием,
Хан соқыр болса,
Халқы кор болады.
Қара соқыр болса,
Ақылы мол болады.
Инабатты кісіден Хан сайласақ,
Көпке тиіп пайдасы,
Әділеті зор болады, –

деп Қасымды хан сайлауға қарсылығын ашық білдірген көрінеді. Әлдебек жиналған жұртқа хан болу үшін елдін қамын ойлайтын, парасатты, ұстамды, таза болу қажеттігін ескертеді. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» демекші, Абылай хан Әлдебектің бұл сөзіне шамданбай, хандыққа Қасымды емес, үлкен ұлы Уәлиді сайлатқан екен.

Әлдебек би сондай-ақ небір сараң байларды да өзінің өткір тілімен түйреп, көп алдында масқаrasын шығарып отырған: Балтабай бай әрі би болса да, әркез өзінде барды азынып, өзгенікін көпсініп отыратын мысық тілеу, үйіне қонақ қондырмайтын сарап болыпты. Бірде ұрланған малын даулап Әлдебек шешен оның үйіне түседі. Үстіне киген киімі қөнетоз Әлдебекті Базарбай менсінбей, дұрыс қабақ танытпай, мүшесіз, өлі ет асып береді. Сонда Әлдебек:

Тамағың тамақтан өтпей отыр,
Дәметкен жұрт кетпей отыр.
Уыстап асатайын десем,
Табағындағы ет жетпей отыр.
Ризамын етке,
Наразымын ниетке, —

дейді. Балтабай енді арықтау марқа қозы алдырады. Әлдебек қозыға қарап:

Қойынды қойшы ондап бақпаған ба,
Сауыншы жебеп сауып қақтаған ба?
Әлде бұл маңырамай жолда адасып,
Бейшара енесін бір таппаған ба?
Бұрын келген қонаққа соймай мұны,
Әдейі Әлдебекке сактаған ба? —

депті. Елге масқара болудан қорыққан Балтабай би, оны үйіне қондырып, қонағасына арда емген құлын сойып құтіп, дауын шешіп аттандырған екен.

Міне, терістіктегі «Дала билігінің дара тұлға» билері осылайша даулы мәселелерді түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Биліктің барлығы ауызша, ешқандай сотсыз, тергеушісіз, қорғаушысыз, тұрмесіз-ақ жүзеге асып, бітіп жатқан. Сондай-ақ билердің кесімі ашық аспан астында, ешқандай құпиясыз, алдын-ала ымыраласусыз, жариялы түрде атқарылған. Халық оларды қара қылды қақ жаратын әділдігі, турашылдығы үшін ханнан артық қадірлеп, сыйлап өткен.

Ата-бабалардан үзілмей келе жатқан әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді, жөн-жосықты жете білумен бірге, қолға алған ісін аяғына дейін жеткізетін ыждағаттылық, ойлаған мақсатқа жетсем деген мұқалмас жігер, әділеттің ақ туын құлатпайтын ар-намыс, көптің көсегесін көгертсем деген дарқандық, талапкер мен жауапкерді,

куәгерді бұлтартпайтын өткірлік, айтқан үкімін ағайынның көніліне қарап бұра тартпайтын турашылдық, дау-дамайды талқылаған пікір таластарында арғы-бергі жөн-жосыктар мен аталы сөздерді айнитпай алға тартатын білгірлік пен шешендік дала билерінің айнымас серігі болған.

Демек, артында бөзі қалмай, өнегелі ғұмыры мен сөзі қалған, барша халыққа шамшырақ болып көзі қалған осындай би-шешендеріміздің жақсы аттары жаңғырып, жайсан жандардың бізге жеткен жарқын үлгілері жаңа заманда да жас үрпақтың көдесіне жарап, жақсы өнеге болып қала берсін.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ СРЕДИ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ

Дорогие мои казахские братья и сестры!

Я привез Вам пламенный, родственный привет с омской земли — земли Ваших предков!

Мой отец дружил с казахами и передал мне уважение и любовь к этому народу. Я в свою очередь — дочери Ольге, занимающейся исследованиями репрессий казахов в сталинский период и пятилетнему внуку Михаилу, который пока учит казахский язык.

Сегодня (2010 г.) поменялись взгляды в обществе. В связи с этим освещение проблемы политических репрессий в средствах массовой информации пошло на спад. О действиях И. Сталина стали умалчивать или их оправдывать. Недавно я обратился к ученым-юристам с вопросом об ответственности прокуратуры в период репрессий, и как ни странно, получил ответ, что её сотрудники действовали в рамках правового поля уголовного кодекса РСФСР 1926 г. и вины на них нет. К сожалению, подобные выводы начинают в сознании общества формировать мнение о том, что виноват один Сталин. Действительно, вина его велика в массовых репрессиях. Однако необходимо учитывать и то обстоятельство, что его на высший пост в государстве назначила коммунистическая партия. Если не было бы Сталина, то ЦК ВКП(б) нашел бы ему подобного. Неоспоримо, что личность в истории играет большую роль, но главную все же взял на себя сталинский ЦК ВКП(б), так как многие вопросы принимались коллегиально. Однако обвиняется в основном один Сталин и умалчивается о преступных деяниях деятельности ЦК ВКП(б) и партийных руководителях на местах.

По исследованиям моей дочери Ольги становится очевидным, что коммунистическая партия в аулах и деревнях, начиная с 1929 г., начала наступление на аулсоветы сельсоветы, постепенно заменяя их секретарей и членов на коммунистов. Местные партийные ячейки брали под контроль выборную систему, тем самым нарушая демократические принципы граждан. Уже в 1935 г. партийные ячейки имели власть над аулсоветами и сель-

советами. Выступивших против партийных решений, предавали репрессиям. С усилением власти партичек увеличивалось число репрессированных. Только в Омской области с начала 1920-х по 1950-е гг. по политическим мотивам (статья 58 УК РСФСР) было репрессировано более 700 казахов, часть из которых была расстреляна. О том, как проходили репрессии в 1928–1939 гг. на территории Омской области можно проследить на примере Шербакульского района, (по исследованиям моей дочери Ольги). Из 13 председателей колхозов 5 были расстреляны, из 7 председателей и секретарей аулсоветов – 6, из 6 бригадиров колхозов – 3, из 86 крестьян – 55, из 4 советских и партийных работников – 7, из 7 прочих – 7. В итоге из 146 арестованных 90 было расстреляно. Были приговорены к различным срокам наказания в виде лишения свободы на 15 лет – 1 человек, 10 лет – 37, 8 лет – 7, от 3 до 7 лет – 5. Освобождены под подписку о невыезде за недостаточностью улик 6 человек.

Насильственная коллективизация, проводимая по инициативе ЦК ВКП(б), вызвала сопротивление в народе. Наспех созданные колхозы начали разваливаться, а так называемые колхозники – откочевывать в степь. При раскулачивании, выселении из домов, зажиточные крестьяне оказали членам аулсоветов и партичайкам сопротивление, а сосланные в глухие и необжитые места, бежали обратно к своим семьям. Всех, оказавших несогласие и сопротивление, занесли в особые списки, а в 1937–1938 гг. арестовали вновь.

В период Большого террора 1937–1938 гг. в Омской области сотрудниками НКВД была сфабрикована мифическая организация «Алаш-Орда», которой приписывалось создание в Западной Сибири пантюркского государства, выход его из состава РСФСР и переход под протекторат Японии и Турции. В южных районах области НКВД провел массовые аресты по этому «делу» (больше всего их было в Шербакульском районе). В уголовном деле за номером 7879 значится 67 человек, из которых в 1937 г. тройка НКВД по Омской области 49 приговорила к расстрелу, 17 человек – к 10 годам лишения свободы, 1 – к 8.

Аресты по «делу» «Алаш-Орда» в районе продолжились и в 1938 г. В уголовном деле за номером 3467 от 15 марта 1938 г. значится, что тройкой при НКВД по Омской области «за контрреволюционную деятельность» было осуждено по 58 статье УК РСФСР 31 человека. Из них 17 человек приговорили к высшей

мере наказания — расстрелу, приведенного в исполнение в этом же месяце в Омске, 14 человек — к 10 годам лишения свободы.

В 1937–1938 гг. в Шербакульском районе практически в каждом ауле были арестованные. Беда обошла стороной лишь немногие из них. Так, в ауле Телеген было арестовано и осуждено четыре человека, из них одного расстреляли и троих приговорили к 10 годам лишения свободы. Главное обстоятельство многочисленных репрессивных мер объясняется тем, что свободолюбивый казахский народ, принявший советскую власть, отказывался подчиняться и выполнять требования райкомов партии. В результате понес наибольшие людские потери среди других тюркских народов в репрессиях в период 1920–1950-х годах.

Дорогие друзья! Наша задача помнить печальные уроки прошлого, донести правду до подрастающего поколения и дать достойный отпор людям, пытающимся исказить историю.

«АЩЫ БЕЛДЕУ» («ГОРЬКАЯ ЛИНИЯ») ҚАСИРЕТИ

(*Қызылжар өңірі тарихының шежіресінен*)

Қызылжар өлкесі елдің шетінде, жедің өтінде, тәуелсіздігі-мізді алғанға дейін саяси-басқару, ғылыми зерттеу орталықтарынан жырақ орналасқан өлке. Сондықтан да болар, аймағымыздың көне дәүірден бүгінгі күнге дейінгі тарихында зерттелмеген, тарихи-объективті бағасы берілмеген, хатталмаған ірі оқиғалар, тұтас кезендер, есімі ұмыт бола бастаған нелер тарихи тұлғалар бар.

Өлкеміздің табиғат байлығы, топырақ құнарлығы, яғни жыл сайын Республикамыздың қамбасын толтырып жатқан мол астығын қанағат тұтып, қасиетті өлкенің өткенін, бай тарихы мен мәдени дәстүрін, өнерпаздық өнегесін қастерлемеуізге болмайды.

Ата аманатындай өлкеміздің сан ғасырлық тарихындағы қатпарлы құпияның бетін ашып, жабулы жұмбағын шешу, заманың ағымымен шынырау түбінде қалған шындықты шығару перзенттік борышымыз, үрпақ алдындағы парызымыз.

1740 жұлды Орта жұз басшыларының Ресейге боданды ел болуга айт бергенін тарихтан жақсы білеміз. Сол уақыттағы бастыстағы Ресей мен Қазақстанның, яғни біздің Солтүстік Қазақстанның шекарасы Тобыл өзенінен басталып қазіргі Қорған қаласы, Мокроусов селосы, Лебяжі, Макушино, Петухов, Ишим қалалары, Омбы қаласының солтүстігінде Ертіске тірелетін болған. Бұл шекаралық белдеуді «Ишимская линия» деп аталды. Бұл белдеу бойынша Омбы қаласы қазақ жеріне қараған. Осы жылы орта жұздің бодандылығын қабылдағаннан кейін Ресей өкіметі қазақ жеріне сұғына кіріп, шығыстағы шекарасын кей жерлерде 200 шақырымға дейін созды. Бұрын қазіргі Қорған облысына қарасты Половин, Лебяжі, Мокроусов ауданының біраз жері, Макушино, Петухов аудандарының жері Қызылжар өніріне (Қызылжар уалаятына) қарасты жер болатын. Бұл жерді мекендейген Керей-Уақ елінен 15 мың шаңыракты Құлынды даласына (қазіргі Омбы облысының шығыс жағындағы бос жатқан далалық жер болатын. С.Ж.) еріксіз көшірді. Бұл елдің басшысын Жәнібек Бердәuletұлын өзің осы араның ханы боласын деп алдады. Осы

бір оқиға туралы Сегіз сері «Тұған еліме» дейтін өлеңінде былай деп жазды:

Көшірді бір тобынды Құлындыға,
Ұлықтар қарт Жәнібекке тұзак құрып.
Керей-Уақ ол жерге бармай тұрып,
Сол аймақ елсіз дала аталыпты.
Барған ел биелері көп құлындал,
Сол себеп «Құлынды» деп атаныпты.
Кетірді берекенде сол көшкен ел
Қүйінді жұрты азайып Маралдай ер.
Ұтылды картайғанда Ер Жәнібек,
Бір кезде болғанымен сіздерге бел.
Құлындыға төрт жүйе халқын көшіп,
Керей-Уақ баласы, бағын тайды.
Ол жерге барған елдер ұзак тұрмай,
«Алтайға ауамыз» деп тартты қайғы.
Ұлықтар алдаған соң амал тауып,
Көпшілігі сандалды Алтайға ауып.
Онда барып шекесі қызбады елдің
Тұрган соң алдап күтіп үлкен қауіп.
Керей-Уақ барған сон, көп ұзамай
Алтай мен Шөуешікті Қытай алды.
Орта жүзге қарасты жер болғанмен,
Шығыс Түркістан Қытайға қарап қалды.

Сегіз серінің бұл өлең шумақтарына түсінік берудің қажеті болmas, бірақ Қытай және Монғол жерлеріндегі Абақ Керейлердің біздің Қызылжар уалаяты жерінен шыққан халық екеніне назар аударайық.

Патша отаршылдарының бір топ Керей-Уақты атақонысынан айырғаны туралы сол оқиғаның куәсі болған Салғара Жанкісіұлы ақынның (1736—1817 жж.) «Көшкен жұрт» атты өлеңінен үзінді келтірейік:

Болмай қалды көнілді
Қызылжардың өнірі.
Соғысам деп ерлердің
Қыска болды өмірі.
Жиырма ауыл көшіп Балтадан
Жүрекке жара салдырған.
Немеребай, Рай орманын
Есентай жатқа қалдырған.

Рай көлі дөнінде
Тұған екен Есентай.
Көшерінде қиналған
Өз қонысын коя алмай.
Дүшпан алды еріксіз
Бақсары батыр жерлерін.
Пайдаланды, дариға-ай
Балығы мол көлдерін.
Қорғаймын деп өз жерін
Үйсін өлді ұрыста.
Бейбіт жатқан момын ел
Қамданбаған ұрыска.

Өлең шумағындағы айтылған Бақсары батыр жері Қорған қаласының оңтүстік-шығыс жағында 7-8 шақырым жерде. Қазір бұл жерде Бақсары атты село бар. Бақсары Керейдің Балта атасынан тарайды, қазақ-қалмақ соғысының батырларының бірі, Қожабергеннің бір қолын басқарған. Бұқар жырау «Ғаділ ер» атты өлеңінде Бақсары батыр туралы былай деп жазған.

Балта Керей Бақсары
Қожекеме шәкірт бол.
Талай жыл қолды басқарды,
Абыройлы сардар бол.

Қорған облысының Макушино ауданының картасында қазір өлеңде аталған Немеровка, Райское селолары бар.

Сол дәуірде Балта Керейдің ел аузында Сулымұрт атанып кеткен атақты биі болған. Қазір Қорған облысында осы бидің есімі орысшаланған Мокроусов атындағы аудан бар. Бұл аудан жерінің көпшілігі Балта Керейдің жері болған екен.

Қазіргі Қорған облысына қарасты Звериноголовск қаласы сол кезде Бағлан бидің атымен аталған. Бағылан би Керей руының түп атасы, XV ғасырда өмір сүрген атақты би. Зираты қаласында осы уақытқа дейін сақталған. Бұл сияқты деректерді көптеп келтіре беруге болады. Бұның бәрі Ресейдің жоғарыда аталған аудандарының жері Қызылжар уалаятына (кіші хандық) қарасты екенін анықтай түседі.

Жоғарыда айтылған жаңа шекараны жүргізу ісі генерал И.Киндерманға тапсырылғанын, бұл шекараның «Новоишим», «Горькая линия» деп аталып қалғанын тарихтан жақсы білеміз.

Қазақтар бұл шекараны «Қайғылы белдеу» деп атады. Өйткені бұл белдеу қазақтарды атақонысынан айырып, қайғы-қасірет әкелген белдеу болды. Патша отаршылдарының бұл озбырлықтары қазақтардың жаппай наразылығын тудырды.

Бұл «Ашы белдеу» біздің Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы жерінен Қостанай-Петропавл тас жолы бойымен жүргізілген. Шекараны қорғаған қазактарға «Ашы белдеудің» қазақ жағынан он бір шақырым жер тиесілі болған. Осыны пайдаланған қазактар он бір шақырым емес, 20-30 шақырым жерлердегі қазактың шұрайлы жерлерін тартып алған. Патша отаршылдарының бұл басқыншылығы қазақтардың наразылығын тудырып қоймай, қолдарына қару алғызды. Марал ишан Құрманұлы, Шақшақ би, Сартай батыр, Баһрам батыр Көшекұлдары, алдай Сексен батыр Жабайұлдары бастаған қазақ жасақтары отаршылдармен ашық соғысқа шығып отырды. Осылардың әрқайсынына қысқаша тоқтала кетейік.

Марал ишанның патша үкіметінің біздің солтүстік өнірдің отарлауға байланысты ашқан ғазауат соғысын Батыс-Сібір мұсылмандары тегіс қолдады. 1819 жылы Есеней бастаған колы ірі женістерге жеткенмен, кейін женілістерге ұшырайды. Қарулы көтерілістен нәтиже шықпайтынын білген Марал ишан Ресей үкіметі басшыларымен келісім жолын іздестіреді. Бұдан өрі Марал ишан туралы сөзімізде накты деректермен жалғастырсақ, Омбы қаласында 1888–1902 жылдары арасында «Дала уалаятының газеті» деген газет шығып тұрған. Осы газете «Вдохновенный киргиз Марал Курманов» деген мақала шықты («Дала уалаятының» газетін; 1888–1902 жж. Құрастыруыш Ү.Сұбханбердин. Алматы. «Ғылым» баспасы. 1994 жыл. 651–656 бет).

Осы мақаладан үзінді келтірейік.

«...Марал сделал попытку вступить в переговоры с русским правительством об отделении киргизов от России. С этой целью он отправил в Омск с старшиною Киреевской волости Байсалом два письма на имя Оренбургского военного губернатора генерала от инфантерии Эссена и командира Сибирского отдельного корпуса генерал-лейтенанта Капцевича. Так как оба письма одинакового содержания, то для выяснения сущности замыслов Марала достаточно привести содержание одного из этих писем в переводе с татарского: – Господин генерал, за несколько до сего лет на границах Российской Империи существовали благополучие, мир, тишина и спокойствие: и во время тогдашних России

государей не имели права и смелости русские без соизволения проходить в землю киргизскую, и киргизы (казахи) тоже боялись выходить в русскую, — а ныне, господин генерал, во времена твои и мои, сделалось так, что русские совсем овладели землею, принадлежащую киргизам, и они последние стали находиться и совсем вошли в землю русскую, почему это так и по каким причинам и обстоятельствам это случилось? От вас ли это, господин генерал, или от нас? И мы, как скоро получим о вас известие, никак ни сомневаемся, чтобы во времена ваши и наши как российские, так и киргизы могли бы разоряться и расстрачиться, потому что русские все находятся в зависимости вашей, а киргизы все — в руках ваших по прямому предопределению пророка, и я вас, господин генерал, покорнейше прошу дать мне позвление и путь к Государю Императору и сия есть самая убедительная до вас просьба», — деп жазған.

Мақала былай аяқталады:

«По всеподданнейшему докладу графа Нессельроуе, 12 февраля 1822 г. последовало Высочайшее соизволение на вызов в Петербург Марала Курманова, и тогда же были сделаны об этом все необходимые распоряжения.

Но воспользоваться позволением Маралу не удалось, он вдруг исчез — куда, в точности не известно».

1822 жылдары патша жандармдарының қолымен жазылған бұл хабарламадан Марал ишанның қазақ елін, қазақ жерін қорғау үшін қандай жанкешті істерге барғанын анық байқауға болады. Патшаның алдына бару ниетінін өзі үлкен ерлік деп бағалау керек.

Ауызша жеткен деректерге карағанда, Марал ишанның жоғарыдағы мазмұнда жазылған хатынан кейін Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевич жоғарғы жақтан қауіпті адам ретінде Марал ишанды жасырын өлтіруге жарлық алады. Капцевич конторында істейтін бір мұсылман бұл хабарды Марал ишанға жеткізді. Батыс-Сібір мұсылмандар қоғамы ақылдаса келе, басқа жакқа кете тұруға кенес береді. Осылайша Марал ишан қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданына көшіп кетеді. Қоныс еткен жерін өзінің арғы атасы Еменөлі атымен атайды. Марал ишан 1841 жылы қайтыс болып, осы жерге жерленеді, зират «Марал ишан қорымы» деп аталып кетеді.

Көшебе Толыбай сыншыдан — Қарабас (Қожаберген жыраудың туған ағасы), Қарабастан — Асқап батыр, Асқап батырдан —

Көшек батыр, Көшектен – Сартай туады. Сартай Көшекұлының атақонысы қазіргі Айымжан мен Островка селоларының арасындағы бұрынғы Кожаберген, кейін «Молалы», «Шәпті көл» аталатын көлдің маңы болған. Преснов бекінісі қазақтары он бір шақырым жер бізге тиесілі деген желеумен Сартайды атақонысынан ығыстырмак болады. Бұған көнбекен Сартай қол ұстап казактармен ашық соғысып отырған. Найза, қылыш, жабайы құралдармен қаруланған Сартай жауынгерлерінің саны 150-ге жетіп, Преснов станицасының өзіне қауіп төндіріп отырған. Бұл жөнінде Сегіз сері «Туған еліме» дейтін өлеңінде:

Туған ел, сіздер үшін болып алан,
Дұшпанға қарсы аттанған Сартай бабам.
Талқандап ата жаудың бекінісін
Ер болды халайықтан алғыс алған, –

деп жазған.

Қатты сессенген Преснов станицасы басшылары өздерінің жазалаушы отрядының шамасы жетпегендіктен Тобыл қаласынан арнайы армия бөлімін алдыртады. Жасырын келген қарулы отряд 1821 жылдың тамыз айында алаңсыз отырған Сартай ауылын оқтың астына алады. Сартай батыр жасағы жан аямай соғысқанмен қапыда келген күші басым жауға қарсы ештеңе істей алмайды. Сөйтіп бүкіл ауылды қырып кетеді. Сартай батыр 150 сарбазы, 17 баласымен оққа үшады. Ауыл адамдарын тегіс өлтіріп, ауылды өрттеп жібереді. Өздері де біраз солдаттарын ұрыс даласында көмусіз қалдырып, шұғыл аттанып кетеді. Жергілікті халық бүкіл ауылды қырып кеткенін келесі күні ғана білген еken. Бұндай қырғынды көрмеген халық аза тұтып, осы «Шәпті көлдің» дөнінде қаза тапқан ауыл адамдарын жерлеген еken. 1821 жылғы осы қанды оқиғаның ізіндей қазір де осы көлдің дөнінде қабірлері сақталған. Көлдің аты осы оқиғадан кейін «Молалы көл» деп аталады.

Сегіз серінің жазалаушы отрядқа қызмет етуден бас тартуы, орыс армиясымен қақтығысып қалуы, сөз жоқ, атадан келе жатқан кек болуы керек. Осы оқиға туралы Сегіз сері «Туған еліме» атты өлеңінде былай деп жазған:

Ер Сартай жау өскерін кескілеген,
Жай өлмей, көп жендетті ала өлген.

Он жеті ұлы, жұз сарбазы көп соғысып,
Дүшпанға өлмей, тірі берілмеген.
Оларды зенбірекпен атқылаған
Өлігін қылышпен шапқылаған.
Қолына тұсken малды алдына сап,
От қойып, ата дүшпан кете берген.
Әрт шалған солдаттарға қарамаған,
Жерлеуге өліктерін жарамаған.
Өзінің адамына мейірімсіз жау
Кісі деп басқаларды санамаған.
Туған ел, бұл сүмдықты қөрдініздер,
Қайғырып Сартай үшін жүрдініздер,
Осындай айуандыққа барған жаудың
Ешкімді аямасын білдініздер.

Бұл оқиғаны көпшілік біле бермеуі мүмкін. Тарихтың қойнауында қалып қойған бұл тарихи қайғылы оқиғаны кенес үкіметі кезінде айтуға мүмкін болмай келді. Шынырау түбінде қалған осындай шындықтарды шығарудың уақыты енді туғанда жасырып қою ұлтына жасаған қиянатпен бірдей деу керек.

Патша отаршылдарының Сартай ауылындағы айуандық ісі бес болыс Керей-Уактың ашу-ызасын туғызыды «Қанға-қан» десіп атқа қонды. Қарулы қолды Сегіз серінің әкесі Баһрам Шақшақұлы мен Алдай Сексен Жабайұлы басқарып, «Ащы белдеу» бойындағы Қабан, Преснов, Сенжарка бекіністерін бірінен соң бірін шапты. Бекініс басшыларын аяусыз жазалап, қарсы шыққандарын өлтіріп, казармаларына өрт қойды. Бұл бекіністерде қазақ қолдарына қарсы тұrap құш болмады.

Бұл уақытта Баһрам Шақшақұлы өзінің атақонысы Бұқпа көлінің (Жамбыл ауданы, Благовещенка мен Ольговка селоларының арасындағы көл) жағасындағы қоныста отыратын. (Бұл қоныстың орны қазір де бар. С.Ж.). Петровка каласынан шыққан жазалаушы отряд түнде жасырын келіп Баһрамды тұтқындалап алдымен Петровка түрмесіне, одан кейін аса қауіпті адам деп Омбы түрмесінде ұстайды. Баһрамның Омбы түрмесінде ұзак уақыт отырғанын оның «Тұтқын мұңы» атты дастанынан байқауға болады. Бұл дастанды 1892 жылы тұтқында отырып жазған. Бұл дастаның былай деп аяқтайды:

Атақоныс жерді алды
Көз үйренген көлді алды.

Ит жүгіртіп, құс салған
Жасыл алқап белді алды.

Бақұл боп әкем менен аға-інім,
Артымда қалған балам жеті гүлім.
Орнымды тірі болсан басарсыңдар
Ақ сазан, торсық шеке айым-құнім.

Ғұлама ойшыл үғар жырдың нарқын
Бұл күнде ішім жалын, көңіл салқын.
Омбыда шынжыраулы біз жатырмыз
Осымен доғарайын жырдың артын.

«Ашы белдеу» («Горькая линия») бойына орналасқан Жамбыл ауданының қазақтары кезінде отаршылдардың құрығына бірінші түсіп, құлдықтың қасіретін бірінші болып тартты.

Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы – Пресновка сол кездегі патша жазалаушы отрядының командирі капитан Пресновскийдің атымен аталған. Пресновканың қазақша аты – «Кіпітан» осы «капитан» деген сөзден алынған екен.

Капитан Пресновский Сексен мен Тоқсанның елі – Керейдің Алдай елін де өз жерінен қумақ болған. Бірақ қол ұстаған Сексен елін жауға бермей, Пресновка станицасының өзіне шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп кетіп отырған. Станица орталықтан өскер алғызып, құзетпен отырған деседі. Өз руын ғана емес, осы төңіректегі елді қорғаған. Станица басшылары Сексенді өте қауіпті адам деп жоғары орындарға өтініш жазған. Ел аузындағы аныз бойынша Пресновскийді Сексеннің өзі өлтірген. Сексеннің өзі де станица адамдарының қолынан опат болады. Сексеннің түсіп жүретін үй иесін сатып алып, у бергізеді. Сексеннің өлгенін естіген станица (Песновка) халқы үш күн тойлаған дейді. Сексен Благовещенка селосының онтүстік жағына «Бейіт көл», «Бейіт ағаш» деп аталатын жерге жерленген. Өшіккен станица адамдары денесін мазақ қылмасын деп, зиратының үстіне қойдың жүнін балшыққа илеп, оба жасатады.

Тарихи әдебиеттерде жазылғандай XVII–XVIII ғасырларда Қызылжар өнірі «Қызылжар уалаяты» деп аталды. «Уалаят» сөзі кіші хандық, аймақ деген сөздердің ұғымын береді. Уалаятты билеушіні «шора» деп атаған. Бұл сөз кіші хан, аймақ билеушісі деген мағына берген.

XVII ғасырда Қызылжар аймағы билеушісінің кімдер болғанын кездестіре алмадық. XVIII ғасырда Кожаберген жырау мен оның інісі Асқаптың шора болғанын Қожаберген жыраудың «Елім-ай!» жырының мына шумағынан білуге болады:

Інімді Асқап дейтін шора сайлап
Мен болдым Сыр бойына сапар қылмақ.
Дәл биыл елу бірге келген жасы,
Інімнің домалаған өрге тасы.
Өткізген сан майданды өз басынан,
Керейде Асқап еді ғаскер басы.

Асқаптан кейін Абылай хан заманында Қызылжар шорасы Баян бай Ақшаұлы болғанын атақты Уақ Тәтіқара ақынның мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Жомарттық жолдан тая алмай
Көшебе Керей Баян бай.
Ғаскерге көмек берген соң,
Шора еткен Абылай.

Баян бай Ақшаұлының атақонысы қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Петровка селосының орыны. Петровка селосының оңтүстік жақ бетіндегі көл Баян көлі деп аталса, көл жағасындағы жал ағаш Баян ағашы деп аталады. Сол арада Баян зираты бар.

Баян байдан кейін Шақшак Көшекұлы біраз уақыт Шора болған екен.

1819 жылдың жазында хан жайлауда Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдары құрылтай ашып, «Қак» көлінің жағасында (Тимирязев ауданы, Москворецк селосының жағындағы көл) Есенейді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстінен ақ киім кигізіп, ақ кигізге отырғызып шора сайлапты. Сол уақытта Есеней 21 жаста ғана екен. Есенейдің шора болғаны тұралы Мұсайын Сегіз серіұлы былай деген:

Шора болып жасында
Төрт момынды басқарған.
Төрелік айтса дауларда,
Бұзықтар бұғып жасқанған.

XVIII ғасырда Қызылжар уалаятына қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты жерлер ғана емес, батыста Ресейдің

Половинка, Лебяжі, Мокроусов ауданының біраз жерлері, Ма-кушин, Петухов аудандары, Омбы қаласы мен Омбы облысының Қазақстан жак беті, Көкшетау жері мен Қостанай облысының біраз жері қараған.

1819 жылғы Уәлі ханның өлімі қазақ хандығының құлауын тездедті. Ресей патшалығы үшін хандықты жоюдың оңтайлы сәті түсті. Қазактың хандық құрылышын жақтаған халықтың біраз бөлігі Уәлінің бәйбішесінен туған Ғұбайдолланы хан сайлағанымен, Ресей патшалығы оны бекітпеді.

1822 жылғы М.Спиранскийдің «Сібір қазактарын билеу» туралы ережесінің шығуна байланысты қазақ даласындағы хандық билік жойылды. Ел іші ауыл (50-70 үй), болыс (10 ауыл), округ (15-20 болыс) болып бөлініп, аға сұлтандық (дуандық басқару жүйесіне көшті. Яғни, біртұтас халық бір орталыққа бағынатын бас иесінен айырылып, іштей бөлшектенуге ұшырады. Округты (дуанды) билейтін аға сұлтандар (дуан басшылары) елге билік жүргізген сияқтанып атқа мінгеммен, оның атының да, өзінің де тізгіні патшалық Ресей әкімдерінің қолында болды. Патша әкімдері қазақ халқын аға сұлтандар арқылы биледі. Орталық Қазақстанда Қарқаралы, Көкшетау, Баянауыл, Аягөз, Ақмола, Кекпекті, Аманқарағай (Құсмұрын), Алатау округтері ашылды. Бұл округтер 1824 жылдардан бастап ашылды, 1822–1823 жылдары бір де округ аша алмапты. Себебі, Орта жүз хандығын бөлешектеуге қазактың билері мен бөктері, Есеней, Марал ишан, Зілғара сияқты атақты адамдары хандықты жоюға қарсы өрекет жасапты. «Замана» деген өлеңінде Сегіз сері осы кезең туралы былай деп жырлаған:

Сұм патша елді аллады расында,
Келтірмей қозғалуға шамасын да.
Билерге үш жыл бойы ерік берген
Хандық жойылып, дуан құралар арасында.

Хандықты жоймақ болып, жарлық келген
Сұлтандар өүлетіне жарлық келген,
Патша уездері Сперанский жоба жасап,
Он дуанға Орта жүз халқын бөлген.

Абылай ханға тартпаған балалары,
Ел билеуге жетпеген шамалары.
Уәли Орта жүзге хан болса да
Қазақтың жақтырмаған даналары.

Уәли хан өлмей тұрып, бір жыл бұрын,
Хандығы Орта жүздің таратылған.
Көсемге ел басқарап билік тимей,
Көпірге казак жұрты қаратылған.

Он дуан бірак бірден құрылған жок,
Сұм патша жұртты алдады ұтылған жок.
Маралдың соғыстары аяқталған,
Сол себепті өткенге ұлық бұрылған жоқ.

Қызылжар уалаяты жерінде құрылған алғашқы дуан Көкшетау дуаны болды. Бұл дуанға негізінен Есіл өзенінің оңтүстік бетінде отырған елдер қарады. Дуанның бірінші аға сұлтаны болып Ғұбайдолла Уәліұлы сайланды. Бұл дуанға негізінен Арғын руының Атығай, Қарауыл, Қанжығалы аталарының ұрпактары Караган.

1830 жылы Есіл өзенінің терістік бетінде Тобыл өзеніне деңгі аралықтағы жерді қамтитын Аманқарағай дуаны құрылғанмен тарап кеткен болатын. Оған бірнеше себептер болды. Біріншіден, дуанға қарасты халық өзара келісім бойынша дуанға ясак (салық) төлеп тұру керек болса, дуан басшылары өзіне қарасты халықтың жерін, дүние-малын ұры-қарыдан қорғауға тиісті болды. Дуан халықтан салықты жинап алғанмен, өзіне тиісті шартты орындаі алмады. «Ащы белдеу» бойында орналысқан казактар қазактардың құнарлы жерлерін тартып алып, атаконыстарынан айырды. Жергілікті қазактар мен шекара бойындағы казактар арасындағы жанжал қарулы қактығыстарға дейін барды. Марал ишан қозғалысынан бастаған орыс старшындарына деген жергілікті халықтың өшпендейлігі басыла қоймады. Халық салық төлемей, дуан басшылығына бағынбады. Дуан тарап кетеді. Батыс-Сібір губерния басшылары 1834 жылдың тамыз айында тарап кеткен Аманқарағай дуанын қайтадан ашады.

Кейін (1835 жылы) Құсмұрын болып аталған Аманқарағай сыртқы округты (дуаны) Обаған мен Есіл өзендерінің аралығындағы, оңтүстікте – Торғай өзенінің бас жағын солтүстікте «Ащы белдеу» бойына дейінгі жерлерді қамтыды. Округ жерінде: 62 ауылдан тұратын (3192 шаңырак) Керей (Сибан, Балта, Көшебе, Еменәлі, Алдай, Қантай, Таз, Бике, Дәүлетімбет, Иманәлі, Нұралы, Нұрымбет, Самай, Матақай), 1773 шаңыракты біріктіретін Арғын, 123 шаңырактан тұратын қыпшак, 1957 шаңыракты біріктіретін 32 ауылдан тұратын Уақ (Баржақсы, Бидалы,

Жансары, Шайгөз) тайпалары мекендеді. Бұл округ қазактары Есіл, Обаған өзендерінің жағалауларын, қалың ормандар арасын қыстап, жазда шөптің жақсы жайылымдықтары бар жерлерге көшіп жүрді.

Жоғарыда аталған рулық, тайпалық одактар төмендегідей бес болысқа бірікті: 1. Матақай – Самай Керей болысы; 2. Сибан Керей болысы; 3. Еменалы Керей болысы; 4. Уақ (Бидалы, Баржақсы, Жансары, Шайгөз) болысы; 5. Ақташы арғын – Қанжығалы болысы.

Омбы қаласындағы Сібір линиялық казактарының әскери училищесін тәмамдаған Шыңғыс 23 жасында осы дуанға аға сұltан болып сайланады. Аға сұltан болуға басқа лайықты адамдар болса да, елді хан тұқымынан шыққан адамдар ғана билеу керек деген қалыптасқан дәстүр бойынша губерния басшылары оларға келісім бермейді.

1868 жылы өлкеміздің бұл сұltандық билігі де жойылып, қазақ даласындағы дәстүрлі мемлекет сипаттамасынан мұлдем айырылып, ресейлік, одан кейін кеңестік тарихқа үласқаны баршаға аян.

БОРЬБА Ж.А.ТАШЕНЕВА ЗА ТЕРРИТОРИАЛЬНУЮ ЦЕЛОСТЬ КАЗАХСТАНА

В наше время демократии, плюрализма, открытости ранее закрытых архивных фондов имеет место возвращение имен, на которые ранее был наложен строгий запрет. Сегодня мы говорим о замечательном человеке, патриоте страны с большой буквы – Ташеневе Жумабеке Ахметовиче, который в 40-летнем возрасте был избран Председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР, а затем в 1960 г. стал Председателем Совета Министров Казахской ССР. До этого он с честью прошел все ступени аульной, районной, областной советской работы, везде проявляя свои уникальные деловые качества высокой трудоспособности. С 1938 по 1952 г. он работал в нашей Северо-Казахстанской области в должности председателя Северо-Казахстанского облисполкома.

Общеизвестно, что Ж.А. Ташенев проявил большие организаторские способности, работая на высоких партийных советских должностях в период распашки целинных земель. На одном из торжественных собраний руководитель страны Н.С. Хрущев сказал много слов благодарности за настойчивую и инициативную работу Жумабека Ахметовича, особо выделяя его умение мыслить масштабно, быстро и оперативно решать возникающие вопросы и проблемы. (слайд 1)

Современная оценка роли и значения освоения целинных и залежных земель для Казахстана была отмечена Президентом страны Н.А. Назарбаевым (слайд 2) на юбилейном совещании, состоявшемся в г.Астане (слайд 3) в 2004 г.: «За короткий исторический период во многих районах Казахстана преобразилась экономика, образование, здравоохранение, культура, создан мощный кадровый и научный потенциал»¹. (слайд 4), (слайд 5)

Целинная эпопея навсегда вошла в мировую историю и является одним из важнейших аграрных преобразований XX века; не имеющих аналогов в мире. Для многих тысяч молодых людей, приехавших из всех регионов СССР на целинные земли, Казахстанская земля стала родной и близкой на многие годы,

где они продолжают жить, где в настоящее время живут их дети и внуки.

Освоение целины стало, пожалуй, крупнейшим аграрным проектом, реализованным во времена Н.С. Хрущева. Хотя известно, что мировое сообщество отрицательно восприняло программу освоения целины.

Хрущев игнорировал открытое письмо из шести ведущих стран-экспортеров зерна, таких как Канада, США и других, где говорилось о предостережении массовой распашки степных просторов в таких огромных масштабах, потери уникальных травянистых площадей, исчезновения сотен родников, озер, малых рек, что может привести к нарушению экологии почвы не только в Казахстане, но и в мировом масштабе. В полемике по обсуждению указанного письма на слова В. Молотова: «Ты сломаешь себе шею на целине, — Никита Хрущев твердо ответил: «Какие бы трудности и сопротивления не были, мы добьемся цели!»²

Нужно отметить, что тогда не все члены Политбюро ЦК КПСС поддерживали Н.С. Хрущева по вопросу поднятия целины. Так, например, на одном из заседаний Президиума ЦК КПСС, Климент Ворошилов заявил Хрущеву: «Никита, ты забываешь или не знаешь Россию. Посмотри, в каком положении исконно русские области! В бедственном! Целые деревни, хутора запущены, сплошь бездорожье. Люди не могут одеться, обуться! Многие страдают от безработицы, отсутствия условий для жизни, а ты хочешь государственные деньги еще больше закапать в песках Казахстана!»³

Руководство Казахстана и особенно Ташенев Жумабек Ахметович также были против скорейших проектов, проводимых волонтистскими методами, без учета научного и организационного подхода, они ссылались на отсутствие транспортных путей для вывоза хлеба, острую нехватку складских помещений для зерна и необходимого жилья для специалистов. Да и ведь на тот момент «целинные земли» отнюдь не пустовали. Степные пространства Казахстана использовались как пастбища для скота, особенно традиционной отрасли хозяйства казахов, как коневодство. Однако Н.С. Хрущев считал иначе: «В Казахстане курица дает больше дохода, чем лошадь. Лошадь топчет пастбище, уничтожает сено, отрывает рабочую силу в большом количестве», — заявил он на совещании с руководителями Казахстана в начале 1954 года.⁴

Н.С. Хрущев гордился своим масштабным проектом и, поэтому часто бывая на целине, вынашивал стратегические задачи по пересмотру границ Казахстана и передачи целинных областей в подчинение Российской Федерации. Д.А. Кунаев в своей книге «О моем времени» пишет: (слайд 6)

«В декабре 1960 года в Москве состоялась сессия Верховного Совета СССР. Во время перерыва ко мне подошел Косыгин и сказал: «Тебя и Ташенева приглашают на обед Хрущев». Мы, понятно, приняли приглашение и пошли к Хрущеву. На обеде были все члены Президиума ЦК. Во время обеда Хрущев несколько раз обращался к Ташеневу с вопросами и усиленно уговаривал закусками: попробуйте, мол, то, это... после обеда Хрущев обратился ко мне: «Через 30–40 минут зайдите ко мне. Вы мне нужны». В положенное время я явился в приемную и он меня сразу принял.

Разговор начал издалека. Говорил о своем первом приезде в Казахстан, вспоминал, как начинался подъем целины, кто выступал против освоения целины. Говорил о первом казахстанском миллиарде пудов хлеба, о перспективе освоенных земель. Заодно выяснял у меня, как обустраиваются вновь организованные совхозы, какое настроение у целинников, не разъезжаются ли люди. Я все гадал: к чему он клонит? Неожиданное приглашение, подчеркнутое внимание к Ташеневу. И вдруг в конце нашего разговора Хрущев дал мне указание освободить от обязанностей Председателя Совета Министров республики Ташенева. Он сказал: «Очень много жалоб на Ташенева и проверка подтверждает правильность жалоб. Подробности узнаете в оргпартотделе. Ему трудно работать Председателем Совмина республики, дайте ему работу меньшую по объему».

На мой взгляд, в Верховном Совете Ташенев работал вполне удовлетворительно».⁵

О чем, собственно, шла речь? Почему Хрущев, выказывая особые почести, выхаживал Ташенева и задавал ему разные вопросы, как пишет в своих воспоминаниях Кунаев? Речь шла об одном: о присоединении северных областей Казахстана к России, о заполучении согласия Ташенева на это. Если строптивец Ташенев на подобный (кстати, и давно подписанный) акт согласится, то остальных уломать несложно. Разве кто осмелится возразить Первому секретарю могущественной КПСС? Все прекрасно понимали, что еще в 1954 году Хрущев (слайд 7), выступая

в театре оперы и балета имени Абая, с высокой трибуны громогласно назвал Ташенева инициатором освоения целинных и залежных земель». И теперь если этот «инициатор» проявил бы покладистость и инициативу в переходе северных областей Казахстана в состав России, Хрущев был бы безмерно рад. Однако Ташенев не поддавался уговорам и лести, не стал торговать землей предков, не захотел взять на себя такой грех и подвергать себя осуждению потомков. Никакая державная лесть не смогла пошатнуть его принципиальность. Выступать в то время против воли первого руководителя страны было равносильно самоубийству. Это означало ставить крест на своей карьере и судьбе. Жумабек Ахметович это прекрасно сознавал, однако помнил об участии народа, заботился о единстве и целостности республики. Во славу своего родного края он сознательно принес себя в жертву.

Таким образом, мы стали свидетелями, как благодатная и священная казахская земля устояла перед очередной опасностью», писал прославленный партизан, видный государственный деятель, ученый и писатель Ади Шарипов. (слайд 8)

В жизни Ж.А. Ташенева был и такой факт, когда в 50-е гг. XX в. со стороны Центрального Комитета КПСС было спущено предложение о передаче Бостандыкского района Шымкентской области в состав Узбекистана. Инициатива, естественно, должна была исходить от руководства Казахстана. Была создана специальная комиссия под председательством Ж. Ташенева. (слайд 9) В состав комиссии входили М. Бейсебаев, С. Дауленов, Х. Арыстанбеков, А. Морозов, В. Тогосов, В. Шереметьев. Комиссия, ознакомившись основательно с местными условиями, пришла к следующему выводу: «Территория Бостандыкского района весьма благодатна для развития животноводства. Имеются все условия для производства строительных материалов, для развития водных энергетических ресурсов..., для организации домов отдыха и санаториев работникам свинцовой, угольной промышленности и машиностроения. Учитывая все это, считаем передачу территории Бостандыкского района в ведение Узбекистана нецелесообразной». Заключение комиссии было передано Первому секретарю Компартии Казахстана Л.И. Брежневу.⁶

Центральный Комитет КП Казахстана принял такое постановление:

1. Принимая во внимание значимость Бостандыкского района в развитии народного хозяйства республики, Бюро ЦК КПК согласилось с выводами специальной комиссии под председательством Ж.А. Ташенева о нецелесообразности передачи Бостандыкского района в состав Узбекистана.

Однако 12 ноября 1955 года, несмотря на несогласие руководства Казахстана, по постановлению Президиума ЦК КПСС, подписанному Н.С. Хрущевым, распоряжением Председателя Верховного Совета СССР К.Е. Ворошилова Бостандыкский район Шымкентской области был передан в состав Узбекистана.

В своих автобиографических воспоминаниях Ж.А. Ташенев рассказывает, как он однажды поспорил с секретарем ЦК КПСС Козловым. Зашел к Козлову решить некоторые вопросы. По-видимому, тот был не в настроении. Из-за мелочей расстроился и со мной стал разговаривать на высоких тонах. — Фрол Романович, — обратился я, перед Вами не инструктор или зав. отделом аппарата, чтобы при случае дать нагоняй и отвести душу, а Председатель Правительства Республики Казахстан. Недавно Вы встречали с почетным караулом руководителя Албании Энвера Ходжу, страны, которая равна одной нашей области. Мы не претендуем на подобные почести, но определенное внимание не было бы излишним. Если это не в ваших силах, спасибо за прием, будьте здоровы, — после этих слов поднялся и попрощался с ним. (слайд 11,12)

Такова была природа советской политической системы. Она выбирала, воспитывала преданных ей людей из низов, вы烨стовала их, использовала максимально для своих целей, а потом сама же преследовала и уничтожала их — морально и физически. Так складывались судьбы большинства выдающихся личностей, душой и сердцем ратовавших за счастье народа, за родную землю. Не избежал этой участи и верный сын казахского народа Жумабек Ташенев. Вырваться из петли системы ему не удалось.

Он прожил достойную и яркую жизнь. Честно и верно служил своему народу, своему родному краю. В час испытаний проявил мужество и стойкость. Благодарный народ его не забудет. Жизнь его — пример и завет для потомков. (слайд 13)

Если рассматривать целину в призме современных социально-экономических и политических реалий, то ее роль в республике несомненна. Во многом благодаря целине Казахстан стал

входить в так называемый зерновой пояс Земли (США, Канада, Аргентина, Австралия, Франция), именно эти страны контролируют конъюнктуру мирового рынка зерна. А Республика Казахстан благодаря твердым сортам пшеницы получила право выхода на мировой рынок в качестве страны-экспортера высоко технологического зерна.

Так же следует иметь в виду, что 90–95% мировых посевных площадей, отводимых под хлебные злаки, занимают мягкие пшеницы, тогда как целинный регион Казахстана производит преимущественно твердую пшеницу, ее сильные сорта, отличающиеся высоким содержанием белка.

Таким образом, целинные земельные распашки в Казахстане (в 1954–1960 гг. здесь было поднято 25,5 млн. га) не могли не дать масштабных негативных проекций. Приняв курс на целину, отражавшую стратегию глобально расширяющегося (экстенсивного) природопользования, партийно-государственное руководство проигнорировало обще гуманитарный принцип «Земля – наш общий дом», взяв тем самым на себя моральную ответственность за грядущие экологические катаклизмы. Гигантская зона рискованного земледелия, формировавшаяся на пространствах Востока, была рискованна не только по отношению к урожаям, но и прежде всего и главным образом в плане экологии нашего общего дома – планета Земля.

Что касается экономической целесообразности, то этот аспект трудно иллюстрируется, поскольку такие подсчеты статистика просто не вела. Поэтому вряд ли кто точно знает, какова действительная цена экономических издержек легендарных казахстанских миллиардов пудов зерна. Это покажет будущее.

Список использованной литературы:

1. Казахстанская правда, 7 февраля 2004 года; № 26 (24336). с. 1.
2. История Казахстана и Центральной Азии, А., 2001 г., стр.564.
3. История Казахстана и Центральной Азии, А., 2001 г., стр.564.
4. *Ф. Бурлацкий, Н.С. Хрущев. Штрихи к портрету 1985.* стр.201.
5. *Д.А. Кунаев. «О моем времени».* стр. 126.
6. 1 июня 1955 г., фонд 1137. стр. 107-109.

МАРАЛ ИШАН – ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ

Ақиқатқа бергісіз ғажайып істерімен аты аңызға айналған біртуар тұлға Марал ишан жайлы ел арасына тараған әңгіме көп. Соның бәрі Марал ишан-ғұлама – данышпан, ірі діни қайраткер, бір басына бірнеше қасиет дарыған көріпкел, әулие, сәуегей, тарыққанды демеп, зарыққанды жебеген өз халқының шын жанашыры дегенге саяды. Қасиетті баба туралы әңгімелер мені де қатты қызықтыруши еді. Алайда, оның қупиясы көп өміріне терен бойлар нақты деректердің тапшылығынан ба, ғалымдар ол бұл тұлғаның істеген ісін, қалдырыған мұрасын аса зерттеген жок. «Сабакты ине сәтімен» дегендей, енді міне, оның да уақыты келген сияқты.

Исламтанушы, филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының жазуынша («Түркістан» газеті, №8 (574), 14.07.05) «Ишан – ерекше табиғи қасиеттерінің арқасында бір өзінде қырық ахунның білімі жинақталған, қажет болған жағдайда үлкен-үлкен кереметтер де көрсете алатын, дін жолында әбден кемеліне келген, төнірегіндегілерді шарапатты сөзімен де, таңғажайып ісімен де онай иландыратын, илаһи (құдайлық) ақиқаттарға қалтқысыз сендіре алатын киелі, қасиетті адам». Марал бабамыздың ұлылығы мен ірілігін осы сөздер-ақ аңғартып тұрған жоқ па?!

Марал бабамыз 1780 жылы қазіргі Қостанай облысындағы Обаған өзенінің төнірегінде, Құсмұрын атырабында, кейін Марал шілігі аталған қоныста дүниеге келген. «Бұл – бүгінгі Аман-карағай орманымен іргелес Қайранкөл жазығы», – деп жазады Марал ишан өмірін көп зерттеген қостанайлық қаламгер Сырлыбай Бұркітбайұлы. («Марал ишанның нұр шапағаты», Қостанай к. 1998 ж. 3 бет.).

Зерттеушілердің жазуларына қарағанда, Марал ишанның әкесі – Құрман Абылай ханның ең сенімді адамдарының бірі – емшісі болған, ал шешесі қалмақ ханы Қалдан-Цереннің казақ әйелінен туған, есімі – Фатима. 1741 жылы акпан айының аяғында Жонғар өскерлері қазақ жеріне тұтқылдан шабуыл жасай-

ды. Нақ осы кезде Абылай қапылыста қолға түседі. Бұл жөнінде Ямышев бекінісінің коменданты Сібір губерниясының кеңесіне жолдаған мәлімдемесінде: «Қалмактар оларды (казақ өскерін. – Ж.С.) талқандап, сұltтан Абылайдың өзін қолға түсірді», – деп хабарлайды. («Ақиқат», 1992, №7, 59 б.). Екі жылдан астам тұтқында болған Абылай 1743 жылдың қыркүйегінде аман-сау елге оралады. Қалмақ ханы Абылайды тұтқыннан босата отырып, оған үлкен сый-сияпташ жасайды. Осы жайында Орынбор комиссиясының өкілдері. Иван Лакин мен Мансұр Асанов «Етегі алтынмен көмкерілген қымбат шатыр, алтын зерлі қамқа тон сияқты асыл бұйымдарды тарту етті», – деп жазады. (XV–XVIII ғ.ғ. казак-орыс қарым-қатынасы. 243 б.) Қалмақ ханы Абылайға жана сыйлады дегенді тарихшылар жоққа шығармайды. Сөйтіп, қалмақ тұтқыннан оралған Абылай көшіне ілесіп келген екі қыздың біріне өзі үйленеді де, екіншісін емшісі Құрманға қосады. Құндердің күнінде екі әйел де босанып, шекесі торсықтай екі үл өмірге келеді, оның бірі – Қасым да (Кенесарының өкесі, екіншісі – Марал). Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында: «Атадан балаға калған сөздерге қарағанда Марал ишан мен Кенесары Қасымовтың шешелері туыс, екеуі бөле еді», – деген сөздері де осыны дәлелдейді.

Марал ишан Ашамайлы Керейден тарайтын Танаш бидін он бірінші үрпағы. Ол туралы мәліметтер көптеген еңбектерде кездеседі. Мысалы, атакты Балқы жырау «Сұм дүние» деген толғауында:

Мына шолақ дүниеде,
Өулие өлмес дер едім,
Отқа салса күймеген.
Залымдықтың өмірі
Бір шарпуы тимеген,
Арамды қөңлі сүймеген.
Дін-мұсылман баласын
Кереметпен билеген.
Сахар тұрып жылаған,
Қатын медет сұраган.
Ол ерлердің тағаты
Құдайына ұнаған.
Баба түкті шашты өзіз,
Ер Сейітпенбет, Мағзаман.

дейді.

Әкеден тоғыз жасында жетім қалған Марал арада үш-төрт жыл өткеннен кейін білім іздел, анасымен бірге жолға шығады. Қаржының жоқтығынан жол азабын тартып, көп қиналады. Ақыры жаяулап-жалпылап Ақмешіт маңындағы Құланбай ишанның ауылына жетеді. Құланбай ишанның кісі танитын қасиеті болса керек, Маралдың тегін бала емес екенін іштей сезеді де, одан жабысып айырылмайды. Ақыры қызы Менлібикеге қосады. Бірақ, Марал бұл жерде тұрақтап қалмай, сапарын одан әрі жалғастырып, қазіргі Өзбекстан Республикасының аумағындағы Жам тауын мекен етіп отырған Жалаңаяқ ишанның алдына барады. Атакты өулие Маралды екі сөзге келмей оқуға қабылдайды. Кешікпей Марал зеректігімен көзге түсіп, ұстаздың ілтипатына бөленеді. Жалаңаяқ ишаннан он жыл дәріс алған Марал діни шариатпен бірге дәрігерлік мамандықты да жете менгереді. Оның атағы халыққа тез тараиды. Туған жеріне оралысымен ауру-сырқаулар ағылып келе бастайды. Ауыр халде келгендердің өздері дем салғаннан кейін сырқаттарынан құлан-таза айырып кетеді. Осылай оның даңқы бүкіл елге жайылып, халық алдындағы беделі өсе түседі.

Осындай заманынан озып туған көзі қарасты, көкірегі сәулелі жанның емшілікпен ғана айналысып отбасы — ошақ қасында қалуы қофамда болып жатқан құбылыстарға назар аудармауы, араласпауы мүмкін бе еді. Марал бабамызда да елдің жайын ойлады. Күннен-күнге қүшейіп жатқан орыс патшасының зорлық-зомбылығы, қазак жерін отарлаудағы неше түрлі айла-шарғысы оны да назаландырады. Бұл кез қазақ елін қанаудың нағыз шектен шыққан тұсы еді. Тарихта осындай сұрқия саясатты әшкере-лейтін деректер жетерлік. Мәселен, 1914 жылы «Айқап» журналының 13-санында жарияланған II Екатеринаның қазак жерін отарлау әкімшілігіне берген құпия нұсқауында «Қырғыз-қазак халқының ру басшыларын, сұлтандарын бірімен-бірін араз қылышп, бірін-бірімен иттей таластырып, бірінің етін бірі жеуге болардай іс қылышыз» делінген. Бұл патшаның «бөліп ал да, билей бер» дегені еді. Соның айғағындаи, кешікпей — 1822 жылы, М.М.Сперанскийдің «Сібір қырғыздары жарғысы» өмірге келді. Оған сәйкес сібір қырғыздары облысы үш ішкі және сегіз сырт-

қы округтерге бөлінді, ол жерлерде белдеулік казак өскерлері құрылып, оларға жер бөлініп берілді.

Қазактың біртуар ұлы Мұстафа Шоқайдың тілімен айтсак, «орыс солдатының сонынан орыс мұжығының ілесіп отыратындығы, сөйтіп, жаулап алған жерін орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатындығы» Ресей отаршылдығының ерекшелігі еді. Осылай ең құнарлы жерлерді басып алу, жергілікті халықты ығыстыру, неше түрлі салықтар салу қазактың қабырғасына қатты батты, халықтың ашу-ызасын туғызды. Оның аяғы Орта жұз қазақтарының бас көтеруіне әкеліп соқтырғаны белгілі. Осындай наразылықтың өршуіне Марал Құрманұлының да қосқан үлесі аз емес. Ол сол кезде-ақ Ресейдің отаршылдық саясатының қазақ халқының басына төнген қауіп екенін сезген, «...Россияға қарамаңдар, өздерің бірігіп, орыстан басқаланып, егін салумен айналысындар, сендерді егін байлыққа жеткізеді». (Дала уалаяты» газеті, 1899 ж.) деп халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

«Марал ишан Керей болысының старшинасы Байсалмен бірге Орынбор өскери генерал-губернаторы Әссенің және Сібірдегі өскери бөлімнің бастығы генерал-лейтенант Капцевичтің атына екі хат жолдаған... Хатында Марал баба көп жылдардан бері Ресеймен достық қарым-қатынастың бұзылып, олар қазақтардың шұрайлы жерлеріне кіріп алғанын, ал қазақтардың өз тарапынан орыстардың жеріне баруы үлкен жанжал тудыратынын жазады» («Қасиетті Марал Ишан», Тұмар, Қызылорда, 2005 ж. 81-82 б.), кикілжінің алдын алу қажеттігіне назар аударады, императордың қабылдауына баруға рұхсат алып беруін сұрайды. Марал Құрманұлының бұл хаттары елеусіз қалмайды, сол кездегі вице-канцлер, граф Нессильрод пен Сібірдің генерал-губернаторы Сперанский ақылласа келіп, Маралдың Петербургке баруына рұхсат беру туралы шешімге келеді. Бірақ, Марал патшаның қабылдауына бармайды. Өйткені оның ниетін аңғарған патшаның жандайшаптары басқан ізін андумен болады. Орынбор генерал-губернаторының жұзбасы Жантөре Жиһангеровке Маралды тауып алушы тапсыруы, орыс подполковнигі Граматиннің сұлтан Шотай Бақтыгереевке Маралды ұстауды бұйыруы патша үкіметінің Марал Құрманұлын қауіпті адамдардың тізіміне енгізгенін анғартады.

Марал ишан туралы «VIII—XIX ғасырлардағы қазак-орыс қатынастары», (Алматы, «Фылым», 1964—1986), В.В.Бартольдтің

«Ишан» (шығармалары, б.т. М., 1970 ж. 679 б.), «Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы ислам» деп аталатын (РФА Шығыс әдебиеті, 1999 ж. 40 б.) энциклопедиялық сөздікте, басқа да еңбектерде көп деректер келтірілген. Мәселен, Краф мырза қазақтан Марал деген шығып «Қазакты қәпірден құтқаруға шыққан өулиемін» деп, ел арасына әнгіме таратқанын жазады. Орыс армиясының тілмашы Захаров оны «орданың шырқын бұзушы» деп атайды. «Ол Торғайда өмір сүріп, женілtek орталықтарды өз жағына тартып, ауылынан орыс қашқындарға баспана беріп отыр» деп жазады. Керей руына қарайтын ауылдардың ишаның сонынан үдере көшкені рас еді. Кей дерек көздерінде олардың саны 10 мыңға жеткені айтылады. Марал орыс патшасына қарсы үгітін өрістетіп, жақтастарын мұсылмандар мемлекетін құруға шақырады. Мұның аяғы қарулы қақтығыстарға дейін барады. Баһрам ақын Шақшақұлының «Қайғылы белдеу» дастындағы:

Зенбіректен келсе де,
Кәпірдің жолы болмаған.
Канға құмар сүмдардың,
Бұл жылы ісі оңбаған.
Марал ишан ұстазын
Есеней шора қолдаған.
Сарбаз жинап берсін деп,
Бектерге сәлем жолдаған, –

деген жолдардан осыны аңғарамыз.

Осы жыр шумақтарын оқи отырып, тағы бір тосын жайға тап болғанымды айтқым келеді. Ол Есеней Естемесовке қатысты. Кезінде Ғабит Мұсіреповтің өзі қазақ жеріндегі толқулар кезінде Есеней Естемесов патша өскері жағында болды деп жазған еді. Соны оқығанда, халқына қалай қарсы шықты екен деп ойлаушы едім. Жоқ, ол Ғабенің саясатты «іштен шалған» сөзі екен.

Марал ишан туралы жазбаларда, оның қайтқан жылы осы күнге дейін екі түрлі көрсетіліп келеді. Кейбір зерттеушілер ол 1841 жылы қайтыс болды десе, кейбіреулер 1852 жылы өмірден озды дейді. Соңғы тұжырым шындыққа көбірек саятын секілді. Өйткені, генерал И.Ф.Бларамберг өзінің құнделіктерінде 1852 жылы өскерлерімен бірге Қосқорған және Қарақұл маңына тоқтағанын, Марал ишанмен кездескенін, «Ол маған өте сенімсіз адам ретінде көрінді. Менің жанымдағы қазактар оның алдында

құрдай жорғалап, менің оны алып кетуіме көмектеспейтіні белгілі болды. Марал ишан үнемі басына сәлде орап, қолында жылқы құйрығының қылышан жасалған үлкен желпуішімен желпініп отырды», — деп жазады.

Осы мәселеге қатысты 1993 жылы Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданына қарайтын Толыбай-Жабасақ бағытында үйымдастырған экспедицияға қатысушы Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Үрысжан Ілиясқызының айтқан ойлары да көкейге қонымды сияқты көрінді. «Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша Марал ишанның қайтыс болуы 1841 жылы емес, одан біраз кейін деуінде негіз бар сияқты. Аққұмдағы Жуғы маңындағы құлыптастардың жазылған уақыты 1855–60 жылдардан басталады. Бұл жерде қорымның пайда болуына осы Жуғы негіз болған болар деп топшылауға болады», — деп жазады ол. Одан әрі зерттеуші «Жуғы» деген сөздің Марал ишанға қатысын таратады. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Қостанай жақта жүріп қайтыс болған Марал ишанның денесін осы жолмен алып жүріпті. Алыс жол, жаз айы, күн ыстық, жолда бірнеше рет тоқтап, қара былғарыға оралған әулиенің денесін тәрбиелеп, жуыпшаюға тұра келеді. Сол жерлерді аяқасты етпеу үшін, сыртын орлап тастайды. «Сыртқы ордың шенбері жұз метрдей. Қазылған ордың терендігі мен айналасының қыры әлі бір метрге жуық. Әулиенің Жуғысы маңында XIX ғасырдың екінші жартысынан үлкен қорым өсіпті. Бүгінде тамдар құлап, төмпешіктеге айналып, құлыптастар әр жерден қылтиып көрініп тұр. Бір кездे Жуғы маңында қалың бейіттердің қанат жаюына әулиенің Жуғысы негіз болғанға үқсайды». («Қасиетті Марал ишан», Қызылорда, 2005 ж. 197 б.).

Сөз жок, Марал ишан — тарихи тұлға, қазақ халқының рухани қолбасшысы, ислам дінінің ұлы насихатшысы. Кезінде Бұхара қаласындағы, кейін Ауғанстандағы Мазари Шариф ғылыми орталықтарында білім алған ол ағартушылық қызметпен де көп айналысқан, Қызылорда, Қызылжар, Қостанай өнірлерінде бірнеше мешіт пен медресе ашқан. «Әкеден ұл туса игі, әке жолын қуса игі» деген емес пе, кейін оның жолын балалары жалғастырған.

Ұлы Алла мұнша бақыт қалай берген, Әр әулие – атқан ақтан, арай белден. Ишан боп көп әулеті бабамыздың, Тараган атақданқы, талай жерден.

Қалқай мен Қалыбайдың, Елібайдың, Әулиелік қасиеті мол,

керім айқын. Алдажар, Тобағабыл, Үндеместің, Ишандық Құдіретіне куә-ай, күн.

Кең жайған Әмит, Оспан қанаттарын,
Жұнісхан, Сәруар, Ысқақ – талант – дарын!
Сұлеймен мен Мамырбай тірлігінде,
Кәміл білген, бақида аbat барын.

Қостанайлық ақын Жолбарыс Баязид өзінің «Дала елінің әулиесі» деген көлемді толғауында Марал ишанның ұрпағы жайлы осылай жырлайды.

Заманның талай дауылына ұрынса да, екі ғасырдан астам уақыт бойы есімі ел есінде сақталып ұмытылмай келе жатқан Марал ишан – Абылай ханның майдандас серігі, ұлт-азаттық құресінің рухани көшбасшысы.

Сондыктан да қазіргі ғалымдардың, жазушылардың міндетті – Марал ишанның алдына қойған мақсатын, жүргізген саясатын, халқы үшін істеген ерлігін, қалдырған рухани мұрасын жанжақты зерттеп, болашақ ұрпақты отансүйгіштікке төрбиелеуге, рухани бостандықты берік ұстану бағытында үлгі ретінде пайдалануға тиіс.

ҚЫЗЫЛЖАР АТАУЫН ҚАЙТАРУ – ТАРИХИ ӘДІЛДІК

Сананы отарсыздандыру ісінде елдің, жердің атауларын қалпына келтірудің маңызы зор. Белгілі ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед те: «как только народы добиваются независимости, они первым делом стремятся поскорее избавиться от всех и всяческих атрибутов позорного колониального прошлого и восстановить свою, в той или иной степени и на тот или иной взгляд, утерянную национальную идентичность» деп жазған еді. («Основа национального бытия», Қазақ альманағы, №1, 2009 жыл, 55 бет).

Әуелі патша өкіметінің, одан Кеңес одағының колониалдық саясаты қазақ атауларды санадан өшіріп, бәрін де өздеріне ұнамды атауларға ауыстыруға тырысып бакты. Соның бірі Петропавл қаласының атауы. Ұзак жылдар бойы бұл қалаға қазактың ешқандай катысы жоқ, оны орыстар салған деген ұғымды егуге тырысқан колониалдық саясат белгілі нәтижелерге де жетіп отырды. Соның кесірінен қаланың Қызылжар атауы жасанды деушілер өз қандастарымыздың арасынан да молынан табылды. Іс жүзінде Қызылжардың салынуы мен өсуінде қазактардың үлесі зор болатын. Біз оны тәмендегі мақаламызда біршама көрсеткендей болдық.

«Петропавл» мен «Қызылжар» атауларының қайдан шықканына жергілікті өлкетануши, сол аймактың тарихын қазақ, орыс тілдеріндегі дерек көздері арқылы зерттеуші ретінде толығырақ тоқталып көрелік. Кеңес кезіндегі аймақ тарихын зерттеңдер, соның ішінде жергілікті өлкетанушылар тек орыстілді деректерді ғана қарап, солармен ғана қанағаттанғаны анық. Солардың ішінде М.Бенюх, М.Морозов, С.Пресняков, В.Черников және т.б. енбектерінен осыны көруге болады. Олар қазақ тілін «но» деп білмейтін және оны керек те қылмаған жандар. **Сондықтан олардың біржакты кеткенін атап өтуіміз керек.** Осының өзі-ақ әр тіннен хабар береді. Олардың енбегін оқығандар да қала тарихын орыстілді деректерден ғана біледі. Ал қазақ даласын алғашқы зерттеуші Ядринцев, Янушкевич, Левшин, Потаниндер қазақ тілін жақсы білген және қазақы дерек көздерін тиімді пайдаланған...

Ал біз, екі тілдегі деректерді де сүзіп шықтық. Сонымен... Қазақстанның Солтүстік аймағы мен Ресей арасындағы ең алғашқы шекаралық белдеу «Ишимская линия» деп аталып, ол Тобол өзенінен басталып, қазіргі Қорған қаласы арқылы Коркина Слобода жатағын (казіргі Ишим қаласы) басып, Ертіс өзенінің Чернолуцк деген жеріне тірелетін. Оның ұзындығы 1500 шақырымдай болды. Айта кетерлігі, осы белдеу бойынша алғанда қазіргі Омбы қаласының аумағы да Қазақстан жерінде болды. Кейін, КСРО заманында РКФСР мен Қазақстанның шекарасы белгіленгенде ол бұрынғы белдеумен емес, кейінгісімен жүргізіліп, Омбы өнірі мәнгіге Ресейге қарап кетті.

1752 жылы орыс патшалығы қазақ жеріне ене тұсуді мақсат етіп, жаңа белдеу жүргізуді қолға алды. Ол «Новоишимская линия» деп аталды. Халық арасында «горькая линия» деп аталған осы белдеу. Бұл белдеу қазақ жеріне 80-нен 300 шақырымға дейін сұғына жүргізіліп, тұзулете тартылды. Соның кесірінен қазақ жерінің 150 мың шаршы шақырымдай жері Ресейге қосылды. Осы жерде қалған қазақ тұрғындарға түрлі қысымшылықтар көрсетілді. Соның ішінде малмен күн көріп отырған халық белдеудің ар жағындағы жайылымдарына шығар болса, күн төлетіп отырған. «Казахско-русские отношения XVIII–XIX вв.» аталағы жинақта бұл туралы: «переход казахов со скотом через линию допускался только с разрешения царьских пограничных властей и после внесения определенной платы. Поборы эти превращались в настоящий грабеж казахского населения» деп жазылған.

Жаңа белдеуді жүргізу 1752 жылдың 26 наурызында генерал Киндерманға жүктеліп, оған арналып Сенаттың арнаулы жарлығы шықты. Осы жарлықта «...и построит на ней (крепостей) к лучшему защищению Сибирской стороны от набегов Киргиз-Кайсацких и для обуздания тех орд, кочующих к Сибирской стороне, от их своевольностей, и чтоб оный народ содержан был в подданической должности» деп жазылған. (М.Морозов., «Петропавловск – северные ворота Казахстана», Омск, 1993 г.). Осыдан әрі қанша қорған, қанша редут және маяк салу керектігі анық көрсетілген. Сол қорғандардың бірі «әулие Петр» аталды. Демек, патшалықтың қазақ жеріне ешқашан қала салмақ ниеті болған жоқ, ол қазақтардан қорғану және оларды колониалдық құлдықта ұстau құралы – қорғанды ғана салған. Осы жарлықтан

сол ниет анық көрінеді. Ал қорғанның жаңынан қала өсіп шықса – ол қорғанның еңбегі емес. Тәменде біз ол кімнің еңбегі екендігіне арнайы тоқталамыз.

Біздің кейбір орыстілдес отандастарымыз патша өкіметі қорғандарды қазақтарды жоңғарлардан қорғау үшін салған делінетін кеңестік идеологияның «ертеғісіне» әлі күнге сенеді екен. Интернет беттеріндегі материалдардан соны көрдік. Патша өкіметі керісінше, оларға отты қару сатып, зенбірек құя билетін маман беріп, үлкен көмек көрсеткен. Ұзақ жылдар бойы «қамауда» болған Қожаберген жырларында бұлар туралы ашық баяндалады. Әйткені, **патшалықтың негізгі стратегиясы – қазақтарды жоңғарлардың күшімен әбден әлсіретіп, жерін тегіс басу болған еді**. (Осы орайда патшалық қазақтарға ешқандай отты қару түгіл оқдәрі де сатуға катан тыйым салғанын еске сала кетейік). Ал жоғарыда біз көрсеткен М.Морозовтың кітабында: «С Россией Джунгарское ханство вело мирную торговлю» деп жазған.

Сонымен... Киндерман қатты кірісіп, 1752-ші жылдың ортасы аяу «Новоишимская линияның» бойына екі алты бұрышты, тоғыз төртбұрышты қорғандар және олардың араларына 33 редут пен 42 маяктың құрылышын бастап кетеді. Соның екі алтыбұрыштысының бірі – Звериноголоск (оның қазақша аты Бағлан) және біз сөз етіп отырған «Әулие Петр». Соңғының құрылышы 1752 жылы басталып, 1770 жылдары ғана толық аяқталған.

Енді мына фактіге назар аударыңыздар. Осы қорғандардың бірі де қалаға айналған жок, жалғыз-ақ «Әулие Петр» ғана үлкен қала болды. Алты бұрышты қорғандар қалаға айналатын болса – Звериноголовск де қала болар еді. Бірақ ол да қазіргі Корған облысындағы шағын ғана мекен.

«Әулие Петр» қорғаны Есілдің бойындағы ен қыстаудың («Еңқыстау» деп аталған) үстіндегі қазактар «Қызыл жар» деп атайдын ежелгі қонысқа түскен. Бұл жер ежелден қыстамаққа ыңғайлы, ауыз судың бойы, әрі ықтасыны мол аймақ болатын.

Осы жерде бір тоқтала кететін жәйт, кейбір жерлестеріміз қаланы бос жатқан, қу мекиенге келіп, орыстар салған деп тұжырыпты. Бұл қазақ тарихынан мұлде хабары жоқ адамның пайымы. Ондайлар қазақ тарихын, жоғарыда айтқанымыздай, орыстілді деректерді пайдалану арқылы ғана білгендер. Егер қазақ деректерін білген адам болса, қазақ жерінің бос жатқан ешбір

өнірі болмағанын олар білер еді. Иелері оны шаруашылық (көшпелі әдіспен мал өсіру) талабына сәйкес жылына кем дегенде бір рет көшіп келіп, жайлап отырған. Егер көшпелі тірлік болмаса мыңғырған жылқы отарларын ешкім де ұстай алmas еді. Кезінде кеншар директоры болған бір танысымыз: байлар мың жылқыны қалай бақты екен, мен кеншардағы 200 жылқыны қайда сыйғызырымды білмей далмын деген еді.

Барлық жайлаулар мен қыстаулардың, белдер мен белестердің атаулары болатыны сондыктан. Және өркім өзінің жерін біледі, бір-бірінің жеріне ешқашан бас сұқпайды, егер бас сұғар болса «жер ашуы – жан ашуы» деген үлкен дау туады.

Мұның бірін де білмейтін орыс ағайындар біз бос жаткан, «керексіз» жерге келіп қала салдық деп ойлайды екен. Жоғарыда біз атаған жергілікті өлкетанушылар да қазақ тарихын толық білмейтін болғандықтан өз еңбектерінде осылай пайымдапты. Қазактар Есілдің бойы сияқты түгін тартса майы шығатын құнарлы өлкे түгіл шетсіз-шексіз кең жазықтардың, шөлейт аймактардың өзін ежелден бөліп алып, жайлап отырғанынан олар мұлде хабарсыз болып шықты... Және сол жерлердің бәрін, қажет болса олар бастарын бәйгеге тігіп, қанын төгіп жаттан қорғаған. Мұны әрбір казақстандық мектеп қабырғасынан білуғе тиісті...

«Әулие Петр» қорғанының құрылышы жүріп жаткан жылдары Абылай бастаған қазақ қосындары Лама Доржы және т.б. бастаған жонғар нояңдарына, Хадаха мен Дардана бастаған қытай әскерлерінің басқыншылық әрекеттеріне қарсы ұрыстар жүргізіп жатты. Бірақ олардың бірде-біріне орыс әскерлері араласып, казактар жағына болыспаған.

Бірақ Абылай хан орыстармен тату тұрып, сауда жасап тұрудың маңызды екенін түсінген және олармен жақсы қарым-катаынаста болған. «Әулие Петр» қорғанының құрылышы әлі толық аяқталмаған 1759 жылы-ақ ол патшаға былай деп хат жазған: «Прошу же я и народ мой, чтоб дозволить в крепости Святого Петра киргизцам выменивать муку и крупу» (Ю.Геймстер., статистическое обозрение Сибири. Ч.2. СпБ., 1854., с.323).

Сөйтіп, Абылай ханның бастасымен «әулие Петр» қорғанының маңында сауда-саттық аланы пайда болады. Оған орыс қалаларынан ғана емес, Хиуа, Бұхара, Ташкенттен де саудагерлер келіп тұрған. Жердің жақсы, құнарлы, тұрмысқа қолайлы екенін байқаған олар осы жерде тұрактап, коныстар сала бастаған. Олар-

дың қасына қорғанның отставкаға шыққан көрі солдаттары мен драгундары да үйлер салып, тұра бастаған. Қазақ байлары да басқа мұсылман текстес халықтардың үлгісімен үйлер салып, қала тұрмысына көндіге бастайды. Ежелден қазақ байы бірнеше әйел алып, оларын бөлек-бөлек қоймайтын ба еді, сол әдіспен қалаға да бір қатынын қойып, оған үй салып беріп отырған қазақ байлары көп болған. Олардың басқа мұсылман халықтарымен некелесуінен туған ұрпақтары «шалаказақтар» аталған. Қызылжар қаласының өсіп-өркендеуіне көп еңбек сініріп, бейбіт тұрмысқа қажетті көптеген нысандарды осы «шалаказақтар» тұрғызған. Кейінгі орыс деректерінде «чалаказахский мечеть», «чалаказахская мельница», «чалаказахская бойня» және т.б. тіркестер сол кезден қалған.

Міне, осы аралас халықтардан («смешанное население») болашақ қала халқының негізі қаланған. Әрине, оның ішінде орыс халқы өкілдерінің де көп болғаны, олардың да қаланың өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі үлкендігі рас, бірақ жалғыз емес екенін білген жөн. Қаланың пайда болу тарихы осындай. Ал қорғанда тек әскерилер тұрған, ал әскерилер тұрған қалашықтар үлкен шаһарға айналған емес.

Қаланы бүкіл қазақ даласы, мұсылман жұртшылығы ежелден жер атауымен «Қызылжар» деп атаған және бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Оны қағазға түскен атау емес десек, онда қазақы атаулардың бәрін де мойындармайық. Өйткені, олардың көбі қағазға түскен емес. Мәселен, қазақ Семей қаласын ежелден осылай десе, басқыншы өкіметтің қағаздарында ол ежелден «Семипалатинск» болып келген.

Рас, патша шенеуніктері Қызылжарды қорғанның атауымен «әулие Петр» деп, кейін «Петропавл» деп атаған және оны қорғанның өсуінен шықты деген қате түсінік қалыптастырыған. Ақиқатында қала қорғаннан емес, қорған маңындағы қоныстан туды. Ал оның пайда болуына Абылай хан ықпал еткенін жоғарыда айттық.

Абылай ханға арналып қорғанға қарсы, Есілдің жарына тұнғыш рет 1762 жылы ағаштан үй салынған. Оны біз кезінде дәлелдеген болатынбыз. Ол туралы «Абылайдың ақ үйі» атты кітап та шығардық. Қазір ол үй қалпына келтіріліп, Қызылжардың әсем орындарының бірі ретінде асқақтап тұр.

1762 жылдары Қызылжар тұрғындары әлі өте аз, ал үйлері

Есілдің бойында болған, кейін өзен тасып, су баса берген сон баспаналар Абылай үйінің маңына, дөңге салына бастаған.

Петр мен Павел христиан діні православие тармағы қатты құрметтейтін апостолдар. Ешқандай басқа дін иелерінің атында кала болған емес, тіпті көше аты да жок. Мәселен, Мұса, Айса, Мұхаммед пайғамбарлардың атымен қала аталмайды. Олардың есімдері діни ғибадатханаларға ғана берілуі мүмкін. Пенделердің өздері үшін тұрғызыған қалаларына әулиелерді араластырудың өзі күнә. Өйткені, әулие адамдардың есімін пендешилік былық-шылыққа араластырмау керек. Мәселен, мұсылман дінін тұтынушылар Петр мен Павелді мойындамайды және оны қандай да бір талас үшін жерден алып-жерге салып, тілдеуі де мүмкін. Эрине, мұндай әулиеге керек емес, олар пендешиліктен жоғары тұратын таза адамдар. Осыны кейбір дін иелерінің білмей, әулиенің атын таласты жерге тықпалайтыны өкінішті.

Кеңес одағы жылдарында Қызылжарға елдің еуропалық бөлігіндегі республикалардан түрлі себептермен қоныс аударушылардың көп келуінен қазақ халқының үлесі бірте-бірте төмендей берді. 1989 жылғы санақта бұл үлес 8 пайызға дейін түсіп кетті. Соның кесірінен қазаққа жергілікті емес, жат халық ретінде қарайтын әдет те туғаны жасырын емес. Қазақша ән, күй айтылған жерде ауып келген жаңа қоныстанушылар одырая қарап, ұнатпайтын күй танытып жататын.

Ал деректерге жүгінетін болсак, қазақ және басқа да мұсылман халқы ежелден бұл қаланың негізгі тұрғындары болған. Алғаш рет Қызылжар туралы дерек қалдырған Орынбор экспедициясының бастығы академик А.Фальк 1785 жылы шыққан еңбегінде: «Мұнда тұратын аз ғана казактар мен мүгедектерден басқа халықтардың бәрі азиялықтар. Үй саны 172, адам саны 914. Осында көпес Мұратовтың салдырған ауруханасы да бар», деген. (М.Морозов., «Петропавловск в дореволюционных источниках»., Л-д., 1991 г.).

«Вскоре крепость св. Петра сделалась главным пунктом меновой торговли с Хивой, Бухарой, Ташкентом и мало помалу на луговой части берега реки Ишим осело смешанное население из переселившихся бухарцев, ташкентцев и наехавших из внутренних губерний татар, преимущественно из городов Казани, Касимова и среди которых русские составляли только военный отряд (карайткан біз Ж.С.)», деп жазған XIX ғасырдың 20–30-

жылдары корғанның бастығы болған В.Черемисинов. (Л.Кузнецов., «Краткий исторический очерк Петропавловска Акмолинской области»).

Көздеріне тек жаулар елестейтін қорғандағы әскерилер кент халқының мұсылман тектес халықтары көбейіп бара жатқанынан қатты құдіктенген. Сондықтан қаланың бейбіт халқының арасында орыстектестерді көбейтуді өтініп, орталық өкіметтің түрлі айла-шарғылар жасауын өтініп отырған. Сол себепті ортағасырлық адам саудалау сияқты тағылық әрекеттерге дейін барған. **«С 1808 года лицам свободного состояния разрешено было покупать на Сибирской линии киргизских детей с тем, чтобы по достижений 25 летнего возраста отпускались на волю, за что владельцам с 1822 года выдавалось казной вознаграждение, своего рода выкуп».** Бұлар өсken соң казактардың санын толтырған. Осы тәртіп 1825 жылы ғана тоқтатылған. Онда да толық тыйылмай: **«...воспрещено покупать киргиз, калмыков и других азиатцев, но для пополнения недостатка женщин в Западной Сибири разрешено выменивать у сопредельных с нею кочевников детей женского пола»** деп өзгертілген. (Справочник по г. Петропавловску Акмолинской губернии», 1925 г.).

Сондай-ақ ішкі Ресейден шаруалардың көшіп келуіне де жағдай туғызылған. Әсіресе, 1861 жылы шаруалардың басыбайлылық құқы өзгертілген соң біздін жерімізге көшіп келушілерге өкімет тарапынан көтерме ақша төленіп отырғаны да белгілі.

Патша офицері әрі саяхатшы П.Семеновтың 1873 жылы Омбы қаласында шыққан «Географический статистический словарь» атты еңбегіне жүгінер болсак. Қызылжар қаласында 1865 жылы барлығы 7845 тұрғын болған, сонын 3269 мұсылман, 4421 орыс, 109 еврей, 45 католик дініндегі адамдар болған. Демек бұл уақытта мұсылмандар қала тұрғындарының 42 пайызын құраған. Ал орыс тұрғындардың дені әскерилер екенін ескерсек, бейбіт тұрғындардың негізгі бөлігі мұсылмандар екені көрініп тұр.

Қызылжардың тұрғындары туралы шынайы әрі қызықты деректер қалдырған адам қалалық дәрігер Цезарь Белиловский. (**Ұлты еврей, кейін православие дініне өтіп, есімін Кесарьға өзгерткен**).

1886 жылы дейді ол: **«...население г.Петропавловска состоит из четырех народностей: татар, киргизов вместе — 6517, русских — 7258 и еврей — 275».** Бұған қарағанда мұсылман халқының

үлесі 46 пайызға жеткен. XX ғасырдың басында, нақтырақ айтсак 1903 жылғы жолжазбасында М.Леонов деген ғалым: Петропавловск, небольшой городок, имеет около 3000 домов. Население его составляет татары, башкиры, бухарцы, киргизы и др. азиятско-магометанское племена» деп жазған. (По Сибири. От Москвы до Серетинска). Бұл саяхатшы орыс тұрғындардың бар екендігін тіпті ауызға да алмаған, өйткені қаланың негізгі бейбіт халқы олар емес екені көзге ұрып тұрса керек. Ал А.Носилов деген географ, саяхатшы қаланы қалай көргені туралы тіпті анық айткан: «Пестрый халат киргиза смешался с халатом татарина, его поддевкой: высокие, белые, серые, черные меховые шапки смешались с тюбетейками, которые блестят золотом и серебром... и русский среди них кажется совершенно чужим, гостем, а не хозяином. Татаро-киргизский город дает себя знать всеми своими оригинальными чертами своих жителей, странным для нас говором толпы».

Міне, осы деректердің өзі-ак Қызылжардың ежелден қазақ және өзге де мұсылман текстес халықтардың қаласы екендігіне дау тудыра қоймас. Осыларды тәптіштей көрсетіп отырған себебіміз: «біздің салған қаламыз, керек болса өздеріңе қала тұрғызып алып, оны өздеріңше атай беріңдер дейтін» сауатсыздау болса да саны көп топқа түсіндірудің амалы еді. Осы деректердің бәрі біздің «Абылайдың ақ үйі» атты еңбегімізде толық көрсетілген. Жақын болашақта ол орыс тіліне аударылмақшы, соны оқығандар «біз, біз» деп өзеурейтіндігін азайтар деген үміттеміз.

Жоғарыда, 1989 жылғы санақта Қызылжар қаласы тұрғындарының сегіз пайызы ғана қазақ болғанын айтқан едік. Біздің аталмыш еңбегімізде осынша құлдыраудың себебі толық ашылған. Оған қазақтардың 30-шы жылдардың басындағы аштықтан қырылуы, Ресей мен Украинадан сол жылдары 172 мың «сенімсіз элементтердің», яғни бай-кулак отбасыларының, 1941–45 жылдардағы соғыс кезінде эвакуациямен, 1954 жылғы тың көтеру желеуімен көптең көшіп келулердің өсері мол болғаны деректермен көрсетілген.

Түйіндей айтатын болсак, Петропавл қаласының атауы түбінде бәрібір өзгеретіні даусыз. Оған негізінен үш басты себеп бар. Ең бастысы, саналарын рухани жағынан тазартып, деколонизациялауға ұмтылған өскелен үрпақ колониалдық кезеңнің жаралымен аталған қала атауын өзгертпей қоймайды; Екіншіден, жыл

санап өсіп келе жатқан мұсылман діні өкілдері өз қалаларының православие әулиелерімен аталатынына наразылығын білдіре беретін болады; **Ұшіншіден**, қазақ тұрғындарының үлесі өскен сайын өздерінің төл атауын алуға тырысуышылық та өрши беретін болады. Егер, 1989 жылғы санақта қазақ тұрғындары 8 пайыз ғана болса, қазір ол 24 пайызға, яғни үш есе артты және бұл, иншалла, тұракты өсуге бет алған үрдіс. Сондыктан оған таласа берудің өзі перспективасы жоқ мәселе екенін мойындаған жөн.

Ең абзалы... 2011 жылы Ұлы ханымыз Абылайдың 300 жылдығы болады. Соған орай осы қаланың атын Абылайхан деп өзгерту керек. Қаланың түсүі мен өсуінде оның үлесі бар екендігін жоғарыда айттық қой, үйі де осы қалада ғана асқактап тұр, ендеше **Абылайхан қаласы** аталмайтын несі бар?.. Және бұл, біздіңше барлық жақты қанағаттандыратын компромистік шешім болар еді.

СУДЬБЫ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ДРЕВНЕЙ ИСТОРИИ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Выделение и изучение энеолитической эпохи Северного Казахстана является результатом полевых и кабинетных исследований таких археологов, как А.А. Формозов, Л.А. Чалая, В.Ф. Зайберт, С.С. Калиева, В.Н. Логвин и ряда работавших с ними специалистов. В данной статье мы хотим осветить вклад каждого из них в этот процесс. Оговоримся, что под Северным Казахстаном мы понимаем регион, включающий в себя современные Костанайскую, Северо-Казахстанскую, Акмолинскую и Павлодарскую области.

Ключевым моментом для начала профессионального изучения энеолитических материалов Северного Казахстана стало обнаружение в 1945 г. А.Н. Формозовым, А. Чельцовым и К. Ходашевой – членами зоологической экспедиции Московского государственного университета (МГУ), возглавляемой профессором А.Н. Формозовым, у поселка Наурзум и в районе реликтового бора Терсек-Карагай каменных изделий и фрагментов древней керамики. Все собранные материалы зоологи передали в Государственный исторический музей (ГИМ), где они заинтересовали ученых-археологов [1]. Ряд особенностей коллекций, собранных зоологами, позволил ученым сделать предположение о возможности выявить истоки андроновской культуры в казахстанских степях. На состоявшемся в этом же году Всесоюзном археологическом совещании учеными отмечалось, что «менее всего изучены древности бронзового века Казахстана. Поэтому туда и должны быть направлены значительные усилия советских археологов» [цит. по: 1, с. 52].

Так возникли планы изучения древностей Наурзумского заповедника археологическими экспедициями ГИМ. И связаны они были с централизованным направлением усилий советской археологии на исследование практически неизученных древностей бронзового века Казахстана. Специальной же задачи выявления и изучения энеолитической культуры в то время не ставилось.

В течение 1946–1951 гг. в составе археологической экспедиции ГИМ энеолитические материалы Костанайской области

(подъемные комплексы со стоянок и из музейных коллекций) были исследованы А.А. Формозовым. В 1946 г. А.А. Формозовым была осуществлена первая, предварительная, публикация материалов из подъемных сборов у поселка Наурзум и в районе бора Терсек-Карагай [1]. В 1949 г., во время разведок в районе г. Орска, А.А. Формозовым были обследованы стоянки Б и Г у станицы Таналыкской на р. Суундуке, а также были проанализированы материалы стоянки Джайлган. Все стоянки А.А. Формозовым были отнесены к ранней бронзе [2]. В 1950 г. А.А. Формозов опубликовал и классифицировал материалы ряда известных к тому времени стоянок на территории Костанайской области, которые относились к эпохе до начала существования андроновской культуры: Аксуат, Светлый Джаркуль, Затобольская, Садчиковка, Каратамар, Терсек-Карагай, Коль [3].

Все опубликованные стоянки, содержавшие смешанные материалы, А.А. Формозов отнес к эпохе энеолита и разделил на две группы по характеру инвентаря и ландшафтной локализации: озерные стоянки с микролитическим и лесные стоянки с отщеповым инвентарем. Но на основе аналогий в ряде орудий труда и в керамике обоих групп стоянок (дрессияная рецептура формовочных масс, гребенчатая, гусеничная, ямочная и веревочная техники орнаментации керамики, бифасальные наконечники стрел на отщепах, концевые скребки и вкладыши) А.А. Формозов объединил их в одну культуру [3, с. 74]. К первой группе А.А. Формозов отнес разнородные, но в целом имеющие микролитический пластинчатый облик, материалы озерных стоянок Аксуат, Светлый Джаркуль, Затобольская, Садчиковка, стоянок у оз. Убаган, признанные им близкими к материалам стоянок Актюбинской и Кзыл-Ординской областей по аналогии в орудиях на пластинах: ножах с краевой ретушью, наконечниках стрел с выемкой в основании, скребках и резцах [3, с. 68].

В особую «терсекскую» группу А.А. Формозов отнес материалы лесных стоянок Терсек-Карагай и Коль. Он определил главные особенности материалов этих стоянок: отсутствие нарезных орнаментов и решительное преобладание орудий на отщепах (в числе которых были круглые и подтреугольные скребки), остроконечников, рубящих орудий (пик). Датировка «терсекского» комплекса была установлена исследователем концом 3 – началом 2 тыс. до н.э. на основании типа стрел, орнамента,

близкого к андроновскому, по находкам костей домашних животных и металла [3, с. 72].

В 1951 г. выделенной им культуре он присваивает названия «южноприуральская» и «южноуральская», ее территория исследователем расширена за счет включения в нее материалов стоянок Юго-Западного и Юго-Восточного Приуралья (Б и Г у станицы Таналыкской, Джайлган, Кысы-Куль) [2, с. 117; 4, с. 5, 10, 11, 13]. На этом изучение энеолита Северного Казахстана А.А. Формозовым было завершено.

Таким образом, А.А. Формозов был первым ученым, использовавшим термин «энеолит» для обозначения определенного периода в древнейшей истории Северного Казахстана [3]. Однако в качестве энеолитических на территории Казахстана и Средней Азии А.А. Формозов позиционировал три культуры разных эпох: неолитическую кельтеминарскую, энеолитическую афансасьевскую и выделенную им самим синкретичную южноуральскую культуру [4, с. 10, 11, 13].

Часть из сделанных им выводов не нашла своего подтверждения. А.А. Формозов искусственно и неудачно выделил в синкретичном облике южноуральскую культуру, объединив в ней не только разнокультурные энеолитические материалы (терсекские и кысыкульские), но и неолитические. Но собственно энеолитические памятники он все же выделил в отдельную группу, верно выявив отличие их каменной индустрии от каменных орудий другой группы памятников, на поверхку оказавшихся неолитическими.

А.А. Формозовым были верно, на наш взгляд, выявлены культурные связи материалов стоянок Кустанайской области с отщеповой индустрией с восточноевропейским лесным неолитом [3, с. 73]. Близкие аналогии были прослежены и в материалах стоянки Кысы-Куль на территории Челябинской области. Тем самым он первым поставил вопрос о культурной общности энеолитических материалов Северного Казахстана и Южного Западного Приуралья. Важным в работе А.А. Формозова является акцентирование внимания на том, что в древности на Южном Урале и в Кустанайской области господствовал лесостепной ландшафт в сочетании с реликтовыми сосновыми борами [3, с. 73-74].

В конце 1960-х – начале 1970-х гг. (примерно в 1969–1973 гг.) в Северном Казахстане осуществлялось исследование Л.А. Чалой неолита региона. Исследовательница работала в сос-

таве Северо-Казахстанского отряда Хакасской археологической экспедиции МГУ и обследовала территории современных Костанайской, Северо-Казахстанской и Павлодарской областей. Помимо прочих, ею были исследованы стоянки Пеньки 1, 2 и Иман-Бурлук 1, 2, содержащие энеолитические слои и материалы [5; 6].

На памятнике Пеньки смешанные комплексы стоянок 1 и 2 исследовательница смогла разделить только планиграфически, но не типологически [5]. Энеолитическую керамику стоянки Пеньки 1 с гребенчатыми расчесами на внутренней стороне, залегавшую совместно с микролитическим каменным инвентарем, Л.А. Чалая, на уровне представлений того времени, отнесла к неолиту [5, с. 171–172]. Керамику стоянки Пеньки 2, украшенную мелкозубчатой, среднезубчатой и крупнозубчатой гребенкой с квадратным и длинным зубом, оставившей печатные оттиски, Л.А. Чалая отнесла к энеолитическому времени как по примесям, так и по стилю орнаментации, в котором появляются геометрические узоры [5, с. 177, 178, 180].

Памятник Иман-Бурлук был определен ею как поздненеолитическая стоянка с двумя горизонтами-стоянками — нижним (Иман-Бурлук 1) и верхним (Иман-Бурлук 2), по материалу резко отличающимися друг от друга [6, с. 189]. Стоянка Иман-Бурлук 2 действительно содержала типично энеолитические материалы. При этом, Л.А. Чалая отметила тождественность материалов стоянки Иман-Бурлук 2 комплексам стоянки Терсек-Карагай в Кустанайском Притоболье и поселений суртандинского типа в Зауралье (Кысы-Куль, Сабакты III и др.) [6, с. 201].

Таким образом, Л.А. Чалой были исследованы первые энеолитические комплексы на территории Северо-Казахстанской и Павлодарской области, показано их распространение на всей территории Северного Казахстана. Стадиально отчленив комплекс стоянки Пеньки 2 от микролитического инвентаря стоянки Пеньки 1 и проследив резкие различия в инвентаре стоянок Иман-Бурлук 1 и Иман-Бурлук 2 по используемому каменному сырью, типологическому составу каменных орудий, орнаментации сосудов, Л.А. Чалая, тем самым, впервые вычленила энеолитические материалы Северного Казахстана в особый, хронологически и культурно самостоятельный, археологический комплекс. Этим она показала, что энеолитические материалы Северного Казахстана не входят в одну культуру с микро-

литическими пластинчатыми комплексами, как на этом настаивал А.А. Формозов, и даже не синхронны им, а сменяют их. Л.А. Чалая сделала еще один важный в деле изучения энеолитической культуры региона вывод, вывив отсутствие генетической преемственности материалов стоянки Иман-Бурлук 2 от комплекса стоянки Иман-Бурлук 1.

Со второй половины 1970-х гг. изучением энеолита Северного Казахстана начинают заниматься казахстанские археологи В.Н. Логвин и С.С. Калиева, а с 1980 г. – В.Ф. Зайберт, пришедшие в энеолитоведение из мезолито- и неолитоведения. Связано это было с открытием новых и очень ярких энеолитических памятников, таких как Ботай, Кожай 1 и др.

Так, в течение 1975–1980 гг. в ходе разведок отрядами экспедиций Костанайского областного краеведческого музея, Кустанайского пединститута были обнаружены стоянки Каинды 1-4 (В.Н. Логвин), ряд пунктов на озерах Малый и Большой Аксуат в Наурзумском заповеднике (В.В. Евдокимов), Аралтогай VII (В.А. Могильников). Постепенно, основным исследователем энеолита на территории Тургайского прогиба становится В.Н. Логвин, специалист по голоценовой эпохе этой местности. Затем коллегой по изучению энеолита становится его супруга С.С. Калиева.

В 1975 г. В.Н. Логвиным была исследована небольшим раскопом стоянка Каинды 3, в 1978 г. – стоянка Соленое Озеро 1, в 1979–80 гг. – частично раскопаны стоянки Дузбай 2 и 3. В 1980 г. на левом берегу Тобола, в урочище Аксу, С.С. Калиевой исследован клад каменных орудий (клад Аксу). В 1982 г. В.Н. Логвиным подъемными сборами исследовано местонахождение у с. Ливановка. В течение 1983–1985 гг. кустанайскими учеными было раскопано поселение Кожай 1. Одновременно исследовалось поселение Кумкешу 1. Был открыт еще целый ряд менее значительных памятников.

В 1981 г. В.Н. Логвин охарактеризовал энеолитическую эпоху Костанайской области на основе непредставительных и смешанных материалов стоянок Каинды 1–4 [7]. В 1986 г. в своей кандидатской диссертации, посвященной финалу каменного века этой же области, учений, опираясь на свои исследования и ссылаясь на работы А.А. Формозова, выделил здесь самостоятельную археологическую культуру – терсекскую, но без использования материалов поселений Кожай 1 и Кумкешу 1 [8].

С.С. Калиева в 1990 г. в кандидатской диссертации «Энеолит Тургайского прогиба» [9] дала развернутую характеристику энеолитической эпохи Костанайской области исходя из материалов самых представительных поселений: Кожай 1 и Кумкешу 1, которые в деле изучения терсекской культуры стали опорными. Тщательную характеристику получили каменная индустрия и керамическое производство обоих поселений.

С привлечением специалистов были изучены рецептура формовочных масс керамики, способы ее лепки, остеологический материал терсекской культуры, палеоклиматическая ситуация на поселении Кожай 1. Итоги исследований энеолита Костанайской области были обобщены В.Н. Логвиным и С.С. Калиевой в совместной монографии, вышедшей в свет в 1997 г. [10]. Основной акцент в исследовании энеолитической культуры кустанайскими учеными был сделан на изучение хозяйственной стороны жизни терсекцев. С.С. Калиева и В.Н. Логвин основное внимание уделяли, преимущественно, скотоводству. Ими разработана типология жилищ и поселений культуры. Причем, вопросы домостроения кустанайскими учеными решались в тесной связи с изучением экономики энеолитического населения, в отношении которой ими в сотрудничестве с Л.Л. Гайдученко была разработана концепция кочевого скотоводства у населения терсекской культуры. В.Н. Логвиным также была разработана трехступенчатая периодизация энеолита и сформулирована точка зрения о сильном внешнем воздействии на происхождение терсекской культуры.

В 1998 г. оба исследователя выехали в Россию и ныне работают на историческом факультете Сургутского государственного университета.

Деятельность В.Ф. Зайберта по изучению энеолита Северного Казахстана началась в 1980 году с открытием поселения Ботай. В 1983 году энеолитический комплекс был выделен на гетерохронном поселении Рошинское. Затем были открыты поселения Васильковка IV, Баландино, Сергеевка, Красный Яр. Все памятники подверглись многолетним исследованиям раскопами. Уже в 1983 г. В.Ф. Зайбертом был поставлен вопрос о выделении ботайской энеолитической культуры [11]. Из сотрудников Северо-Казахстанской археологической экспедиции В.Ф. Зайбертом была создана команда по комплексному и системному изучению полученных материалов. За ними были закреплены темы кандидатских диссертаций.

